11 **Мажитова, Л. Х.** Педагогические основы формирования профессиональных интересов учащейся молодежи: дисс... док. пед. наук. – 13.00.01. – Алматы, 1995. – 416 с.

References

1 **Nakhova, N. A.** Printsip regional'nosti kak osnova osushchestvleniya svyazi prepodavaniya khimii s zhizn'yu [The principle of regionality as the basis for the implementation of the connection between teaching chemistry and life] (on the example of the optional course «Chemistry of Minerals»): dis. Cand. ped. sciences. – Yakutsk, 2001. – 130 p.

2 **Reprintseva, Yu. S.** Osobennosti oriyentatsii starshikh podrostkov na sodержaniye regional'nogo komponenta obrazovaniya kak na tsennost' [Features of the orientation of older adolescents to the content of the regional component of education as a value] // Young Scientist. – 2011. – No. 2. – T.2. – S. 109–113.

3 **Skorkina, O. V.** Ispol'zovaniye elementov regional'nogo komponenta na urokakh biologii [Using elements of the regional component on biology lessons] // Teaching biology. – Publishing house «Pervoyesyabrya». – 2013. – No. 1. – S. 16–17.

4 **Blinnikov, V. I.** Nekotorye podhody k programme «Regional'naya ekologiya. [Some approaches to the program «Regional Bioecology.»] [Text] – Materials of the regional scientific and practical conference «Local history and tourism: problems, searches, prospects». – Eagle, 2000. – S. 26–29.

5 **Bakhmutsky, A. E.** Pedagogika. [Pedagogy] [textbook] // St. Petersburg: Peter press, 2017. – 303 p.

6 **Basharkina, E. A.** Obs'haya pedagogika [General pedagogy: a course of lectures: in 2 hours] [Text]. – Mogilev : Moscow State University, 2013–2014.

7 **Gromkov, M. T.** Pedagogika vysshei shkoly [Pedagogy of higher education] [textbook]. – M. : UNITI, 2013. – 447 p.

8 **Zhukov, G. N.** Obs'hayai professional'naya pedagogika [General and professional pedagogy] [Textbook]. – M. : Alfa-M, Research Center INFRA-M, 2013. – 448 p.

9 **Kaiym, K.** Janartanu pәnине оқушылardıñ танымдық қызығуын қалыптастыру әдістемесі [Cognitive interest of students in the subject of zoology method of formation]: author's ref. ... Ped. science. candid.: 13.00.02. – Almaty, 1997. – 130 p.

10 **Azanbekova, A.** Regional'nyy komponent v obrazovatel'nom protsesse [Regional component in the educational process] [Text]. – // Profile school and vocational education. – 2012. – No. 1.17

11 **Mazhitova, L. Kh.** Pedagogicheskiye osnovy formirovaniya professional'nykh interesov interesov uchashcheysya molodezhi [Pedagogical foundations of the formation of professional interests of the interests of student youth]: dissertation ... doc. Ped. Sciences. – 13.00.01. – Almaty, 1995. – 416p.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*К. Б. Ажмолдаева¹, С. Ж. Ибадуллаева², Д. Б. Чилдибаев³

^{1,2}Кызылординский университет имени КоркытАта,

Республика Казахстан, г. Кызылорда;

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

РОЛЬ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА В СОВРЕМЕННОМ БИОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматривается роль регионального компонента в решении современных проблем образования. Анализируется влияние регионализации биологического образования в школе на формирование личности учащегося. Одним из способов активизации познавательной активности учащихся является внедрение региональной информации о растительном и животном мире в учебный процесс. Изучение животного мира родного края – одна из важнейших задач не только для стимулирования познавательной активности, но и для изучения других предметов, а также для углубленного изучения в повседневной жизни.

Студенты могут сформировать систему взглядов и отношения к событиям и явлениям в мире вокруг них, основываясь на реальных и близких примерах. Изучение родной природы, растительного и животного мира, проявление природы в материальном мире, привлекающее все чувства ребенка, формирование любви к природе своего края.

Социальная активность студентов развивается с помощью материалов регионального содержания. Изучая природу региона, студенты могут высказать свое мнение об окружающей среде, хозяйственной деятельности человека, а также определить потребительское отношение к его ресурсам. Умело используя элементы региональной составляющей, можно эффективно решать три задачи

образовательного процесса: обучение, воспитание и развитие, придание индивидуального смысла обучению.

Ключевые слова: зонирование образования, региональный компонент, творческая деятельность, знания, умения.

*К. Б. Azhmoldaeva¹, S. Zh. Ibadullaeva², Zh. B. Childibaev³

^{1,2}Korkyt Ata University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda;

³Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 09.09.21.

ROLE OF A REGIONAL COMPONENT IN MODERN BIOLOGICAL EDUCATION

The article examines the role of the regional component in solving modern problems of education. The influence of the regionalization of biological education at school on the formation of the student's personality is analyzed. One of the ways to enhance the cognitive activity of students is the introduction of regional information about the flora and fauna in the educational process. Studying the animal world of the native land is one of the most important tasks not only to stimulate cognitive activity, but also to study other subjects, as well as for in-depth study in everyday life.

Students can form a system of views and attitudes towards events and phenomena in the world around them, based on real and close examples. Study of native nature, flora and fauna, the manifestation of nature in the material world, attracting all the feelings of a child, the formation of love for the nature of their region.

The social activity of students is developed with the help of materials of regional content. Studying the nature of the region, students can express their opinion about the environment, human economic activity, and also determine the consumer attitude towards its resources. Skillfully using the elements of the regional component, it is possible to effectively solve three tasks of the educational process: training, upbringing and development, giving individual meaning to training.

Keywords: zoning of education, regional component, creative activity, knowledge, skills.

FTAMP 18.01.29

<https://doi.org/10.48081/NOZB4588>

**К. М. Бекболатова¹, Ф. М. Әлжанов²,
Ж. О. Небесаева³, А. М. Ермаханбетова⁴**

^{1,4}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.

³«Сырдария» университеті,
Қазақстан Республикасы, Жетісай қ.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕГІ СӘН ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЭКОДИЗАЙН БАҒЫТЫНЫҢ РӨЛІ

Мақалада болашақ мамандарға көркем білім берудегі сән индустриясындағы экодизайнның рөлі мәселесі қарастырылады. Бұл мәселенің теориялық негіздерін ашып көрсету мақсатында дизайн, экодизайн, сән ұғымдарына қысқаша сипаттама беріліп, экодизайн бағытының бірнеше айрықша ерекшеліктері анықталады. Экодизайн (экологиялық дизайн) жобалаудың бағыты мен парадигмасын білдіреді, оның негізгі мақсаты қоғам мен қоршаған орта қатынастарын үйлестіру, оның сақталуын қамтамасыз ету және дизайн объектісі өмірінің барлық кезеңдерінде зиянды әсерлерді барынша азайту болып табылады. Көркем білім берудегі экодизайн - бұл сән индустриясының көркемдік білім берудің жобалық мәселелерін шешумен, сондай-ақ тұрақты даму мәселелерін шешумен және осы саладағы болашақ мамандардың жобалық мәдениетін мақсатты түрде өзгерту қажеттілігімен байланысты ерекше сала. Басқаша айтқанда, экологиялық дизайн экологиялық мәселелердің шиеленісуіне ықпал ететін және экологиялық, тұрақты, жасыл дизайн тұжырымдамалары түрінде дамиды заманауи дизайн бағыты болып табылады. Эко-киім экологиялық таза үрдістерді қолданып жасалынған киімдер, табиғи материалдардан жасалған киім сән үрдісі ғана емес, сондай-ақ денсаулықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда ғалымдар қолжетімді және экологиялық таза киім маталарын өндірудің жаңа тәсілдерін

ізвестіруде, оны болашақ мамандарға көркем білім беру үрдісінде қолдану қажет.

Кілтті сөздер: экодизайн, дизайн, дизайнер, сән, сән индустриясы, технология, көркем білім беру.

Кіріспе

Жаһандану жағдайында дамыған өндірістік күштерді қолдану нәтижесінде және адамзаттың табиғатқа қатынасы, биосферадағы ішкі тұрақтылық, тепе-теңдік сақталмауы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келуде. Бұл болашақ мамандарға көркем білім беруде оларды экологиялық мәдениеттің субъектісі және тасымалдаушысы ретінде экологиялық білімді адекватты қабылдауына, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асыруына, табиғаттағы орнын табысты саналы түсінуіне мүмкіндік туғызады.

Осы орайда болашақ мамандарға көркем білім беруде экодизайнның сән индустриясындағы мақсаты жобалау кезінде түрлі заманауи техника мен технологияларды қолдана отырып, ерекше әрі қайталанбас дүние жасап шығару болып табылады. Өйткені, жоба – заманауи постиндустриалды қоғамның мақсатты бағыты ретінде дамуда, ал дизайн – жобалау мәдениетінің дәуірі ретінде заманауи өркениетті анықтауға мүмкіндік беретін адам үшін қоршаған ортаны қалыптастыру әдісі деп саналады.

Жалпы алғанда, сән индустриясында экодизайн адам ағзасына зиян келтірмейтін, керісінше адамзат бойына жылулық пен жайлылық сезімін беретіні анық. Өйткені, бүгінгі таңда қоғам синтетикалық, денеге жайсыз маталардан тігілген киім бұйымдарынан кері әсер алып жатқандықтан, көпшілік қауым табиғи материалдардан жасалған әрі заман талабына сай киім үлгілерін таңдауда. Кез келген адамды өзінің субъективтік дүниетанымын көрсететін костюм формалары қызықтырады. Бұл утилитарлық мақсаттарға жауап беретін ғана емес, концептуальдық көркемдік мәні бар киімдердің қажеттілігін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, ХХІ ғасырда өнімді таңдаудағы ең маңызды өлшемдер (жаңа эмоциялар алу, функционалды қанағаттанудан гөрі өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылыс) бейнесіне, формасына, конструкциясына сәйкес тұжырымдамалық дизайнды талап етеді. Экодизайн дәстүрлі еуропалық және этникалық жағынан айырмашылығы бар нәрселерді жобалауға және барлық адамдарға киім-кешекте өзін табуға әрі өзінің бейнесін толықтыруға, сондай-ақ жеке даралануға мүмкіндік береді.

Сондықтан болашақ мамандарға көркем білім беруде қазіргі сән индустриясындағы экодизайн жаңа деңгейде, жаңаша үлгіде, дәстүр мен

салт-дәстүрге жақындастырылған ұлттық киімдерді көшіруді емес, «жана ғасырдың адамы» бейнесін қалыптастыруды көздейді.

Материалдар мен әдістер

Болашақ мамандарға көркем білім беруде сән индустриясындағы экодизайнның рөлі мәселесін қарастыруда сән, қолданбалы өнер және экология, сонымен бірге өнертану, философия, тарих, әлеуметтану, педагогика және психология ғылымдары салалары бойынша: экология мәселесінің теориялық және практикалық тұрғыдағы зерттеулері (Ә. С. Бейсенова, Ж. Б. Шілдебаев, Г. К. Ділімбетова, К. Ш. Бакирова, М. Н. Сарыбеков, В. И. Вернадский, Э. В. Гирусов, Н. Н. Моисеев, Н. Ф. Реймерс, А. Д. Урсул); киім дизайнының әдіснамасы (Н. А. Коробцева), костюм композициясы (Ф. М. Пармон), әртүрлі мақсаттағы киімдерді, соның ішінде жұмыс киімдерін жобалау және жобалау әдістемесі (И. Н. Савельева) еңбектері; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері (Б. Алмұхамбетов, С. А. Жолдасбекова, Е. Асылханов, Қ. Болатбаев); сәндік-қолданбалы өнердің жасалу техникасы мен технологиялары арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту (М. Мырзақанов); сәндік-қолданбалы өнер түрлерін студенттерді көркем еңбекке баулудың дидактикалық бағыттары (М. Ж. Қозыбақов) арналған зерттеулер талдаулары: сәндік-қолданбалы өнер түрлері, технологиялық мүмкіндіктері (бұйымды жасау үшін қолданылатын материалына қарай, бұйымдарды қолдануына; дайындау әдісіне қарай; көркемдік әшекейленуіне қарай; мағынасына); дәстүрлі өнер және заманауи өнердегі экодизайн технологиялары зерделенеді; сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиясын меңгертудегі қазақ халқының нақты қағидалары (еңбек түрлеріне баланы жастан баулу, оларға сыйластық көзқарасты қалыптастыру, еңбек түрлерін біріндеп күрделендіріп отыру ұжыммен бірлесе отырып еңбек етуге баулу және т.б.), болашақ мамандарға көркем білім беру үдерісіндегі педагогикалық қағидалар (халықтық, табиғилық, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, бірізділік, жас және дара ерекшеліктерін ескеру, өмірмен байланыстылық және т.б.) басшылыққа алынады.

Нәтижелер және талқыланулар

Өткен ғасырдың 60-жылдары Батыс мәдениетінде парадигма ауысуы орын алып, постмодернизмге көшуге алып келді. Дәстүрлі көркемдік дизайн жүйесінің бұзылуы 70-ші жылдарға жақын итальяндық дизайнда анық байқалады. Бұл қазіргі қоғамның дүниетанымы мен рухани құндылықтары жүйесіндегі жаһандық өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Постмодернизм дәуірі қарқынды дамып, дизайн шығармашылығының бұрын-соңды болмаған шекараларын кеңейтті. Оны жаңа бағыттың, атап айтқанда, түс пен жарықтың күтпеген үйлесімдері; пропорциялардың

бұзылуы; бір нысандағы стильдерді араластыру; экзотикалық стильдерге жүгіну, яғни бұрын-соңды дизайнда қолданылмаған дүниелерді бір-бірімен байланыстыру арқылы жүзеге асырылатын айрықша ерекшеліктерінен көруге болады.

Болашақ мамандарға көркем білім беруде сән индустриясындағы экодизайнның рөлін зерттеу «дизайн», «экология», «экодизайн», «сән», «киім дизайны» секілді базалық ұғымдардың мазмұнын нақтылаумен тығыз байланысты.

Ғылыми әдебиеттерді зерделеу «дизайн» ұғымына көптеген анықтамалардың берілгенін көрсетеді. Дизайн (ағылш. design – жоба, жобалау, сызу, жоспар, сурет) – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жана үлгілерін ойлап табу. Дизайн өнері орындалу тәсіліне қолдану саласына байланысты көптеген түрлерге бөлінеді: өндірістік дизайн, қоршаған орта дизайны, графикалық дизайн, киім дизайны, интерьер дизайны, экстерьер дизайны, жиһаз дизайны, гүл дизайны, компьютерлік дизайн, т.б. [1].

Дизайн (ағылшын тілінен – design – жоба, сызу) – заттық ортаның пайда болуына себепкер қызметтің жоба түрі. Бұл қызметтің көркем-техникалық ерекшелігі қарастырылатын тұлғалардың эстетикалық тұтастығы. Дизайн заттың тек сыртқы пішімінің ғана емес, оның құрамының да өзара байланысын, қызметімен үйлесімдік тұтастығын ескереді. Бұл тәсіл көркемдік құрастыру, оның мақсаты зат қызметінің ынғайлылығын, тиімділігін, әсемдігін, қамтамасыз ету, әсемдеу, үйлестіру тәсілдерін (пропорция, модуль, ырғақ, метр, контраст, тектоника, нюанс, фактура, түсті бояу) қолдану [2].

Сонымен болашақ мамандарға көркем білім беруде «дизайн» ұғымы шығармашылық ізденістің екі, атап айтқанда, қызметтен тұлғаға және тұлғадан қызметке бағыттарын қамтиды, оны келесі ғалымдардың көзқарастары нақтылауға мүмкіндік береді.

В. В. Ермилова мен Д. Ю. Ермилова дизайнды «адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын үйлесімді заттық ортаны құру мақсатындағы шығармашылық жобалау қызметі», – деп түсіндіреді [3].

В. Ю. Медведевтың пікірінше, дизайн «құрылған объектілер мен қоршаған ортаның утилитарлық және эстетикалық жағынан адамның мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келуіне қол жеткізуіне

бағытталған өнеркәсіптік өнімдер, олардың кешенін және жүйелерін көркемдік-техникалық жобалаудың шығармашылық әдісі, процесі және нәтижесі», – деп анықталады [4].

Жоғарыдағы анықтамаларға сүйене отырып, дизайн ұғымының мазмұнын адамның қажеттіліктерін қалыптастыратын үйлесімді заттық ортаны құруға бағытталған шығармашылық жобалау әрекеті, жасалатын нысандар мен ортаның адамның тұтынуына, эстетикалық қажетсінуіне толық сәйкес келуіне бағдарланатын шығармашылық әдіс деп тұжырымдауға болады.

Осы орайда болашақ мамандарға көркем білім берудегі дизайнның мақсаты адамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру, заттық және ақпараттық өмір сүру ортасы мен адамның іс-әрекетін көркем-бейнелік модельдеу негізінде сапалы ұйымдастыру болып табылады. Сонымен бірге сән индустриясындағы экодизайн бүгінгі таңда өріс алып жатқан шығармашылық туындылардан ерекше, жастар арасында қызығушылық тудырып отырған мәселенің бірі.

Сән – стильдің жеке көрінісі, яғни «Mode» термині (лат. modus – өлшем, сурет, әдіс, ереже) киімге, тұрмыстық заттарға, адам өмірінің немесе мәдениеттің кез-келген басқа саласына қатысты белгілі бір талғамдардың тез кең таралуы мен қысқа мерзімді үстемдігін білдіреді [5].

С. М. Михайлованың пікірінше, сән – бұл мәдениеттің белгілі бір сыртқы көріністерінің қысқа бірлігі және жаппай таралуы, өнімдердің талғамы, мінез-құлқы, стилистикалық белгілері, оларды эстетикалық бағалаудың қабылданған критерийлері [6].

Хронологиялық тұрғыдан алғанда, «киімдегі сән» ұғымы дизайннан бұрын пайда болған және ол өнердегі басым стильдермен байланысты. Мәдениет тарихшыларының пікірінше сән XII–XIII ғасырларда қалыптасты, сол кезеңде костюмде элементтер пайда бола бастады [7].

И. А. Стар сәннің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде пайда болуы туралы былай деп жазады: «қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарға бөліну дәуірінде мәртебесіне қарай белгілі бір топқа жатуын білдіру қажеттілігінен туындады, бұл қажеттілік сыртқы түрімен анықталады» [8].

Демек сән қоғамдық өмірдің бір бөлшегі, әлеуметтік құбылыс ретінде уақытша келісімді-сәнді киіне білу, ол киімнің жаңа пішім үлгісін қалыптастыруға септігін тигізеді. Адамзат қоғамы дамыған сайын сән ағымы да үнемі жаңарып отырады. Әр дәуірге, тарихи кезеңдерге сай киімнің өзіндік ерекше формасы мен пішімі, сәнделулері мен киім матасы, түсі, суреті және костюмді үйлестіріп тұратын бұйымдар жиынтығы бәрі қосылып арнайы бір стиль құрайды. Ол уақытқа және қоғамдық жағдайларға сәйкес сұлулық

туралы белгілі бір ұғымды бейнелейтін сәнмен тығыз байланысты болады. Өте ерте кезден-ақ адам баласы өз ұрпағының бойына сұлулық сезімін егудің ең тиімді жолдарын табуды арман етті.

Сондықтан өнер жөніндегі тезистер эстетикалық тәрбиенің, көркем білімнің негізгі шарты ретінде ұсынылып отырылды. Ғасырлар бойы екшеленіп, өңделіп, дамып келе жатқан тәрбие мен білімнің бұл саласы адамзаттың жан дүниесінің жоғары сапалық деңгейге көтерілуіне жол ашты. Ежелде эстетикалық құбылыстарды сипаттау үшін «калокаготия» (грек тілінен аударғанда calos – сұлулық, agathos – нағыз адамгершілік дегенді білдіреді) деген ұғымды ойлап тапқан, ол дегеніміз сұлулық пен адамгершіліктің бірлігі [9].

Адам бойындағы әсемдік пен әдемілік қасиеттері адамзаттың мәдени тарихында жан-жақты қарастырылып келеді. Осы эстетикалық талғамның ішінде ең көп кездесетін ұғым – сұлулық, ол арқылы болмыстағы құбылыстарды сипаттауға болады. Адамның бірінші көзіне түсетін нәрсе сұлулықтың белгілері, яғни құбылыстың сыртқы ерекшеліктері, заттың пішіні, түс және түстердің өзара үйлесімділігі, дыбыс, адамның бет бейнесі, т.б. [10].

Сонымен жоғарыдағы тұжырымдар әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсініктерінің мәні зор екендігін көрсетеді. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз «мақсатсыз мақсат көздегіштік» деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді бет алды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіпкерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И. Кант: «Таза өнер мен кәсіпкерді ажыратып қарастырды да, біріншісін – еркін өнер, екіншісін – табыс үшін жасалатын өнер дейді». Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан көркем шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр [11].

Сондықтан заманауи ұлттық киім үлгілерінің дизайнын жаңа үлгіде дайындау, киімді қолөнер саласының бірі ретінде қарастыру, ұлттық мәдени болмысымызды айқындайтын киім үлгілерін айқындау болашақ мамандарға көркем білім беру мақсаттының біріне саналады.

Киім дизайны эстетикалық және киімнің сыртқы түрінің утилитарлық (функционалды) сипаттамасының жиынтығын құрайтын зияткерлік қызметтің нәтижесі. Оның эстетикалық белгілері адамның сұлулыққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етеді. Мысалы геометриялық көрініс, дизайн, масса, силуэт, өнім элементінің пропорционалдылығы мен бағыныштылығы пішімінің, ал материалдың түсі, сызықтары, құрылымы сәндік дизайнның ерекшеліктерін көрсетеді. Нысанның (киім) утилитарлық


және эстетикалық жақтары бір-бірімен тығыз байланысты, зат түрінде тұтас көрініс табады.

Бүгінгі таңда «экологиялық дизайн» ғылыми категория ретінде және күнделікті жобалау тәжірибесінде де кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналуға. Ғылыми әдебиет көздерінде, ғалымдар зерттеулерінде «экодизайн» ұғымына біршама анықтамалар берілген.

Философтар экологиялық дизайн терминін «дизайндағы үйлесімділікті бейнелеуге ғана емес, сондай-ақ адамның айналасындағы әлеммен қарым-қатынасының үйлесімді сәйкестігіне бағытталған жобалауды білдіреді», – деп түсіндіреді [12].

Экодизайн өнімнің қолданылу кезеңінде қоршаған ортаға деген зиянына баса назар аударуға мүмкіндік беретін дизайн саласындағы ағым. Ол өнімнің жасалу, қолдану және утилизациялау кезеңіндегі жай-күйін, атап айтқанда, әдемілік, ыңғайлылық, табиғи ресурстардың шығындалуы, өнімнің денсаулыққа зиянын тигізбеуі, материалдарды неғұрлым аз шығынмен қайта қолдану секілді өзіндік ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік береді.

Демек, экологиялық дизайнды табиғи экожүйелерге біріктіру арқылы экологияға зиянды әсерді азайтатын дизайнның кез-келген түрі деуге болады. Бұл экодизайнның мынадай түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді (1-сурет).



Сурет 1 – Экодизайнның түрлері

Сондықтан экологиялық дизайн (экодизайн) теріс әсерді азайтуға, ресурстарды үнемдеуге және дизайн объектісінің бүкіл өмірінде табиғатты қорғауға ерекше назар аударатын бағыт ретінде анықталады.

Осы орайда, болашақ мамандарға көркем білім беруде сән индустриясындағы экодизайн бағытының өріс алуына бағдарланған сан алуан түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға әсер еткен сәнді жобаларға шолу жасалады. Бұл экодизайн бағытын сән индустриясында өз топтамаларында қолданып жүрген дизайнерлердің шығармашылықтарында көрініс тапқан.

Замануи технологиялар саласындағы жетістіктер, өндірістегі компьютерлендіру дизайнерлерге тұтынушының тактильдік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көлемдік фактураларды өз коллекцияларында бұрын болмаған материалдарды қолдана отырып, өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді [13].

Мұндай топтамаларды жасауға әдетте кеңістікті қабылдаудың жаңа түрлеріне жауап беретін және жобалаудағы ерекше шешімдерді іздестіру кезінде пайда болатын идеялар итермелейді. Кез-келген жаңа бұйымды жобалауға кірісуде дизайнер мамандар осы дайындалған бұйымдарды қолданатын адамды да үнемі ескеруі қажет. Дизайнер адам туралы ойымен, оған деген қамқорлығымен, елестер мен қиялдар байлығымен, технологиялық білімін және кәсіби шеберлігін қолдана отырып, әрқашанда жаңа, одан да прогрессивті шешім таба алады [14].

Осы орайда болашақ мамандарға көркем білім беруде экодизайнның түрлі технологияларын киім үлгілерінде қолданып келе жатқан отандық сәнгерлер – Айдархан Қалиев, Ая Бапани, Эльмира Қажытаева («Асыл Мұра» шеберханасы), Айжан Бекқұлова, Динара Абдуллина (SAMIDEL сән үйі) болса, ал шетелдік шеберлер, атап айтқанда, Австралиялық дизайнер – Татьяна Шеверда, киізден жасалған қол сөмкелер дизайнері (Жапония) – Ацуко Сасаки, Нургуль Артықбаева (Қырғызстан), Аскарали уулу Залкарбек (Қырғызстан), Зинаида Заблоцкая (Мәскеу) және т.б. еңбектеріне басты назар аударылады. Бұл бүгінгі таңдағы жаңа сипатқа ие болған экодизайнның сән индустриясындағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін сипаттайды. Өйткені, эко-сән және эко-киім әлемде белсенді дамып келе жатқан және болашақ үшін үлкен қызығушылық тудыратын жаңа сала. Ол жаңа менталитетті, табиғат пен адамға құрметпен қарауды, табиғи ресурстарды орынды пайдалануды көздейді.

Сондықтан болашақ мамандарға көркем білім беруде эко-сән немесе экомоданың экологиялық дизайн тұрғысынан келесідей ерекшеліктерін ескеру қажет: адам денсаулығына зиянының болмауы; негізгі материалдарды өндіру кезінде табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану; шикізатты қайта

өндеу; өндіріс қалдықтарын азайту; экологиялық нормативтерге сәйкестік; этникалық ерекшеліктерді, киімді жасаудағы және оны безендірудегі дәстүрлі халық техникаларын сақтау; жануарлардан алынатын материалдардан бас тарту және т.б.

Қорытынды

Болашақ мамандарға көркем білім беруде дизайндағы экологиялық тәсілдеме немесе тұғырлар ғылыми-техникалық революцияға қарсы реакция ретінде дүниежүзілік экологиялық қозғалыс бағыттарының бірі, оның міндеттеріне қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру енеді. Бұл үрдістің мәні болашақ мамандарға көркем білім беруде қоршаған ортаға сәйкес келетін өнімді жасау, балама ресурстар мен энергияны пайдалану арқылы табиғатқа теріс әсерді азайту және егер мүмкін болса, толық жою, сондай-ақ улы емес, қайта өңделген немесе қайта өндеуге арналған материалдар мен жаңартылатын өндіріс процестерін, ресурстар мен материалдарды барынша үнемдеу, өнімнің ұзақ өмір сүруін ескере отырып, материалдар шығыны мен оның өмір сүру ұзақтығының арақатынасын, оларды қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жою мүмкіндігін сипаттайды.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 656 б.
- 2 Мәуленова Г., Амандықова Д. Дизайнерге арналған практикум. – Астана : Фолиант, 2010. – 112 б.
- 3 Ермилова, В. В. Моделирование и художественное оформление одежды: учеб. пособие для студ. сред. проф. образования / В. В. Ермилова, Д. Ю. Ермилова. – М. : Академия, 2010. – 224 с.
- 4 Медведев, В. Ю. Сущность дизайна: теоретические основы дизайна: учеб. пособие. – СПб. : СПГУТД, 2009. – С. 25.
- 5 Пармон, Ф. М. Композиция костюма. – М. : Легпромбытиздат, 1997. – 318 с.
- 6 Михайлов, С. М., Кулеева, Л. М. Основы дизайна. – М. : Союз Дизайнеров, 2002. – 240 с.
- 7 Ермилова, Д. Ю. История домов моды: учеб. пособие для вузов. - 3-е изд., перераб. и доп. – М. : Издательство Юрайт, 2018. – 443 с.
- 8 Стар, И. А. Дизайн-аспекты взаимодействия феноменов традиционного костюма и современной моды: дис... канд. искусствоведения. – М., 2004. – 173 с.
- 9 Кривцун, О. А. Эстетика. – М. : Аспект Пресс, 1998. – 430 с.

- 10 Герман, Ш. М., Скатерщиков, В. К. Беседы об эстетике. – М. : Знание, 1982. – 224 с.
- 11 Кант, И. Критика способности суждения/под общ. ред. В.Ф.Асмуса, А. В. Гулыги, Т. И. Ойзермана // Кант И. Соч: в 6-ти т. – М. : Мысль, 1966. – Т.5. – 564 с.
- 12 Борев, Ю. Б. Эстетика : учебник. – М. : Высш. школа, 2002. – 551 с.
- 13 Будникова, О. В., Диева, О. Н. Экологические тенденции в дизайне костюма//Известия Юго-Западного государственного университета. Серия: Техника и технологии. – 2014. – № 2. – С. 60–69.
- 14 Байешов, Б. Т., Байешов, Б. Б., Сейтпахиева, А. Т. Дизайн тарихы мен теориясы. – Тараз : Тараз университеті баспасы, 2014. – 88 б.

References

- 1 Qazaq мәдениеті. Ёнциклопедиялық анықтамалық [Encyclopedic reference book]. – Алматы : «Aruna Ltd» ChDP, 2005. – 656 p.
- 2 Maulenova, G., Amandykova, D. Dizaynerge arналған praktikwm [Workshop for designers]. – Astana : Foliant, 2010. – 112 p.
- 3 Yermilova, V. V. Modelirovaniye i khudozhestvennoye oformleniye odezhdy: ucheb. posobiye dlya stud. sred. prof. obrazovaniya [Modeling and decoration of clothes: textbook : manual for stud. wednesday prof. education] / V. V. Yermilova, D. Yu. Yermilova. – М. : Academy, 2010. – 224 p.
- 4 Medvedev, V. Yu. Sushchnost' dizayna: teoreticheskiye osnovy dizayna : ucheb. posobiye. [Essence of design: theoretical foundations of design: textbook. allowance]. – SPb. : SPGUTD, 2009. – P. 25.
- 5 Parmon, F. M. Kompozitsiya kostyuma. [The composition of the costume]. – М. : Legprombytizdat, 1997. – 318 p.
- 6 Mikhailov, S. M., Kuleeva, L. M. Osnovy dizayna [Basics of design]. – М. : Union of Designers, 2002. – 240 p.
- 7 Yermilova, D. Yu. Istoriya domov mody: ucheb. posobiye dlya vuzov. – 3-ye izd., pererab. i dop. [History of fashion houses: textbook. manual for universities]. – 3rd ed., rev. and add. – М. : Yurayt Publishing House, 2018. – 443 p.
- 8 Star, I. A. Dizayn-aspekty vzaimodeystviya fenomenov traditsionnogo kostyuma i sovremennoy mody: dis... kand. iskusstvovedeniya. [Design aspects of the interaction of the phenomena of traditional costume and modern fashion : dis ... cand. art history]. – Moscow, 2004. – 173 p.
- 9 Krivtsun, O. A. Estetika [Aesthetics]. – М. : Aspect Press, 1998. – 430 p.
- 10 German, Sh. M., Skatershchikov, V. K. Besedy ob estetike. [Conversations about aesthetics]. – М. : Knowledge, 1982. – 224 p.

11 **Kant, I.** Kritika sposobnosti suzhdeniya/pod obshch. red. V. F. Asmusa, A. V. Gulygi, T.I.Oyzermana//Kant I. Soch : v 6-ti t. [Critique of the ability to judge/under total. ed. V.F.Asmus, A. V. Gulygi, T. I. Oizerman // Kant I. Soch : in 6 volumes] – M. : Mysl, 1966. – V. 5. – 564 p.

12 **Borev, Yu. B.** Estetika: uchebnik [Aesthetics: textbook]. – M. : Higher school, 2002. – 551 s.

13 **Budnikova, O. V., Dieva, O. N.** Ekologicheskiye tendentsii v dizayne kostyuma // Izvestiya Yugo-Zapadnogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Tekhnika i tekhnologii [Ecological trends in costume design // Izvestia Yugo-Zapadnogo gosudarstvennogo universiteta. Series: Technique and technology]. – 2014. – № 2. – P. 60–69.

14 **Bayeshov, B. T., Bayeshov, B. B., Seitpahieva, A. T.** Dizayn tarixi men teoriyasi [History and theory of design]. – Taraz : Taraz University Publishing House, 2014. – 88 p.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*К. М. Бекболатова¹, Г. М. Әлжанов², Ж. О. Небесаева³, А. М. Ермаханбетова⁴

^{1,4}Қазақхский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Қазақстан, г. Алматы;

²Атырауский университет имени Х. Досмухамедова,

Республика Қазақстан, г. Атырау;

³Университет «Сырдария»,

Республика Қазақстан, г. Жетысай.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

РОЛЬ НАПРАВЛЕНИЯ ЭКОДИЗАЙНА В ИНДУСТРИИ МОДЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В статье рассматривается проблема роли экодизайна в индустрии моды художественного образования будущих специалистов. С целью раскрытия теоретических основ данной проблемы дается краткая характеристика понятий дизайн, экодизайн, мода, определяются несколько отличительных особенностей направления экодизайна. Экодизайн (экологический дизайн) представляет собой направление и парадигму проектирования, основной целью которого является гармонизация отношений общества и окружающей среды, обеспечение ее сохранения и минимизация вредных воздействий на всех этапах

жизни дизайн-объекта. Экодизайн в художественном образовании – это особая сфера индустрии моды, связанная с решением проектных задач художественного образования, а также с решением задач устойчивого развития и необходимостью целенаправленного изменения проектной культуры будущих специалистов этой сферы. Иными словами, экологический дизайн является современным направлением проектирования, которое способствует обострению экологических проблем и развивается в виде концепций экологического, устойчивого, зеленого дизайна. Эко-одежда представляет собой всю одежду, изготовленную с использованием экологически чистых процессов. Одежда из натуральных материалов – это не только модный тренд, но и составляющая здоровья. Сегодня ученые ищут новые способы производства тканей для одежды, которые будут доступными и экологически чистыми.

Ключевые слова: экодизайн, дизайн, дизайнер, мода, индустрия моды, технология, художественное образование.

*К. М. Bekbolatova¹, G. M. Alzhanov², Zh. O. Nebesaeva³, A. M. Ermakhanbetova⁴

^{1,4}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

²H. Dosmukhamedov Atyrau University,

Republic of Kazakhstan, Atyrau;

³University «Syrdaria»,

Republic of Kazakhstan, Zhetysay.

Material received on 09.09.21

ROLE OF ECODESIGN IN THE FASHION INDUSTRY IN THE ART EDUCATION OF FUTURE SPECIALISTS

The article examines the problem of the role of ecodesign in the fashion industry of art education of future specialists. In order to reveal the theoretical foundations of this problem, a brief description of the concepts of design, ecodesign, fashion is given, several distinctive features of the direction of ecodesign are determined. Ecodesign (ecological design) is a direction and paradigm of design, the main goal of which is to harmonize relations between society and the environment, ensure its preservation and minimize harmful effects at all stages of the life of a design object. Ecodesign in art education is a special area of the fashion industry associated with solving the design problems of art education, as

well as solving the problems of sustainable development and the need to purposefully change the design culture of future specialists in this field. In other words, environmental design is a modern design trend that exacerbates environmental concerns and evolves into green, sustainable, green design concepts. Eco-friendly garments are all garments made using environmentally friendly processes. Clothing made from natural materials is not only a fashion trend, but also a component of health. Scientists are looking for new ways to produce clothing fabrics that are affordable and environmentally friendly.

Keywords: ecodesign, design, designer, fashion, fashion industry, technology, art education.

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/XVRK4562>***А. Әмірбекұлы¹, Б. Т. Әлімқұлова²**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

«АЛГЕБРА ЖӘНЕ САНДАР ТЕОРИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ОНЛАЙН-КУРСТЫ ЕНГІЗУ НЕГІЗІНДЕ АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАҚТАУ

**Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің
қаржыландырылу негізінде жазылды (грант АР08956523)**

Мақала, «Алгебра және сандар теориясы» пәнінен онлайн-курс құру және оны оқу процесіне енгізу процесін жобалау арқылы аралас оқыту технологиясын жасақтауға арналған. ХХІ ғасыр тәуелсіз және өзін-өзі реттейтін мұғалімдерді даярлауды талап етеді. Сондықтан, білім жүйесі алдында, бұл мәселеге оқыту және әріптестерінің өзара әсері арқылы, қалай қол жеткізуге болатынын анықтау міндеті тұр. Сол себепті, мақалада аралас оқытуға арналған ғылыми-педагогикалық әдебиеттер талданып, аралас оқытуды дұрыс және толық пайдалану студенттерге ХХІ ғасыр дағдылары деп аталатын құнды жеке қасиеттерді игеруге мүмкіндік береді деген тұжырымға ерекше назар аударылды. Жұмыста қарастырылған технология дәстүрлі оқытудың аудиториялық сабақтарының бір бөлігін онлайн (ақпараттық-коммуникациялық пәндік) ортаға көшіруді қамтамасыз етеді және оны оқу үдерісіне енгізуді жобалау әдісіне негізделеді. Еңбекте «Алгебра және сандар теориясы» пәнін екі – аудиториялық және онлайн ортада ұйымдастырылған аралас оқыту барысында, оқу процесінің тұтастығын қамтамасыз ететін әдістемесі, сондай-ақ ұсынылған технология бойынша аралас оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігін квазиэксперименттік тексеру нәтижелері көрсетілген. Ұсынылған технология мен әдістеме оқытушы мен студенттің өзара оқу іс-қимылын оңтайландыруға ықпал етеді, жаңа үлгідегі сапалы білім беру процесін қалыптастырады.

Кілтті сөздер: аралас оқыту, технология, математика мұғалімі, жобалау әдісі, онлайн-курс, алгебра, сандар теориясы.

Кіріспе

Қазіргі әлемдік, сонымен бірге Қазақстандық білім жүйесін, әсіресе, педагогикалық білім жүйесін дамыту өзекті мәселе екендігі түсінікті. Осы мәселеде білім беру жүйесін ақпараттық технологияны қолдана отырып, жетілдіруге арналған зерттеулер күн сайын артууда. Олардың ішінде соңғы зерттеулер білім беру жүйесін жетілдіруді іске асырудың инновациялық бағыттарының бірі – дәстүрлі және онлайн оқытуды біріктіретін білім технологиясы ретінде анықталған аралас оқыту технологиясына арналуда.

Біздің сеніміміз бойынша аралас оқытуды дұрыс және толық қолданған жағдайда, XXI ғасырдың дағдылары деп берілген, келесі құзыреттерді игеруге мүмкіндік беріледі [1]:

- проблемаларды (ашық мәселелерді) кешенді шешу;
- сыни тұрғыдан ойлау, яғни деректердің шынайы көздерін таңдау және информацияны іріктеу;
- креативтілік, яғни қолда бар информация жайлы инновациялық ой қорыту;
- ұжымдық (командалық) жұмыс, яғни басқа адамдармен бірігіп өнімді іс-қимыл жасай білу;
- өмір бойы оқуға ұмтылу және оқу;
- шешім қабылдау және қабылданған шешім үшін жауапкершілік ала білу.

Олай болса, аралас оқыту ұғымына негізделген оқыту технологиясын жасақтау – заманауи педагогикалық білім саласының *өзекті проблемаларының бірі*. Әрине, бұл өте ауқымды проблема.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты – болашақ математика мұғалімін даярлау процесіне «Алгебра және сандар теориясы» пәнінің онлайн-курсын енгізу негізінде жасақталған аралас оқыту технологиясын пайдалану білім сапасын жоғарылататынын көрсету.

Материалдар мен әдістер

Аралас оқыту 2006 жылдан бастап АҚШ, Еуропа және оңтүстік-шығыс Азия оқу орындарында кеңінен қолданылып келеді. Ресейде 2012/13 оқу жылында алғаш рет «Телешкола» НП ресурсының негізінде аралас оқыту үлгілерін байқап көру арқылы Инновациялық жоба басталды [2]. Сондай-ақ, аралас оқытуды Ресей мектептеріне енгізу мәселесімен МГППУ-дің жанынан құрылған Аралас оқыту орталығы белсенді айналысады [3]. Орталықта аралас оқыту бойынша тәжірибе алмасып, туындаған мәселелерді шешуге қатысты бірлескен ізденістер жасалуда.

Bank [4] аралас оқыту белгілі бір пропорцияда күндізгі және қашықтықтан оқыту технологиясын кіріктіреді, бұл олардың барлық

кемшіліктерін жоя отырып, бір мезгілде екі оқу режимін пайдалануға мүмкіндік береді деп есептейді,

Россетт [5] аралас оқыту саласындағы жоғары оқу орындарының білім беру қызметін бағдарламалық-ақпараттық қамтамасыз ету көбінесе университеттік жүйенің түріне, оқу процесін ұйымдастыруға, компьютерлендіру деңгейіне, сондай-ақ оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларына байланысты екенін мәлімдейді.

Қазіргі кездгі жоғары білім жүйесі тар кәсіби салада болашақ кәсіби құзыреттілікті дамытумен бірге, болашақ мұғалімдерді өзгермелі цифрлық әлем жағдайындағы жаңа зияткерлік ортада икемді кәсіби қызметке даярлауға бағытталған. Болашақ мұғалімдер қазіргі ұрпақтың дәстүрлі сынып ортасымен бірге, виртуалды ортада да бағаланатынын және жұмыс істейтінін түсінуі керек [6].

Аралас оқытудың онлайн бөлігін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологиясының негізін: мазмұндық, бағдарламалық, ақпараттық және әдістемелік компоненттер құрайды.

Осы компоненттерді негізге ала отырып, біз зерттеу жұмысымызда болашақ математика мұғалімін даярлау бағдарламасының құрамындағы «Алгебра және сандар теориясы» пәнінен әзірленген онлайн-курсты (*Куәлік, 2021 жылғы 11 масым № 18644*) оқу процесіне енгізу арқылы аралас оқыту технологиясын жасақтауды қарастырамыз.

Moodle жүйесіндегі онлайн-курстың интерфейсі курстың атауынан, курстың тақырыптарының тізбесінен, навигациядан, курстың теориялық материалынан, глоссарийден, курс бойынша тестілеуден, қарым-қатынасқа арналған Форум мен чаттан, сондай-ақ мысалдардан, тапсырмалар тізбесінен, цифрлық білім беру ресурстарынан және таңдалған тақырып бойынша өзін-өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары мен қорытынды тесттен тұрады.

Сонымен, зерттеудің негізгі әдістері аралас оқыту мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге, ғылыми журналдар мен интернет-ресурстардағы жарияланымдарға шолу жасай отырып, онлайн курс құру, аралас оқыту кезіндегі оқу процесін жобалау және соның негізінде аралас оқыту технологиясын жасақтау.

Нәтижелер мен талдаулар

«Алгебра және сандар теориясы» онлайн-курсының негізінде аралас оқыту технологиясын оқу үдерісіне енгізу мақсатында оқу процесін жобалауға арналған [7-9] жұмыстарды талдай отырып, аралас оқыту кезінде пәнді жобалау әдістемесін жасауда мынадай жағдайларды ескеру қажеттілігіне көз жеткізілді: аудиториялық сағаттардың қысқаруы; оқу процесінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін қалған аудиториялық қызметті

қайта құру; оқытушыны бірнеше қайталанатын әрекеттерден босату (дәрістер оқу, тесттерді тексеру және т.б.). Бұл ретте аудиториялық қызметті алмастыратын онлайн форматта арнайы іс-шаралар ұйымдастырылу қажет.

Әдетте, аралас оқыту технологиясы жағдайында пәнді оқытуды жобалау әдістемесі келесі үш кезеңде жүзеге асырылады:

- пән және бөлім бойынша оқыту нәтижелерін жобалау;
- оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін әзірлеу;
- аудиториялық және электрондық компоненттерді интеграциялау жоспарын әзірлеу.

Енді «Алгебра және сандар теориясы» курсының мысалға ала отырып, осы кезеңдеп жобалау үдерісінен үзінділер көрсетейік.

1 Пән және бөлім бойынша оқыту нәтижелерін жобалау. Бірінші кезеңде оқу нәтижелерін жобалау орындалып, әрі қарай оқу нәтижелері пәннің бөлімдері бойынша анықталады. Оқыту нәтижелерін жобалау пән бойынша бағалаудың тиімді жүйесін құру үшін барынша нақты, өлшенетін және қолжетімді нәтижелерді анықтауға мүмкіндік беретін SMART-форматта орындалады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз «Алгебра және сандар теориясы» пәнін оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін төмендегідей тұжырымдармен анықтадық.

Пәнді оқытудың мақсаты: Студенттерге жоғары математиканың «Сызықты алгебра», «Сандар теориясы» және «Көпмүшеліктер теориясы» бөлімдерінің ұғымдары, ережелері мен теоремалары, әдістері жайлы теориялық білім беру, практикалық тұрғыдан есептер шығаруға дағдыландыру және оларды басқа қолданбалы есептерді шығаруда пайдалана білуге үйрету арқылы оларды XXI ғасырдың дағдыларын игеруге баулу.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер. Студент:

1) алгебраның және сандар теориясының есептерін шешудің негізгі ұғымдары мен әдістері туралы білімдерін көрсетеді;

2) матрицалар мен анықтауыштар бойынша операцияларды және оларды сызықты тендеулер жүйесін шешу барысында қолданады. Дәрежелік тендеулерді шеше алады.

3) сандар бөлінгіштігінің және сандарды модуль бойынша салыстырудың қасиеттерін түсінеді және оларды қолданады;

4) орта мектепте алгебра курсының есептерін шешуде алгебраның және сандар теориясының элементтерін қолдануды талдайды;

5) алгебра мен сандар теориясының негізгі ұғымдары мен теоремаларына негізделген есептер құрастырады;

6) математикалық ойлауды дамыту мақсатында пәндік білімді интеграциялайды.

Осылайша, көрсетілген нәтижелердің негізінде пәннің барлық бөлімдері бойынша күтілетін нәтижелер анықталады.

2 Оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін әзірлеу. Мұнда жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді диагностикалау үшін бағалау жүйесі жасалады. Ол оқыту нәтижелерімен келісілген бағалау іс-әрекеттерінің барлық кешенін қамтиды. Оқу нәтижелерін анықтауда да, бағалау әрекеттерін таңдауда да Б. Блум таксономиясы қолданылады, бұл оқу процесінің қажетті тұтастығын қамтамасыз етеді. Бағалау іс-әрекеттерін жобалау кезінде онлайн ортада оқу процесін іске асыру ерекшелігі ескеріледі.

3 Аудиториялық және электрондық компоненттерді интеграциялау жоспарын әзірлеу. Соңғы үшінші кезеңде оқыту стратегиясы анықталады: аудиториялар мен электронды компоненттер арасында ауысулар мен байланыстар жүйесі құрылады, қажетті оқу материалдары мен қосымша ресурстар ұсынылады, өзара әрекеттесу жүйелері жасалады. Бұл кезеңде онлайн ортада жүзеге асырылатын «студент-студент», «Студент-контент», «студент-Оқытушы» сияқты білім беру процесінің субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл ескеріледі.

Аралас оқытуда теңгерімділікті қамтамасыз ету үшін «Төңкерілген сынып» моделі оқу процесінің аудиториядан тыс және аудиториялық кезеңдерінің реттілігі түрінде іске асырылады, бұл ретте аудиториядан тыс қызмет онлайн ортада іске асырылады.

Мысал ретінде оқу процесінде қолданылған «Алгебра және сандар теориясы» курсының «Матрицалар мен анықтауыштар» бөлімі бойынша оқу іс-әрекетінің түрлерін жіктеуді 1-кестеде көрсетейік.

Кесте 1 – Оқу процесінің аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстары арасында оқу қызметінің түрлерін ажырату

Аудиториядан тыс жұмыс (онлайн ортада жұмыс)	Аудиториялық жұмыс
Лекциялық аудиториялық жұмыс алдындағы әрекеттер: «Кіріспе. Матрицалар және оларға қолданылтын операциялар» атты 1-лекцияның конспектілері мен презентацияларын оқып-үйрену; мысалдармен танысу	Өздігінен оқылған материалды жалпылау (терминдер бойынша сұрау, студенттердің сұрақтарына жауаптар); «Анықтауыштар және олардың қасиеттері» атты 2-лекцияны оқу.

Практикалық аудиториялық жұмыс алдындағы әрекеттер: практикалық жұмысқа дайындық (дәрістің теориялық материалын өңдеу); тесттен өту; үй тапсырмасын орындау; «Минорлар және алгебралық толықтауыштар» тақырыбына эссе жазу; эсеге өзара түсініктеме беру.	Өз бетінше оқыған материалды талқылау, тестілеу нәтижелерін талдау және студенттердің сұрақтарына жауаптар. практикалық жұмысты орындау (матрицалар мен анықтауыштарға үлгілік есептердің шешімдерін талқылау).
Лекциялық аудиториялық жұмыс алдындағы әрекеттер: үй тапсырмасын орындау; «Матрицалардың қарапайым түрлендірулері және олардың қасиеттері. Матрица рангысы» атты 3-лекцияның конспектілері мен презентацияларын оқып-үйрену; тесттен өту	Өз бетінше зерделенген материалды жалпылау (терминдер бойынша сұрау, тестілеу нәтижелерін талдау және студенттердің сұрақтарына жауаптар); «Кері матрица және оны табу жолдары» атты 4-лекцияны оқу.
Практикалық аудиториялық жұмыс алдындағы әрекеттер: жеке жұмыстарды орындау; орындалған жұмыстарды өзара тексеру; матрица мен анықтауыштың қасиеттерін қолдану есептерін құрастыру; теориялық материал бойынша қорытынды тестілеуден өту.	Өзара тексеру нәтижелерін талқылау, тестілеу нәтижелерін талдау және студенттердің сұрақтарына жауап беру; практикалық жұмысты орындау (матрица мен анықтауыштың қасиеттерін қолдануға жасалған есептерді шешу және талқылау).

Қарастырылған мысалда оқу іс-әрекетінің кейбір түрлерін онлайнға ауыстыру нәтижесінде аудиториялық сағаттарды қысқартуға болатыны 1-кестеден байқалады. Бұл жағдайда оқытушының басты міндеті – оқу процесінің аудиториялық және аудиториядан тыс компоненттері арасында онлайн ортаға ауысатын жұмыс түрін онтайлы бөлу.

Аудиториялық сабақтардың бір бөлігін онлайнға ауыстыру қалған аудиториялық іс-шаралардың да өзгеруіне әкеледі. Біздің ойымызша, ұсынылған әдіс студенттердің оқытушымен және бір-бірімен өзара әрекеттесуін күшейтуге ғана емес, сонымен қатар оқу процесінің жоғары қарқындылығына байланысты оқу үлгерімінің жақсаруын да қамтамасыз етеді.

Оқу процесін ұйымдастыру. Біздің зерттеуімізде оқытудың *жеке-дара, ұжымдық (диалогтық), шағын топтық оқыту, өзіндік жұмыс түрлерін* мұғалімнің қатысуымен дәстүрлі және онлайн оқытуда *кіріктіре пайдалану қарастырылды.*

Сабақтың жеке-дара түрін ұйымдастыру. Білімгер өз біетінше жұмыс жасауы үшін «Алгебра және сандар теориясы» пәнінің оқу-әдістемелік кешенімен және оқулықпен қамтамасыз етілді.

Оқулықпен өз бетінше жұмыс істеудің негізгі нәтижелері: оқулықтың мазмұнымен танысу және оның мәнін түсіну; мәтіннің таңдалған фрагментіне енгізілген информациямен танысу, информацияны түсіну, есте

сақтау, түрлі оқу және өмірлік жағдайларда пайдалану; білгендерін немесе бұрын білгендерін растау, мысалдар іздеу, ғылыми фактілерді растау.

Сабақтың ұжымдық (ауыспалы құрамды жұп) түрін ұйымдастыру және оның ерекшеліктері. Сабақтың ұжымдық түрі тізбектеле өтілетін тақырыптарды оқып-үйрену барысында ұйымдастырылады. Оның ерекшеліктері:

1 Сабақтың әр сәтінде білімгерлердің жартысы сөйлейді, жартысы тыңдайды. Әр жұптағы жұмыс тұйық түрде жүреді. Нақты бір жұптағы атқарылатын жұмыс, білімгерлер ұжымындағы барлық басқа да жұптарда атқарылады, және керісінше.

2 Барлық білімгерлер бір мезетте, әрі оқытушыға әрі білімгерге айналады да, ескі мағынадағы, яғни тек қана оқытылады деп түсінілетін білімгерлер жойылады. Ұжымның жаңа түрі – өз бетінше оқытын және өзін-өзі оқытатын ұжым пайда болады.

3 Сабаққа қатысушылардың әрқайсысының мақсаты – басқаларға өзі білетін немесе оқып-үйренетін нәрселерді үйрету. Оның оқытушылық рөлі әрбір қатысушының өз білімі, мінез-құлқы және тіпті жалпы мәдениеті үшін жауапкершілігін айтарлықтай арттырады.

Сабақтың шағын топтық (ауыспалы құрамды топ) түрін ұйымдастыру. Сабақтың шағын топтық түрі параллель өтілітін тақырыптарды оқып-үйрену барысында ұйымдастырылады. Топтар саны тақырыптар санына байланысты (топ саны мен тақырып саны бірдей), кіші топ мүшелерінің саны жалпы оқу тобы мүшелерінің санын топ санына бөлу арқылы анықталады. Кіші топтарға енбей қалған білімгерлер бақылаушылар міндетін атқарады. Осылайша, білімгерлерде «стереоскопиялық» ойлау тәжірибесі қалыптастырылады, көпшілік алдында сөйлеу және қарым-қатынас құзыреттері игеріледі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. Ұсынылып отырған еңбекте, студенттердің өзіндік жұмысы, «Алгебра және сандар теориясы» пәнін аралас оқыту технологиясындағы болашақ мұғалімнің ХХІ-ғасыр дағдыларын игеруіндегі маңызды құрал және шарт ретінде қарастырылады. Өйткені, студенттердің өзіндік жұмысы – болашақ мұғалімнің аталған дағдыларды игеруімен бірге, оны өзін-өзі өмірлік және мәдени тұрғыдан танып-білуге ынталандыратын алғашқы біліктілік жұмысы.

Студенттердің «Алгебра және сандар теориясы» пәнін оқып-үйрену барысындағы өзіндік жұмысы үш компоненттен тұрады. Мұндағы ең дәстүрлі өзіндік жұмыс – пәнді оқып-үйрену барысында талқылауға ұсынылатын мәселелер бойынша эссе мен презентациялар дайындау болып табылады. Ал оқыту мақсаттарына қол жеткізу тұрғысынан алып қарағандағы неғұрлым

күрделі және сонымен бірге маңызды өзіндік (микротоптарда болуы да мүмкін) жұмыс – жобалық тапсырмаларды орындау.

Енді кіріспеде қойылған зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін көрсетейік.

Жасақталған аралас оқыту технологиясының «Алгебра және сандар теориясы» онлайн-курсын пайдаланып оқытудың тиімділігін квазиэксперименттік тексеру ОҚМПУ физика-математика факультетінің бірінші курс студенттері үшін 5В010900–»Математика» бағыты бойынша үш топта (49 студент) сабақтар өткізу кезінде жүзеге асырылды.

Квазиэксперименттің міндеті – болашақ математика мұғалімін оқытудың тиімділігі аралас оқытудың қалай ұйымдастырылғанына және әдістемесіне байланысты екенін көрсету болды. Оқу пәні модульдерінің әрқайсысының сабақтары оқытушының басшылығымен және эссе мен презентациялар жасақтау, тапсырма орындау және студенттердің өзара қарым-қатынас нәтижелерін өзара бақылау арқылы онлайн ортада жүзеге асырылды.

Білімгерлердің білім сапасын диагностикалаудың объективті құралы реінде тест тапсырмалары құрастырылды.

Bootstrap-ты жоғарыда аталған әдістердің қай нұсқасы арқылы қолдануды әр тұтынушы бейімділіктеріне қарай өздері таңдай алады. Біздің жағдайда білім алушылар «Web-бағдарламалау» оқу курсына фреймворкты арнайы сайтынан жеке орнату және CDN контентімен байланысқан қажетті баптауларды web-сайт кодына кірістіру арқылы және «Клиент-сервер технологиялары» курсына Visual Studio 2019 интеграцияланған ортасында әзірленетін ASP.NET MVC 5 паттерніне кіріктірілген фреймворк түрінде қолданды.

Бағдарламаның жұмыс ортасы дайын болғаннан кейінгі мәселе фреймворк компоненттері мен командаларын меңгеру болып табылады. Bootstrap іргетасы ретінде өзіндік торлық жүйесінің болуын айта аламыз. Бағдарлама web-сайттарды адаптивті торлық жүйе құрылымына оңтайлы орналастыруды қамтамасыз ететін компоненттерді қамтиды. Мұндағы web-беттердің дизайнын қажетті өлшемдер бойынша кез-келген құрылымда жасақтауға болады.

Bootstrap ортасының тор құруға арналған негізгі элементтері:

- контейнерлер - container немесе .container-fluid класының элементтері;
- қатарлар - row класының элементі;
- адаптивті блоктар – бір немесе бірнеше col класының элементтері.

Контейнер – web-бет макеті жасақталатын алғашқы элемент. Оның бастапқы мақсаты әзірленетін макеттің енін анықтау. Bootstrap 3 және 4 нұсқаларында оның екі типі қарастырылған. Біріншісі (container) адаптивті - бекітілген, ал екіншісі адаптивті – бейімделгіш (container-fluid) макет құру үшін қолданылады.

Қатарлар да контейнер болып табылады, бірақ олар Bootstrap торының адаптивті блоктары үшін қолданылады. Bootstrap 3 үшін оның негізгі қызметі

15px-тен сол және оң жақтан теріс шегіністер (margin) жасау. Bootstrap 4 арқылы тек теріс шегіністер ғана емес, сонымен бірге flex-контейнер функциясын да орындайды. Яғни, егер бұл элемент орнатылмаса, онда адаптивті блоктардағы оларға тән әрекеттер орындалмайды. Қатар – элементін пайдалану принципі қарапайым, ол әрдайым адаптивті блоктар үшін ата-аналық мақсатта әрекет етуі керек. Яғни, егер қандай да бір элементті (контейнер немесе блок) адаптивті блоктардың көмегімен белгілеу керек болса, онда оларды жасамас бұрын алдымен қатарды орнатып, бұдан соң осы қатарларға блоктарды орналастыру қажет.

Адаптивті блок – адаптивті ені бар элемент болып табылады. Яғни, оның viewport диапазонындағы ені бір мәнге, ал екіншісінде басқа мәнге ие болуы мүмкін. Адаптивті блок әрекетін тағайындау бір немесе бірнеше col кластары арқылы жүзеге асады. Bootstrap-тың адаптивті блоктары сызық түрінде орналасады. Бір жолға саны 12 ден аспайтын блоктар орналасады [7].

Bootstrap арқылы құрылатын адаптивті қосымшалардың әртүрлі құрылғылардан оқылуы үшін тағайындалатын арнайы параметрлер бар. Ол арқылы телефон, планшеттер және үстел үсті компьютер дисплейлерінің кез-келген өлшемдеріне сәйкес параметрлерді тағайындау қажет болады. Келесі кесте құрылғыларға сәйкес кеңейтілімдер келтірілген (кесте 1).


Кесте 1 – Класстар префикстеріне сәйкес кеңейтілімдер

	Өте кішкентай құрылғылар (телефондар <544 px)	Кішкентай құрылғылар (планшеттер >=544 px және < 768 px)	Орташа құрылғылар (үстел үсті компьютерлері >=768 px және < 900 px)	Үлкен құрылғылар (үстел үсті компьютерлер >=900 px және <1,200 px)	Өте үлкен құрылғылар (үстел үсті компьютерлері >=1,200 px)
Тордың ерекшеліктері	Тек көлденең жолдар	Баған торларына сәйкес бейімделу			
Бекітілген контейнер ені	Авто	544 px	750 px	970 px	1170 px
Класс префиксі	.col-xs-*	.col-sm-*	.col-md-*	.col-lg-*	.col-xl-*
Бағандар саны	12				
Бекітілген баған ені	Авто	~ 44 px	~ 62 px	~ 81 px	~ 97 px

Жоғарыда сипатталған қадамдар адаптивті бағдарлама қосымшалар құрудың бастапқы кезеңінде орындалатын негізгі қадамдар болып табылады. Бұдан соң бағдарламалық қосымшаның клиенттік бөлігін бағдарламалауға арналған дизайндық контент әзірленеді, ол әр қолданушының талғамы мен сұранысқа орай жасақталады.


Нәтижелері мен талқылануы

Адаптивті бағдарламалық қосымшалар академиялық, бизнес – үдерістер, маркетингтік тағы да басқа бағыттардағы жобалар үшін үлкен сұранысқа ие. Біздің жағдайда Boostrap көмегімен жасақталған адаптивті бағдарламалық қосымша оқу үдерісінде қолдануға арналған. «Білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану» атты цифрлық білім беру ресурсын білім алушылар компьютерлері мен ұялы телефондары арқылы қиындықсыз қолдана алады.




Сурет 1 – Цифрлық білім беру ресурсының толық экранды режимнен оқылуы

Мобильді нұсқадан адаптивтілік қасиетін тексеру үшін Google Chrome браузеріне арналған User-Agent Switcher for Chrome кеңейтілімін пайдалануға болады. Аталған команданың баптаулары арқылы келесі тізімнен қажетті ортаны таңдап, қосымшаны тексере аламыз. Біздің жағдайда iOS, Android қосымшаларында қосымшалардың оқылуы тексерілді.



Сурет 2 – User-Agent Switcher for Chrome арқылы мобильді қосымшаны тексеру ортасын таңдау



Сурет 3 – Цифрлық білім беру ресурсының мобильді қосымша нұсқасында оқылуы

Аталған әдіс бағдарламалық қосымшалардың клиенттік бөлігін бағдарламалауда жаңашыл адаптивтілік мүмкіндігімен қатар, жаңашыл дизайндық стиль ұсынады. Біздің жағдайда алғашқыда «Клиент-сервер технологиялары» курсына Visual Studio 2019 интеграцияланған ортасында әзірленетін ASP.NET MVC 5 паттерніне кіріктірілген әдіс ретінде қолдану барысында MS SQL сервері қолданылса, «Web-бағдарламалау» пәнінің көлемінде фреймворкты арнайы сайтынан жеке орнату және CDN контентімен байланысқан қажетті баптаулар сілтемесін web-сайт кодына кірістіру арқылы қолданылған кезде MySQL сервері қолданылды. Екі жағдайда да бағдарламалық қосымшаның клиенттік бөлігінің адаптивтілігі оның маңыздылығы мен құндылығын арттыра түсті. Білім алушылар Bootstrap фреймворгын жеке тақырыптар бойынша динамикалық web-сайттар жобаларын жасақтауда қолданды.

Қорытынды

Адаптивті бағдарламалық қосымшалар құруда Bootstar фреймворгын қолдану әдістері Атырау университетінің «Информатика» және «Физика-Информатика» білім беру бағдарламаларының білім мазмұнында жүзеге асты.

Bootstrap фреймворгы – бағдарламалық қосымшалар құру, web-сайттар дизайнын жетілдіруде ыңғайлы, әр заманауи құрылымды ұсынады, ал адаптивтілік қасиеті аппараттық-бағдарламалық қамтамасыздандыру тұрғысында оның маңыздылығын арттыра түседі.

Болашақ ақпараттық технологиялар саласы мамандарына арналған білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің сұраныстарына орай жетілдіру, оқу үдерісіне жаңашыл бағдарламалық әдістер мен оңтайлы шешімдерді ендіру АКТ бағыттарын үнемі зерделеу және зерттеу нәтижесінде мүмкін болмақ.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Шваб, К.** Төртінші индустриялық революция. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2018. – 200 б.

2 **Рудакова, Г. М., Перебатов, К. С.** Использование среды разработки Bootstrap для создания современных адаптивных сайтов //Информационные технологии в науке, образовании и управлении. – 2016. – С. 279–285.

3 **Морето, С.** Bootstrap в примерах. / Пер. с англ. Рагимов Р.Н. / Науч. ред. Киселев А.Н. – М. : ДМК Пресс, 2017. – 314 с.

4 **Шибанов, С. В., Мезенков, А. А., Макарычев, П. П.** Применение метаданных в адаптивных информационных системах клиент-серверной архитектуры //Труды Международного симпозиума «Надежность и качество». – 2010. – Т. 1. – С. 120–125.

5 **Агеев, Е. Л.** Использование фреймворков при разработке программного обеспечения //Вестник современных исследований. – 2018. – №. 11.1. – С. 210–212.

6 **Гамма, Э., Хелм, Р., Джонсон, Р., Влссидес, Дж.** Проемы объектно-ориентированного программирования. Паттерны проектирования. – СПб. : Питер, 2015. – 386 с.

7 Bootstrap – Элементы сетки и как их использовать для создания макета. // <https://itchief.ru/bootstrap/grid-elements>. 21.03.2021

References

1 **Schwab, K.** Tórtinshi indýstriyalýq revoliýtsna. – Almaty : «Ultytyq aýdarma býrosy» qoǵamdyq qory [The fourth industrial revolution]. – Almaty : Public Foundation «National Translation Bureau». – 2018. – 200 p.

2 **Rudakova, G. M., Perebatov, K. S.** Spolzovanie sredy razrabotki Bootstrap dlia sozdaniia sovremennyh adaptivnyh saitov //Informatsionnye tehnologii v naýke, obrazovanii i úpravlenii [Using the Bootstrap development environment to create modern adaptive sites // Information technologies in science, education and management]. – 2016. – P. 279–285.

3 **Moreto, S.** Bootstrap v primerah. / Per. s angl. Ragimov R.N. / Naých. red. Kiselev A. N. [Bootstrap in examples. Trans. from English Ragimov R. N. / Scientific. ed. Kiselev A.N.] — M. : DMK Press, 2017. – 314 p.

4 **Shibanov, S. V., Mezenkov, A. A., Makarychev, P. P.** Primenenie metadannyh v adaptivnyh informatsionnyh sistemah klient-servernoï arhitektýry //Trýdy Mejdýnarodnogo simpoziuma «Nadejnost i kachestvo». [Application of metadata in adaptive information systems of client-server architecture //Proceedings of the International Symposium «Reliability and Quality»]. – 2010. – V. 1. – P. 120–125.

5 **Ageev, E. L.** Spolzovanie freimvorkov pri razrabotke programmogo obespechenia //Vestnik sovremennyh issledovaniï [Using frameworks in software development // Bulletin of modern research]. – №. 11.1. – P. 210–212.

6 **Gamma, E., Helm, R., Johnson, R., Vlssides, J.** Proemy obektno-orientirovannogo programmirovaniia. Patterny proektirovaniia. [Object-oriented programming openings. Design patterns]. – SPb. : Peter, 2015. – 386 p.

7. Bootstrap – Elementy setki i kak ih ispolzovat dlia sozdaniia maketa [Bootstrap – Grid Elements and How to Use Them to Create a Layout.] // <https://itchief.ru/bootstrap/grid-elements>. 21.03.2021.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*М. Ж. Мухамбетова

Атырауский университет имени Х. Досмухамедова,

Республика Казахстан, г. Атырау.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

МЕТОДЫ СОЗДАНИЯ АДАПТИВНЫХ ПРОГРАММНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ С ПОМОЩЬЮ ФРЕЙМВОРКА BOOTSTAR

На сегодняшний день потребительские спросы требуют совершенствования методов создания программных приложений. Ведущие специалисты в области языков и технологий программирования поддерживают не только объектно-ориентированное программирование с помощью библиотек, но и использование метода каркаса, то есть создание приложений с помощью фреймворка, данный метод внедряется как современный тренд в этой области. Обсуждаемая в этой статье среда Bootstrap представляет собой основу для программирования адаптивных клиентских приложений, которые можно адаптировать к основным браузерам. В связи с целью исследования в данной статье описываются методы разработки адаптивных программных приложений с помощью фреймворка Bootstrap, способы настройки фреймворка, использование контейнеров, строк и адаптивных блоков при работе в сеточном режиме, организация и реализация чтения приложений с мобильных устройств. Использование данного подхода при разработке приложений помогает создавать качественные программы за счет предотвращения трудностей, возникающих в процессе программирования и предлагается как оптимальных метод. Внедрение вышеуказанных методов в учебный процесс способствует при подготовке конкурентоспособных специалистов, обладающих современными знаниями, умениями и навыками.

Ключевые слова: bootstrap, фреймворк, адаптивность, web-сайт, программное приложение, учебный процесс.

*M. Zh. Mukhambetova

Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,

Republic of Kazakhstan, Atyrau.

Material received on 09.09.21.

METHODS FOR CREATING ADAPTIVE SOFTWARE APPLICATIONS WITH THE BOOTSTRAP FRAMEWORK

Today, consumer demands require improved methods for creating software applications. Leading experts in the field of programming languages and technologies support not only object-oriented programming using libraries, but also the use of the framework method, that is, the creation of applications using a framework, this method is being introduced as a modern trend in this area. The Bootstrap framework discussed in this article provides a framework for programming responsive client applications that can be adapted to major browsers. In connection with the purpose of research, this article describes methods for developing adaptive software applications using the Bootstrap framework, to configure the framework, use containers, strings and adaptive blocks when working in grid mode, organizing and implementing reading applications from mobile devices. The use of this approach in application development helps to create high-quality programs by avoiding difficulties arising in the programming process and is proposed as the best method. The introduction of the above methods into the educational process contributes to the preparation of competitive specialists with modern knowledge, skills and abilities.

Keywords: bootstrap, framework, responsiveness, website, software application, educational process.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

FTAMP 14.29.29

<https://doi.org/10.48081/NVSJ5687>

**К. Ш. Коккозева¹, К. С. Ахметжанова², К. Ш. Кумаржанова³,
*Р. Т. Байчинов⁴**

^{1,2,4}С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

²ШҚО ББ «Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу
кабинеті» КММ,
Қазақстан Республикасы, Қ. Қайсенов қ.

³ШҚО ББ Өскемен қаласы білім бөлімінің «№5 орта мектебі» КММ,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

⁴ШҚО ББ «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық
кеңесі» КММ,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Мақалада дизартриясы бар кіші мектеп жасындағы балаларды логопедиялық тексерудің қазіргі жағдайын талдау ұсынылған. Теориялық зерттеулерді талдау және тәжірибе аталған мәселенің өзекті екендігін көрсетті.

Авторлар дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеру кезінде нейропсихологиялық әдістерді қолдануға баса назар аударады, себебі кіші мектеп жасындағы балаларды зерттеу динамикалық, эмоционалды жағымды, кешенді болуы қажет, ал бұл жағдай тексерудің тиімді әдістерін одан ары іздеуге және қолдануға итермелейді. Авторлардың пікірі бойынша, дизартриясы бар балаларға логопедиялық тексеру барысында нейропсихологиялық әдістерді қолдану аса маңызды, өйткені сөйлеу белсенділігіне өсіп келе жатқан баланың барлық жоғары психикалық функциялары қатысады – есте сақтау, ойлау, зейін, қиял. Белгілі болғандай, баланың когнитивті сферасының дамуы сөйлеу тілінің, сондай-

ақ жоғары психикалық функциялардың дамуының негізі болып табылады. Авторлар өздерінің тәжірибелері негізінде дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеру барысында нейропсихологиялық әдістерді қолданудың маңыздылығын рет-ретімен дәлелдейді. Логопед үшін коррекциялық жұмыста дұрыс бағытта «мәжбүрлі» жұмыс жасату үшін мидың құрылымы мен оның бөлімдері бұзылыстарының түрін дұрыс анықтаудың маңыздылығы ерекше көрсетіледі.

Кілтті сөздер: дизартрия, балалар, кіші мектеп жасы, логопедиялық тексеру, нейропсихологиялық әдістер.

Кіріспе

Бүгінгі таңда логопедиялық тәжірибеде кіші мектеп жасындағы балаларда дизартриялық бұзылыстар жиі кездеседі [1].

Арнайы әдебиеттердегі зерттеулерде дизартрия сөйлеу тілі аппаратындағы ағзалар мен тіндердің жүйкемен қамтамасыз етілуінің органикалық жеткіліксіздігінен сөйлеу тілінің дыбыстарды айту жағынан бұзылуы деп көрсетілген [2].

Г. Г. Гутцман, О. В. Правдина, Л. В. Мелехова, О. А. Токарева, И. И. Панченко, Р. И. Мартынова, Е. М. Мастюкова, К. А. Семенова, Л. В. Лопатина, Н. В. Серебрякова, Э. Я. Сизова, Э. К. Макарова, Е. Ф. Архипова, Е. Ф. Соботович және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде дизартриялық бұзылыстардың симптоматикасы ретінде артикуляцияның «таза еместігі», «көмескілігі», сондай-ақ түсініксіз мәнерсіз сөйлеу, нашар дикция, буындық құрылымы бойынша күрделі сөздегі дыбыстарды алмастыру, қалдырып кету және тағы да басқалары байқалатындығы, сол себептен балалар ұзақ, жүйелі жекелей логопедиялық көмекті қажет ететіндігі нақты көрсетілген [3; 4].

Сонымен, жоғарыда аталған авторлардың зерттеу жұмыстарын талдау дизартриялық бұзылыстар кезіндегі логопедиялық тексеру жұмысы мәселені толығымен шешпейтіндігін, дизартрияны диагностирудың жаңа әдістемелік аспектілерін, тиімді бағыттарын одан ары өңдеу маңыздылығын көрсетті. Сол себептен, біздің ойымызша, кіші мектеп жасындағы балаларды зерттеу динамикалық, эмоционалды жағымды, шаршатпайтын және жан-жақты болуы керек, ал бұл жағдай тексерудің тиімді бағыттарын одан ары іздеуге және қолдануға итермелейді.

Зерттеу жұмысының теориялық бөлімі эксперименталды зерттеудегі мақсатымызды анықтауға мүмкіндік берді, ол – дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеруде нейропсихологиялық әдістерді қолдану.

Материалдар және әдістер

Эксперименталды зерттеу жыл басында және соңында 2 апта көлемінде Қ. Қайсенов кентіндегі Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» және «Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ дизартриялық бұзылыстары бар 6-7 жас (2 қыз және 4 ұл) аралығындағы 6 балаға жүргізілді.

Қазіргі кезде нейропсихологиялық әдіс сөйлеу тілі дамуындағы әртүрлі қиындықтарды нақты анықтауда қолданылады [1]. Біздің ойымызша, бұл әдіс дизартриялық бұзылыстарды диагностиқтауға, нақты айтқанда, баланың тілдік және психикалық ерекшеліктерін барынша анықтауға, түзету жұмысын нақты бағыттауға мүмкіндік береді.

Біз зертеу жұмысында А. Р. Лурия нақты болжаған сөйлеу үрдісінің психофизиологиялық негізіне сүйенеміз. Атап айтқанда, аталған концепцияда жүйелер бас миының функционалды және құрылымдық спецификасы негізінде жүзеге асатыны, оның бірі бас миының алдыңғы бөлігінде екендігін және қозғалу үрдістеріне қатысатындығы, мидың бұл бөліктері сөздің байланысын реттеп отыратындығы, ал екінші жүйе мидың артқы бөлігінде орналасқан ақпарат сақтауға өңдеуге қатысатындығы нақты дәлелденген [5].

Аталған әдістер тесттік сипатта болып, оны жүргізу барысы мен бағалау жүйесі стандартталынған [6]. Бұл сөйлеу тілі бұзылысының бейнесін көрнекі байқауға және сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарының бұзылыстарының көріну деңгейін анықтауға, баланың сөйлеу тілінің даму динамикасын және түзету әсерін нәтижелігін қарауға қолайлы болып келеді.

Осы ретте, балалардың ауызша сөйлеуін тексерудегі диагностикалық әдістемені жүргізу шарттары төмендегідей болды:

- тексеру барысында баланың эмоционалды оң күйге келтіру;
- тілдесуге оңтайлы жағдай жасау;
- ойын түрінде жүргізу;
- суреттерге сүйене отырып, сөздік нұсқауды жай немесе құрмалас сөйлем түрінде беру;
- түсінікті анықтау үшін анықтама сұрақтар қою [1].

Балаларды тексеру Л.С. Цветкованың [7] әдісі арқылы жүргізілді. Ол келесідей сатылардан тұрды:

Кесте 2 – Экспрессивті сөйлеу тілі

Тесттер	Материалдар	Қолданылуы	Симптомдарды талдау (қателіктер)
1	2	3	4
1. Спонтанды сөйлеу: әңгімелесу әдісі	Б а л а м е н о ғ а н жақын тақырыпта әңгімелесу.	Мектепте сабақтарын қалай? Сен кіммен доссың?	Былай болуы мүмкін: 1 – сұрақ мазмұнына сай, бір-екі күрделі жауап; 2 – жауаптың болмауы, эхолалия және персеверация т.б
2. Диалогтық сөйлеу тілі: қысқа сұрақ жауап әдісі.	Қ ы с қ а с ұ р а қ жауаптар.	Тақырыбы : «Мектеп туралы», «Жазғы демалыс кезінде сен не істедің?» т.с.с.	3 – нақты емес жауаптар – осы және басқада сөздік тігірендіргіштер мандай және мандай арты бөлімдердің дисфункциясын көрсетеді; 4 – мандай бөліктерінің дисфункциясы; 5 – сөзді табудағы, тіркесті құрастыру-дағы қиындық, самай, төбе бөлім-дерінің дисфунк-циясы.
Автоматтан-дырылған сөйлеу	1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды айтуы; апта, айаттарын атауы.	1-ден 10-ға дейін сана, ал енді кері сана; апта күндерін ата.	мүмкін литералды (моторлы және сенсорлы) парапазия, аграмматизмдер (әр түрлі негізден) болуы мүмкін; мидың бұзылысына әсер ететін қателіктерді дұрыс табу қажет.
Қайталау сөйлеу тілі.	а) қайталау: 1) дыбыстар: а, о, у, б, к, п, д, л, т, н, х, р, ч; 2) ұқсас ды-быстар: б-н, к-с, м-р; 3) оппози-циялық дыбыс жұптары: б-п, д-т, к-г, х-к, з-с және т.б.; 4) дыбыстар сериясы: би-ба-бо, бо-би-ба және т.б.	Қайталауға арналған мате-риал бір элемент бойынша беріледі (дыбыс, буын, сөз). «Менімен бірге сөздерді қайтала: көзінді жұмда, мұқият тындап, қайтала. Ал енді дыбыс сынарын қайтала» және т.б.	Оппозициялық дыбыс жұптарын қайталау қателігі тек қана фонематикалық естудің бұзылуы нәтижесінен ғана емес, сонымен қоса моторика бұзылы-сынан да болуы мүмкін. Басқа индикатор көмегімен тексеріледі. Осы дыбыс жұпта-рын қайталауда кемістіктердің қосылуы мидың мандай арты бөлігі-нің дисфункциясынан немесе қыртыстық белсенділіктің жалпы төмендеуінен болады.
	б) сөзді қайталау: терезе, төбе, үй, түтін.	Мұқият тындап, менімен бірге қайтала.	Сөзді қайталаудағы қателіктер әртүрлі себептерге байла-нысты болуы мүмкін: 1) фонематикалық естудің бұзылысы (самай бөлігі – 22 алаң); 2) сөйлеу процесінің инерттілігі (пер-северация, конта-минация) – мандай арты бөлік; 3) есту бұзылысы (самай бөлігі) және сөйлеудің моторлы бұзылысы (литералды моторлы парафазиялар және т.б.)

	в) сөз тіркесін қайталау (біргіндеп сөйлем көлемі күрделеніп отырады): Ай жарық. Бала ұйықтап жатыр. Қыз бала орманға барды. Бала доппен ойнап жүр.		Есту-сөйлеу есі, есту арқылы қабылдаудың көлемі тексеріледі. Мүмкін болатын қателіктер: тіркес көлемін немесе соңғы сөзді ұмытып қалу, литералды және вербалды парафазия мидың самай бөлігінің дисфункциясын білдіреді; келесі тіркес элементтерінің контаминациясы, персеверациясы маңдай және маңдай арты бөліктердің сәйкес дисфункциясына байланысты болуы мүмкін.
Белсенді сөйлеу тілі	а) бейнелі сурет бойынша әңгіме; б) өзіндік шығарма (берілген тақырыпта ауызша әңгіме)	Мына суретте не бейнелен-генін айтшы? Тек толық жауап керек. Қыс мезгілі	Белсенділік, әңгіме байланыстылығы, лексика, парафазия-ның бар-жоқтығы, аграмматизмдер, сурет сюжетіне сәйкестік тексеріледі. Бұл мәселе жан-жақты, оның көмегімен есту-сөйлеу есі, сөйлеу, вербалды ойлау тексеріледі. Қателіктер: лексикада – литералды және вербалды парафазия, лексикалық құрамның, сөйлеу грамматикасының кедейлігі (сөйлеу зоналарының зақымдалуы), пікірлердің байланыстылығы, адекваттылық, сюжет пен оның мағынасын түсіну (мидың маңдай зонасының зақымдалуы).
Номинативті сөйлеу	Номинативті суреттер бойынша заттарды атау	Мына суретті ата (көрсетіледі), ал енді мынаны т.с.с одан соң 2 сурет – мынаны ата. Сосын 3тен.	Мынандай қателіктер болуы мүмкін: сенсорлық және моторлық негізден (литеральді парафазия). Самай жарты шарының төменгі төбе және самай бөлімдерінің дисфункциясы болуы мүмкін.
	Дене бөліктерін атауы және түсінуі – мұрын, көз, мойын, құлақ, қол, аяқ, қас, шаш	Сенің мұрының қайда көрсетші?. Ал енді көзіңді, аузыңды көрсет. Ал енді менікің көрсет-ші. Бұл не айтшы? (көзді мұрынды көрсетіп айтамыз.)	Дене бөліктерінің кемістікті атағанда сомато-кеңістіктік сезінудің бұзылуы, мидың төбе бөлімінің дисфунк-циясы жайлы айтуға болады.

Кесте 3 – Импрессивті сөйлеу тілі

Тесты	Материал	Инструкция	Симптомдарды талдау (қателіктер)
1	2	3	4
1. Вербалды нұсқауларды түсіну және орындау әдісі	Тіркестер : 1. Көзінді жұм . 2. Аузыңды аш. 3.Қолыңды қой. 4.Орнын-нан тұрып, есікке барып қайта кел.	Мен саған тапсырма беремін сен мұқият тындап,орында.	Самай бөлімдерінің дисфункциясы кезінде барынша сөйлеу нұсқаулары бұзылады. Дегенмен, көбінесе, осы нұсқауларды түсіну сақталады.
2. Қаратпа сөзді түсіну: Әңгімелесу әдісі	Күнделікті өмірде қолданылатын әңгіме. «Сен бүгін таңғы асыңды іштіңбе? Сен не жедің? Бүгін ауа-райы қалай? Саған менімен бірге жұмыс жасаған ұнайма?»	Мен саған сұрақ қоямын, ал сен жауап бересің. Егер қаласаң, сенде маған сұрақ қоя аласың мен саған жауап беремін.	Мазмұны бойынша әртүрлі, контекстен тыс, жалпы тақырыппен байланысты емес сұрақтар қойған дұрыс, сонда ғана түсінудің бұзылуы анықталады. Бұл кемістік бәрінен бұрын самай бөлімдерінің дисфункциясымен байланысты.
3.Заттық сөздерді түсінуі. Аталған заттарды көрсету әдісі.	1.Заттық суреттер 2. Қоршаған орта заттары.	Алдымен бір заттан кейін екі, үш затты көрсетуін сұраймыз. «Үстелді» көрсетші, «алманы» көрсет. Алманы және қасықты көрсет.	Көлемінің үлкеюі қателіктерге әкелуі мүмкін: - Келесі сөздерді ұмыту; - Бір суретті басқасымен ауыстыру; - Бас тарту; - Адекватты емес суреттерді көрсету. Бұл кемістіктер сол жақ самай зонасының патологиясымен, оның 2-ші самай иірілімімен байланысты.
4. Тіркесті түсіну әдісі.	Сөз тіркесінің грамматикалық құрылымына байланысты жай және қысқа сөйлемдер. Түсіну көрсеткіші (индикатор) – тіркес-ке сай суретті көрсету.	Мына суреттерді көрсетші: «Бала орындықта отыр». «үстелде гүл тұр»	

5. Фонемати-калық есту.	Жеке дыбыстар: Дзьюнкті – а-к, б-л, т-ш; Оппозиционные – б, п, д, т (бір дыбыстан ғана беріледі)	Қайталау көрсеткіші. Көзінді жұмып, менімен бірге қайтала. Индикатор – дыбыс. Мен дыбысты айтамын сен сол дыбысты табасын буква (3-4 ішінен – Б, П, Г, Д немесе А, К, О, Р) Индикатор –рефлекторлы реакция. Мен Б дыбысын айтқанда, сен қолыңды көтер, ал П дыбысын айтсам, көтерме.	Қателіктер: оппозициялық дыбыстарды ауыстыру сенсорлы афазия туралы ақпарат береді (жоғары самай иірілімдерінің дисфункциясы – 22 алаң)
-------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Кесте 4 – Логикалық-грамматикалық құрылымдарды түсіну

Тесттер	Материал	Инструкция	Симптомдарды талдау (қателіктер)
1	2	3	4
1. грамматикалық құрылымдарды тексеруге	Кез келген заттар – қарындаш,кілт, дәптер	Бір заттан: «Дәптерді көрсетші ». Екі заттан (интонацияны өзгертпей): «Дәптер мен қарындашты », «дәптермен қарындашты, қарындашпен кілтті ,кілтпен дәптерді көрсет» т.с.с.	Бұл пробалар грамматикалық байланыстырып сөйлеуді түсінуді тексеруге бағытталған. Түсінудегі қателіктер мидың сол жақ жарты шарының ТРО зонасының патологиясын білдіреді.
2. салыстырмалы конструкциялар	Шыбын пілден үлкен . Піл шыбынан үлкен	Қай сөйлем дұрыс?	
3. инверсия	Қанат Аманды соқты	Кім тентек?	
4. сөйлем құрылымы	Кеңістікте жатқан заттар (қарындаш, кілт т.с.с	Қарындашты үстелге қой, қарын-дашты үстелдің астына қой т.с.с	

Нәтижелері және талқылануы

Нәтижелерді өңдеуде Л. С. Цветкованың, Т. В. Ахутинаның және Н. М. Пылаеваның ұсынған сөйлеу тілі сынамалары қолданылған Т. А. Фотекованың [8] диагностикалық әдістемесі бойынша бағалау критерилері қолданылды. Сонымен қатар, А. Р. Луриямен [5] жасалынған күрделі грамматикалық қатынастарды түсіну де зерттелінді. Ал жалпы әдістемені жүргізу жемісті болуы үшін әрбір тапсырамны орындауға байланысты балдық жүйе ойластырылған, бұл зерттеу жұмысының мақсаты мен міндетін анық айшықтауға көмектесті.

Зерттеу нәтижелерін талдау мен өңдеудің тапсырманы орындауға арналған екі деңгейі ойластырылған:

логопедиялық – бағалау жүйесі негізінде, үлгерімнің жалпы деңгейін, сөйлеудің әртүрлі жағын, тілдік сұлбаны салу;

нейропсихологиялық – сөйлеудің бұзылыстарын анықтап қана қоймай, психологиялық механизмдерді негізінде қарастырады [9]. Бұл мақсатқа жету үшін бас ми қыртысының алдыңғы және артқы бөлік функциясына сай бағалау жүйесі енгізілген. Талдаудың бұл тәсілдері А. Р. Лурия, Т. В. Ахутинаның теориясына негізделген [5; 10].

Бағалау: барлық тапсырмалар сериясы үшін жалпы критерий бойынша жүзеге асырылды:

1 балл – нақты және дұрыс жауап;

0,5 балл – өзіндік түзету немесе стимулды көмектен кейінгі дұрыс жауап;

0,25 балл – дұрыс құрылмаған форма;

0 балл – орындамау немесе орындаудан бас тарту.

Әрбір тапсырмалар тобының өздеріне тән бағалау деңгейлері бар.

Т. А. Фотекованың [7] пайымдауынша, балалардың даму деңгейлері төмендегідей болды:


IV деңгей – 100–70 % – жоғары.

III деңгей – 69,9–45 % – орташадан жоғары.

II деңгей – 44,9–20 % – орташа.

I деңгей – 19,9 % – 0 – төмен.

Жоғарыда мәліметтер негізінде экспериментке алынған балалардың алғашқы және логопедиялық түзету жұмыстарынан кейін жүргізілген екіншілік тексеру нәтижесінің салыстырмалы сараптамасы деңгейлер бойынша сандық қатынаста бағаланды.



Сурет 1 – Балаларды алғашқы және екіншілік тексеру нәтижесінің ортақ пайыздық қатынас диаграммасы

I – біріншілік тексеру; II – екіншілік тексеру.

1 – экспрессивті сөйлеу тілі; 2 – импрессивті сөйлеу тілі; 3 – логикалық-грамматикалық құрылымдар.

Қорытынды

Қорытындылай келе, біздің жоғарыда көрсеткен зерттеулерімізді айғақтайтын шешім, келесі:

1) дизартриялық бұзылыстар кездесетін балалармен жеке қарым-қатынасқа түсуге және олардың мүмкіндіктерін білуге көп септігін тигізді;

2) дизартриясы бар балаларды логопедиялық тексеруде біз қолданған нейропсихологиялық әдістер сөйлеу тілі қиындықтарын барынша анықтауға мүмкіндік берді;

3) түзете-дамытушылық жұмыстарды дұрыс жоспарлауға негіз болды;

4) аталған әдістерді алдағы уақытта қолдану көзделді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Ерсарина, А. К.** Балалардың дене және психикалық дамуының бұзылыстарын диагностикалау: ПМПК мамандарына арналған анықтамалық-әдістемелік құрал, 3 бөлім. Балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды клиникалық және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан топтастыру. – Алматы, 2014. – 306 б.

2 **Бадалян, Л. О.** Детская неврология. / Л. О. Бадалян. – М. : ООО «МЕДпресс», 1998. – 359 с.

3 **Архипова, Е. Ф.** Клинико-педагогическая характеристика детей со стертой формой дизартрии //Актуальные вопросы теории и практики коррекционной педагогики. – М., 1997. – 276 с.

4 **Лопатина, Л. В.** Структура речевого дефекта у дошкольников со стертой дизартрией //Актуальные проблемы обучения, адаптации и интеграции детей с нарушениями речевого развития. – СПб, 1995. – С. 149–150.

5 **Лурия, А. Р.** Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – Изд. 3-е. – М. : Академический Проект, 2000. – 512 с.

6 **Цветкова, Л. С.** Актуальные вопросы нейропсихологии детского возраста. – Москва-Воронеж, 2007. – 304 с.

7 **Цветкова, Л. С., Цветков, А. В.** Проблема синдрома в нейропсихологии детского возраста. – Научный журнал Вопросы психологии. – 2009. – № 2. – С. 164–170.

8 **Фотекова, Т. А.** Тестовая методика диагностики устной речи младших школьников. – М., 2000. – 129 с.

9 **Цветкова, Л. С.** Методика нейропсихологической диагностики детей. Изд. 2-е, исправленное и дополненное [текст]. – М. : «Российское педагогическое агентство», «Когито-центр», 1998. – 128 с.

10 **Фотекова, Т. А., Ахутина, Т. В.** Диагностика речевых нарушений школьников с использованием нейропсихологических методов: методическое пособие. – 2-е изд., испр. и доп. : Айрис-пресс, 2007. – 176 с.

References

1 **Ersarina, A. K.** Balalardyň дене және psihikalyq damuynyň bұзыlystaryn diagnostikalau: PMPK mamandaryna arnalǵan anyqtamalyq-ädistemelik qural, 3 bölim. Balalardyň söileu tilindegi bұзыlystardy klinikalyq және psihologialyq-pedagogikalyq тұrǵydan toptastyru. [Diagnosis of violations of the physical and mental development of children: reference manual for specialists of the PMPC, section 3. Clinical and psychological-pedagogical grouping of disorders in the language of speech of children]. – Almaty, 2014. – 306 b.

2 **Badalyan, L. O.** Detskaya nevrologiya. [Pediatric neurology]. – M. : ООО «MEDpress», 1998. – 359 s.

3 **Arkhipova, E. F.** Kliniko-pedagogicheskaya kharakteristika detej so stertoj formoj dizartrii //Aktualnye voprosy teorii i praktiki korrekcionnoj pedagogiki. [Clinical and pedagogical characteristics of children with erased dysarthria// Topical issues of the theory and practice of corrective pedagogy]. – M., 1997. – 276 s.

4 **Lopatina, L. V.** Struktura rechevogo defekta u doshkolnikov so stertoj dizartriiej//Aktualnye problemy obucheniya, adaptaczii i integraczii detej s narusheniyami rechevogo razvitiya. [Structure of speech defect in preschoolers with erased dysarthria//Topical problems of education, adaptation and integration of children with impaired speech development]. – SPb, 1995. – S. 149–150.

5 **Luriya, A. R.** Vysshie korkovye funkczii cheloveka i ikh narusheniya pri lokalnykh porazheniyakh mozga. – Izd. 3-e. [Higher human cortical functions and their disorders in local brain lesions]. – M. : Akademicheskij Proekt, 2000. – 512 s.

6 **Czvetkova, L. S.** Aktualnye voprosy nejropsikhologii detskogo vozrasta. [Topical issues of neuropsychology of childhood]. – Moskva-Voronezh, 2007. – 304 s.

7 **Czvetkova, L. S., Czvetkov, A. V.** Problema sindroma v nejropsikhologii detskogo vozrasta. [The Problem of Syndrome in Childhood Neuropsychology]. – Nauchnyi zhurnal Voprosy psikhologii, 2009. – № 2. – P.164–170.

8 **Fotekova, T. A.** Testovaya metodika diagnostiki ustnoj rechi mladshikh shkolnikov. [Test technique for diagnosing speech of junior schoolchildren]. – М., 2000. – 129 s.

9 **Czvetkova, L. S.** Metodika nejropsikhologicheskoy diagnostiki detej. Izd. 2-e, ispravlennoe i dopolnennoe. [Method of neuropsychological diagnosis of children]. – М. : «Rossijskoe pedagogicheskoe agentstvo», «Kogito-czentr», 1998. – 128 s.

10 **Fotekova, T. A., Ahutina, T. V.** Diagnostika rechevyih narusheniy shkolnikov s ispolzovaniem nejropsikhologicheskikh metodov: metodicheskoe posobie, 2-e izd., ispr. i dop. [Diagnosis of speech disorders of schoolchildren using neuropsychological methods: study guide]. – Ayris-press, 2007. – 176 s.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*К. Ш. Коккозева¹, К. С. Ахметжанова², К. Ш. Кумаржанова³, *Р. Т. Байчинов⁴*

^{1,2,4}Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск;

²КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции Уланского района»

УО ВКО, Республика Казахстан, п. К. Кайсенов;

³КГУ «Средняя школа №5» отдел образования,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорска;

⁴«Областная психолого-медико-педагогическая консультация» УО ВКО,

Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОМ ОБСЛЕДОВАНИИ ДЕТЕЙ С ДИЗАРТРИЕЙ

В статье представлен анализ современного состояния проблемы логопедического обследования детей младшего школьного возраста с дизартрией. Анализ теоретических исследований и практика показал актуальность данной проблемы.

Особое внимание авторы статьи уделяют применению нейropsихологических методов при логопедическом обследовании детей с дизартрией, так как исследование детей младшего школьного возраста должно быть динамичным, эмоционально позитивным, комплексным и это обстоятельство побуждает к дальнейшему поиску и использованию эффективных методов обследования. Применение нейropsихологических методов при логопедическом

обследования детей с дизартрией, по мнению авторов, архиважно, ведь в речевой активности задействованы практически все высшие психические функции подрастающего человека – память, мышление, внимание, воображение. И развитие когнитивной сферы ребенка, как известно, считается основой развития речи, как высшей психической функции.

На основе своего практического опыта авторы последовательно доказывают значимость применения нейropsихологических методов при логопедическом обследовании детей с дизартрией. Подчеркивается, что для логопеда важно правильно определить тип нарушения мозговой структуры и их отделов, чтобы в период коррекционной работы «заставить» их работать в нужном направлении.

Ключевые слова: дизартрия, дети, младший школьный возраст, логопедическое обследование, нейropsихологические методы.

*K. Sh. Kokkozeva¹, K. S. Akhmetzhanova², K. Sh. Kumarzhanova³, *R. T. Baichinov⁴*

^{1,2,4}S. Amanzholov East Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

²Public Utility Agency «Office of psychological and pedagogical correction of Ulansky district» Department of Education of East Kazakhstan region

³«Secondary school No. 5» training Ust-Kamenogorsk of Department of Education of East Kazakhstan region,

Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;

⁴Public Utility Agency «Regional psychological, medical and pedagogical consultation» Department of Education of East Kazakhstan region,

Republic of Kazakhstan, Ust-kamenogorsk.

Material received on 09.09.21.

USE OF NEUROPSYCHOLOGICAL METHODS IN LOGOPEDIC EXAMINATION OF CHILDREN WITH DYSARTHRIA

The article presents an analysis of the current state of the problem of speech therapy examination of primary school children with dysarthria. The analysis of theoretical research and practice has shown the relevance of this problem.

The authors of the article pay special attention to the use of neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria, since the study of children of primary school age should

be dynamic, emotionally positive, and complex, and this circumstance encourages the further search and use of effective methods of examination. The use of neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria, according to the authors, is important, because speech activity involves almost all the higher mental functions of the younger person – memory, thinking, attention, imagination. And the development of the child's cognitive sphere, as is known, is considered the basis for the development of speech, as the highest mental function.

Based on their practical experience, the authors consistently prove the importance of using neuropsychological methods in the speech therapy examination of children with dysarthria. It is emphasized that it is important for a speech therapist to correctly determine the type of violation of the brain structure and their departments in order to «force» them to work in the right direction during the correctional work.

Keywords: dysarthria, children, primary school age, speech therapy examination, neuropsychological methods.

МРНТИ 14.29.01

<https://doi.org/10.48081/TFIO9439>

***А. Д. Бримкулова¹, М. К. Бұлақбаева², Д. Н. Жүнісбек³**

^{1,3}Спорт және туризм академиясы,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Мақалада инклюзивті құзыреттілікті қалыптастырудың теориясы мен практикасына негізделген қазіргі даму кезеңіндегі тенденциялардың маңызы бұл мәселені өзекті етеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар өздеріне ыңғайлы білім беру мекемелерін еркін таңдау мүмкіндігіне ие болуы керек. Осыған орай, мақалада әр мұғалімнің кәсіби шеберліктерінің құрамдас бөлігі ретінде инклюзивті құзыреттілікті қалыптастырудың белгілі бір деңгейлері ашып көрсетілген.

Инклюзивті құзыреттілік педагог құзыреттіліктерінің құрылымдарымен байланыста қарастырылады. Педагог құзыреттіліктерінің құрамдас бөліктері – адамның жеке құзыреттіліктері, педагогтың кәсіби, арнайы және жеке құзыреттіліктер. Бұл құзыреттіліктердің жалпы сипаттамасы инклюзивті білім беруде қалыптасқан тәжірибені өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолдана алу біліктілігімен түсіндіріледі. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктері мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуде шыңдалып, өздерінің нәтижелерін беруі қажет. Сондықтан мақала қажетті, теориялық және практикалық тұрғыда маңызды деп есептейміз.

Кілтті сөздер: инклюзивті құзыреттілік, мүмкіндігі шектеулі балалар, мұғалімнің кәсіби шеберліктері, арнайы және кәсіби құзыреттілік, инклюзивті білім беру.

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім берудегі инклюзивті процесс мүгедек баланы жалпы білім беру мекемесінде қарапайым құрдастарының ортасына қосу

мен қабылдауды, оның ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, бейімделген немесе жеке білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған білім беру процесі деп түсініледі. Мүмкіндігі шектеулі баланың инклюзивті білім беруіндегі ең бастысы – құрдастарымен бірге білім беру және әлеуметтік тәжірибе алу. Яғни, басқаша айтқанда, инклюзивті білім беру – жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру. Осы орайда, жоғары оқу орындарының педагогикалық процесінде болашақ дене шынықтыру мен спорт мамандарының инклюзивті білім беруге дарялықтары бүгінгі күні өзектілігін арттырып отыр. Оларды жоғары оқу орны қабырғасында даярлау маңызды.

Біздің қоғамымыздың дамуындағы заманауи кезеңі экономикалық дамудың тұрақсыздығымен, әлеуметтік қайшылықтардың, соның ішінде дене шынықтыру мен спорт саласындағы қайшылықтардың өсуімен сипатталады. Бұл жерде зерттеу іс-әрекеттерімен сәйкес дене шынықтыру саласындағы әдіснамалық мәселелердің құны ерекше, себебі, осы сала бойынша туындайтын проблемалар мен олардың алдын алудағы негізгі бағыттарды айқындау өзектілігі белгіленген. Біздің жағдайымызда, болашақ дене шынықтыру және спорт маманының жоғары оқу орнының педагогикалық процесте инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, бүгінгі күні инклюзивті білім беру тиімділігінің негізгі критерийлері, бойында кездесетін өзіндік ерекшеліктерін анықтаудан басталады.

Ғылыми болжау мүмкін, өйткені болашақ өткеннің жалғасы ретінде қарастырылады. Бірақ маманға, оның мазмұны мен дайындық процесіне қойылатын талаптар қазіргі теория мен практикамен салыстырғанда озық болуы керек [1, 242 б.].

Дене шынықтыру жалпы білім беру мекемелерінде де, барлық бейіндегі жоғары білім беру ұйымдарында да міндетті пән болып табылады. Сондықтан, кәсіби педагогикалық білім беру аясында инклюзивті практикамен білім беру мекемелерінде дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметін сәтті жүзеге асыру үшін қажетті арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет.

Осыған орай, біздің *зерттеу жұмысымыздың мақсаты*: болашақ дене шынықтыру және спорт маманының инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, құрылымдық-мазмұндық моделін жасау, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде «құзыреттілік», «инклюзивті құзыреттілік» ұғымдарын нақтылап, «болашақ дене шынықтыру мен спорт маманының инклюзивті құзыреттілігі» ұғымына авторлық анықтама беруге талпындық.

Шынында да, инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі студенттермен өзара әрекеттесуге мұғалімдерді дайындауға ерекше назар аудару керек [2, 84 б.]. Осылайша, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кеңінен енгізу қажеттілігімен байланысты педагогикалық теория мен практиканың қазіргі даму кезеңіндегі тенденциялар мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін өзекті етеді.

Материалдар мен әдістер

Инклюзивті құзыреттіліктерді қалыптастыруда қолданылатын әдістерге біз келесі түрлерін жатқызамыз: *теориялық* – сыни тұрғыда ойлауды дамыту, ақпараттық-коммуникативті технологиялар, интербелсенді әдістер, контекстік оқыту технологиясы; *математикалық зерттеу әдістері* – сауалнама алу, интервью, статистикалық-математикалық, т.б. Зерттеу барысында нәтижеге қол жеткізу мақсатында әдістер бұзушылықты емдеуге бағытталған және мүмкіндігі шектеулі адамдар тұратын қоғамды ескермейді. Көптеген авторлар адам құқықтары бойынша мүгедектігі бар адамдарға қоғамдағы өмірлік тәжірибесін ескермейді деп санайды. Сонымен қатар, әдіс-тәсілдер негізінен кәсіби пікірлерге сүйенеді, мүгедектігі бар адамдардың өмірін олардың өздері емес, кәсіпқойлар бақылайды [3, 107 б.].

Ғылыми әдебиеттерге, ғылыми журналдарда жарияланған басылымдарға шолу білім беру саласындағы зерттеулердің жай-күйі мен тенденцияларын халықаралық деңгейде математикалық модельдеуді қолдана отырып, ұзақ уақыт бойы журналдардың кең ауқымында жарияланған мақалаларды талдау арқылы талдауды қажет етті. Мазмұнды талдау әдісі анықталған сандық заңдылықтарды кейіннен мазмұнды түсіндіру үшін мәтіндер мен мәтіндік массивтерді сандық талдау ретінде қолданылды.

Инклюзивті білім беруді іс жүзінде жүзеге асыру үшін материалдық базамен ғана емес, сонымен қатар қоғам мүшелерінің әртүрлі ұстанымдарымен, ең алдымен мұғалімдердің кәсіби қызметін жаңа жағдайда жүзеге асыруға дайын еместігімен байланысты бірқатар мәселелерді шешу қажет. Мүмкіндігі шектеулі бала білім беру мекемесін еркін таңдау мүмкіндігіне ие болуы керек екенін ескере отырып, әр мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде инклюзивті құзыреттіліктің белгілі бір деңгейіне ие болуы керек.

Құзыреттілік тәсілін іске асыру шеңберінде орындалған бірқатар зерттеулер (О. М. Бобиенко, Г. В. Никитина, А. П. Тряпицына және т. б.) қазіргі заманғы адамға (студент, маман) қажетті негізгі құзыреттердің құрамын қандай да бір түсіндіруді қамтиды. Осының салдарынан «құзыреттілік» ұғымының оны құрайтын құзыреттердің шамадан тыс санымен шамадан тыс жүктелуі байқалады [4]. Әр түрлі құзыреттер мен құзыреттердің арақатынасын реттеу

үшін, біздің ойымызша, құзыреттіліктің мазмұнды және функционалды түрлерін бөліп, қызметтің мазмұны мен оны жүзеге асыру тәсілдері туралы идеяларды ажырату қажет. Құзыреттілік дәстүрлі түрде маманның дайындық деңгейіне қойылатын Әлеуметтік талаптар, құзыреттіліктің белгілі, белгіленген мазмұны ретінде түсініледі, ол құзыретті болу үшін игерілуі керек, ал құзыреттілік осы талаптарға сәйкестік деңгейін анықтайтын жеке тұлғаның интегративті сапасы ретінде түсініледі [5; 102].

Нәтижелер және талқылау

Мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады және негізгі мазмұнды және функционалды құзыреттіліктерді қамтиды.

Мұғалімнің құзыреттілігінің тұтас құрылымын жалпы, негізгі, арнайы және жеке құзыреттіліктер жиынтығы ретінде сипаттау үшін біз келесі деңгейлерді бөлдік (Кесте 1).

Кесте 1 – Педагог құзыреттілігінің құрылымы

Қарастырылатын деңгейлер	Құзыреттіліктердің түрлері	Құзыреттіліктер құрылымы	
		Негізгі мазмұндық құзыреттіліктер	Негізгі функционалды құзыреттіліктер
Адамның жалпы құзыреттілігі	Жалпы (әмбебап)	Құндылық-мағыналық Жалпы мәдени Зияткерлік (интеллектуалды) Ақпараттық Жеке өзін-өзі жетілдіру	Білім беру Коммуникативті Әлеуметтік-кәсіби Әлеуметтік-рөлдік
Педагогтың кәсіби құзыреттіліктері	Негізгі (белгілі бір кәсіби салада)	Құндылық-мотивациялық Мәдениеттану Интеллектуалды-педагогикалық Ақпараттық Кәсіби-тұлғалық өзін-өзі жетілдіру	Операциялық: Диагностикалық Болжамдық Конструктивті Ұйымдастыру Коммуникативті Технологиялық Түзету Зерттеу
Педагогтың арнайы құзыреттіліктері	Арнайы (қызметтің нақты жағдайларында)	Мотивациялық Когнитивтік Рефлексивті	Операциялық
Педагогтың жеке құзыреттіліктері	Жеке (нақты кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған)	Мотивациялық Когнитивтік Рефлексивті	Операциялық

Кестеде, адамның жалпы құзыреттілігі жалпы негізгі мазмұнды және функционалды құзыреттіліктерді қамтитынын байқадық.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі белгілі бір кәсіби саладағы маманның, мысалы, мұғалімнің, тәрбиешінің, дефектологтың негізгі кәсіби құзыреттілігін қамтиды. Педагогикалық қызмет жүзеге асырылатын мекеменің және қызмет бағытталған объектінің ерекшелігімен талап етілетін педагогтың арнайы кәсіби құзыреттілігі, мысалы, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі (жалпы білім беретін, арнайы (түзету) мектептері, арнайы спорт мектептерінде және т.б.) немесе балалардың әртүрлі санаттарымен, ата-аналармен жұмыс жасаудағы педагогтың кәсіби құзыреттілігі.

Нақты педагогикалық іс-әрекеттің орындалуын, нақты педагогикалық мәселені шешуді қамтамасыз ететін мұғалімнің жеке кәсіби құзыреттілігі.

Мұғалімдердің инклюзивті құзыреттілігі арнайы кәсіби құзыреттілік деңгейіне жатады. Бұл мұғалімдердің оқушылардың әртүрлі білім қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру процесінде кәсіби функцияларды жүзеге асыру қабілетін анықтайтын және мүмкіндігі шектеулі баланың білім беру ұйымының ортасына қосылуын және оның дамуы мен өзін-өзі дамытуына жағдай жасауды қамтамасыз ететін интегративті жеке білім беру [6; 87].

Мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігінің құрылымына мұғалімнің инклюзивті құзыреттілігінің компоненттері ретінде қарастыратын негізгі мазмұндық (мотивациялық, когнитивтік, рефлексивтік) және негізгі операциялық құзыреттіліктер кіреді (Сурет 1).



Сурет 1 – Инклюзивті құзыреттіліктің құрамдас бөліктері

Біз зерттеу жұмысымызда болашақ дене шынықтыру және спорт маманының инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерін жүйелей отырып, мазмұндық сипаттамаларын жасауға талпындық (Кесте 2).

Кесте 2 – Болашақ дене шынықтыру және спорт маманының инклюзивтік құзыреттіліктің негізгі мазмұндық компоненттерінің сипаттамасы

№	Компоненттер	Мазмұндық сипаттамасы
1	Мотивациялық құзыреттілік	терең жеке қызығушылығымен, мүгедек балаларды қалыпты дамып келе жатқан құрдастарының ортасына қосу жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға оң бағдарлануымен, мотивтердің жиынтығымен сипатталатын мотивациялық құзіреттілікті қамтиды (әлеуметтік, танымдық, кәсіби, жеке даму және өзін-өзі растау, өзіндік әл-ауқат және т.б.).
2	Когнитивті құзыреттілік	инклюзивті оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін құндылықтар, қажеттіліктер, мотивтер жиынтығы негізінде белгілі бір кәсіби әрекеттерді орындауға ынталандыру қабілеті ретінде анықталады
3	Рефлексивті құзыреттілік	инклюзивті білім беруді дайындау және жүзеге асыру жағдайында іс-әрекетті рефлексиялау қабілетінде көрінетін рефлексивті құзыреттілікті қамтиды.

қанағаттандыру, қоғамда әлеуметтік бейімделуге, еңбек қызметін бастауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті өз елі азаматының көп қырлы жеке басын дайындау болып табылады. Өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және оқу процесін модельдейтін еркін ойшыл педагог қойылған мақсаттарға қол жеткізудің кепілі болып табылады. Қазіргі уақытта эмоционалды интеллект құбылысын, оның құрылымы мен дамуын одан әрі зерттеу қажет, бұл адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде пайда болатын эмоционалды процестер мен жағдайларды терең қабылдау арқылы қарым-қатынасты оңтайландыруға нақты мүмкіндік ашады. Эмоционалды компонент осы интегралды тұжырымдаманың стресскетозімді және бейімделу функцияларын қамтамасыз ете алатын ішкі және сыртқы компоненттермен сипатталады. Мақалада жоғары мектепте жұмыс істейтін педагогтардың психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Жұмыстың мақсаты эмоционалды интеллект деңгейі әртүрлі педагогтардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу болды. Мақалада эмоционалды интеллект деңгейі жоғары және төмен педагогтардың тұлғалық психологиялық ерекшеліктері талданады. Педагогтардың екі тобының нәтижелері арасындағы статистикалық сенімді айырмашылықтар ұсынылған. Алынған нәтижелерді эмоционалды интеллект оқу бағдарламаларын және тұлғалық және кәсіби өсу топтарының бағдарламаларын жасау үшін пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: педагог тұлғасы, психологиялық ерекшеліктер, эмоционалды интеллект, тұлғалық қасиеттер, даму.

*A. R. Algozhina, R. Sh. Sabirova

Academician E. A. Buketov Karagandy University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 09.09.21.

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF TEACHERS WITH DIFFERENT LEVELS OF EMOTIONAL INTELLIGENCE

The main goal of modern education is to meet the current and long-term needs of the individual, society and the state, prepare a multifaceted personality of a citizen of his country, capable of social adaptation in society, the beginning of labor activity, self-education and self-improvement. A freethinker, predicting the results of his activities

and modeling the educational process, the teacher is the guarantor of achieving the set goals. Currently, there is a need for further study of the phenomenon of emotional intelligence, its structure and its development, which opens up a real opportunity to optimize relationships through deep perception of emotional processes and situations that arise in people in the process of interpersonal interaction. The emotional component has internal and external components that can provide stress-resistant and adaptive functions of this integral concept. The work highlights the psychological characteristics of teachers working in higher education. The aim of the work was to study the psychological characteristics of teachers with different levels of emotional intelligence. The article analyzes the psychological characteristics of the personality of teachers with high and low levels of emotional intelligence. The statistically significant differences between the results of the two groups of teachers are presented. The results obtained can be used to develop educational programs for emotional intelligence and programs for groups of personal and professional growth.

Keywords: personality of the teacher, psychological characteristics, emotional intelligence, personal qualities, development.

<https://doi.org/10.48081/NYUJ4853>

***Г. С. Ахметова, А. Е. Біжкенова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ГОМОГЕНДІ ЖӘНЕ ГЕТЕРОГЕНДІ ТОПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОҚУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аталмыш мақалада ағылшын тілін гомогенді және гетерогенді топтарда оқыту ерекшеліктері және оқушылардың шет тілін меңгеру деңгейлері мен оқу үдерісіне әсері зерттелді. Зерттеудің өзектілігі гомогенді топтар мен гетерогенді топтардағы оқыту жайлы түрлі талқылауларға негізделіп, әртүрлі деңгейдегі оқушыларды топтастыру мәселесіне байланысты айқындалған. Зерттеу жұмысының мақсаты гомогенді және гетерогенді топтарда ағылшын тілін оқытудың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Зерттеуге жалпы орта білім беретін мемлекеттік мектепте білім алатын елу төрт оныншы сынып оқушысы қатысты. Гомогенді және гетерогенді топтарды анықтап, олармен зерттеу жүргізу үшін тілдік тест жүргізілді. Осылайша, шамамен бір деңгейлі оқушылар шоғырланған бір гомогенді топ және деңгейлері әртүрлі оқушылар оқитын үш гетерогенді топ анықталды. Топтастыру барысында екі белгіні ескеру қажет: оқушылардың оқу үлгерімінің деңгейі және оқушылардың өзара тұлғааралық қарым-қатынасы. Зерттеуге қатысқан төрт оныншы сынып эксперименталды оқытуға ашық және ерікті түрде қатысты. Оқушылар жайлы ақпарат бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері мен тестілеу нәтижелері негізінде жинақталды. Зерттеудің нәтижесі дарынды оқушылардың гетерогенді топтарда оқу үлгерімі мен уәжінің төмендеуіне әкелгенін көрсетті. Топтарға бөлу оқушылардың оқу үлгерімі мен сабақ мақсатына тікелей байланысты.

Кілтті сөздер: гомогенді топ, гетерогенді топ, бақылау, педагогикалық эксперимент, ағылшын тілін оқыту, сандық әдіс, топтастыру.

Кіріспе

Оқушыларды біріктіре оқытудың маңызды аспектілерінің бірі ол оқушыларды топтарға бөліп оқыту болып келеді. Осы кезде оқушыларды қалай топтастыру керек деген сұрақ жиі туындайды. Топтардың құрылымы жағынан гетерогенді немесе гомогенді топтардың қайсысы оқушыларға оқу жағдайына оң әсер ететіндігі жайлы әлі деп көп талқылаулар мен даулар туындап отыр. Тиімді оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін топтастыруды алдын-ала дұрыс жоспарлау керек. Топтастыру барысында екі белгіні ескеру қажет: оқушылардың оқу үлгерімінің деңгейі және оқушылардың өзара тұлғааралық қарым-қатынасы. Оқушыларды осылайша біртекті және әртекті топтарға топтастыруға болады. Оқушылар тапсырмаларды орындау үшін топтарға бөлініп орындаған жөн [1].

Оқушыларды шағын топтарға бөлу мұғалім үшін оқушылардың белгілі бір тапсырманы орындау барысында қаншалықты тиімді екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің оқушыларды топтарға бөлудегі негізгі мақсаты оқушылардың академиялық үлгерімін жақсарту екені анық [2]. Кейбір педагогтар оқушылар өзара ерекшеленуі керек деп ойлайды, сондықтан да оқытудың барлық деңгейлері гетерогенді топтарда қарастырылған. Алайда, кейбір мұғалімдер оқушыларды қабілеттері мен деңгейлеріне қарай топтастыру (гомогенді) топ болу керек деген тұжырым жасайды. Екі жақтың пікір тұжырымдарын саралағанда, гомогенді және гетерогенді топтардың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар екендігін көреміз. Бұл негізінен мұғалімнің алға қойған сабақ және оқу мақсатына және оқушылардың атқаратын тапсырмалары мен қандай тілдік дағдыларды дамытуына байланысты.

Әлемдегі заманауи білім берудің маңызды ерекшелігі инклюзия болып табылады. Дарынды оқушылар академиялық жетістіктердің орташа деңгейін көрсететін балалар және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушылар бір сыныпта білім алып жүр. Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс істеуде қажеттіліктерін академиялық және шығармашылық қабілеттерін дамытатын тұтас тәсілді қолдану өте маңызды. Бүгінгі таңда білім беру саласында оқушыларды деңгейлері мен қабілеттеріне қарай саралап деңгейлеп оқыту ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сараланған оқыту деп арнайы әрі нақты әдіс-тәсілдерді қолдану үшін оқушыларды саны және тән белгілері бойынша әртүрлі топтарға бөлудің негізінде жүзеге асыратын білім беру процесін ұйымдастырудың формасын атаймыз [3].

Гомогенді сынып (топ) (гр. - біртекті) ретінде бірдей жас шамасындағы, оқу мен меңгеру деңгейі, қызығушылықтары мен оқу мотивтері жақын оқушылардан тұратын топты қарастырады. Гомогенді топтастыру деп

бір тапсырманы орындау барысында оқу үлгерімдері, әлеуметтік және эмоционалды жағдайлары ұқсас оқушылардың бір топқа топтастырып жұмыс жасау тәсілін атайды. Мәселен, ерекше қажеттіліктері бар бір топқа, ал қабілеттері жоғары, дарынды оқушылар бір топқа топтастырылады. Гомогенді топтастыру оқушыларға бір деңгейді ұстап тұруға көмектеседі.

Гетерогенді сынып (топ) (гр. – гетерогенді) деп керісінше даму деңгейі, академиялық үлгерімі, оқуға деген қатынасы әртүрлі оқушылардан тұратын топты атаймыз [2]. Гетерогенді топтастыруда бірдей тапсырманы орындау мақсатында әрқелкі сипаттамаға ие оқушылар бір топқа жиналады. Жалпы осындай топтар оқушылардың жас ерекшеліктері, үлгерім мен білім алу деңгейі, түрлі қызығушылықтар мен қабілеттерге ие оқушылардан тұрады. Оқушылардың жастары бірдей болса да, оқу үлгерімі, әлеуметтік және эмоционалды ерешеліктері де әртүрлі болуы мүмкін. Әрине егер топтасу үшін ерік оқушылардың өздеріне берелетін болса, оқушылар өз топтарына тек достары мен жақын араласатын оқушыларды ғана алатын еді (біртекті топтар) және басқа оқушылармен оқу негізінде, бір-бірінен үйрену арқылы өзара пайда көруші еді. Оқушыларды гетерогенді топтарға бөлу кезінде осындай ұсыныс беріледі: гетерогенді топ бір дарынды оқушыдан, екі орташа деңгейлі оқушыдан және бір төмен деңгейлі оқушыдан құралу керек. Осындай топтастыру оқушыларға бір-бірінен үйреніп, бір оқушыға салмақ түсірмей, барлық оқушылар арасында тапсырманы біркелкі бөлуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісіне жалпы жақсы әсер етеді.

Шварц өз жұмысында осындай оқушылар тобын сипаттау үшін «mixed ability classes» аралас қабілеттерге ие оқушылар тобы терминін қолданған. Гетерогенді топ деп тек оқу мен пәнді меңгеру деңгейі әртүрлі оқушылар тобын емес, ал гомогенді сыныптағы оқушыларға қарағанда әртүрлі мүмкіндіктерге ие, түрлі қызығушылықтары, талаптары, өмірлік тәжірибелері бар сыныпты атаймыз. Аталмыш тақырыпқа қатысты әдебиеттерге шолу жасасақ ғалымдар топтастырудың түрлі әсері бар деген пікір айтып жүр. Зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек оқушылардың білім алу және оқу қабілеттеріне сай топтастыру мен оқытуды ұйымдастыру оқушылардың үлгеріміне әсер етеді [4].

Гетерогенді топтардағы оқушылар нәсіліне, жынысына, оқу қабілеті, алдыңғы үлгерімі немесе басқа да сипаттамалары қарай ерекшеленеді [2]. Гомогенді, яғни біртекті топтарда оқитын оқушылар ұқсас оқу қабілеттері, оқу үлгерімі немесе басқа да ұқсас танымдық, когнитивті сипаттамалары ие болып келеді.

Зерттеудің дизайнын құрастыруда авторлар негізгі сұраққа жауап іздеді: Гомогенді және гетерогенді топтарда ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктері және оқу үдерісіне әсері қандай?

Зерттеу әдістері мен материалдар

Аталмыш зерттеуде эксперимент, бақылау және сандық зерттеу әдістері сынды аралас зерттеу әдістері қолданылды. Аталмыш зерттеу жұмысында ағылшын тілін гомогенді және гетерогенді топтарда оқыту және меңгеру деңгейлері мен оқу үдерісіндегі әсері зерттелді. Зерттеуге жалпы орта білім беретін мемлекеттік мектепте білім алатын 54 оныншы сынып оқушысы қатысты. Зерттеуге қатысқан төрт оныншы сынып эксперименталды оқытуға ашық түрде қатысты. Оқушылар жайлы мәліметтер мен ақпаратты жинау үшін БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) және тестілеу нәтижелері қолданылды. Зерттелген төрт оныншы сыныптың арасында бір топ гомогенді, ал қалған үш топ гетерогенді болып анықталды. Олардың гетерогенді топқа жататындығын анықтау үшін оқушылардың жас ерекшеліктері және оқу үлгерімі мен тілдік дағдылары ескерілді. Ал гомогенді топта жалпы үлгерімі мен тілді меңгеру деңгейі ұқсас оқушылар шоғырланды. Оқушылардың тілдік деңгейін анықтау үшін алдын-ала тілдік тест алынды. Зерттеуге қатысушы оқушылардың орта жасы 16 жас екендігі анықталды. Аталмыш зерттеуде оқушылардың жыныстық ерекшеліктері ескерілмеді, сондықтан гетерогенді және гомогенді топтарда да бірдей ер балалар мен қыз балалар білім алды.

Гомогенді және гетерогенді топтарда бірдей мемлекеттік білім беру бағдарламасына, күнтізбелік жоспарға сәйкес бірдей тақырыптар оқытылды. «Space exploration and colonization», «The universe» және «Sci-fi films and film reviews» атты тақырыптар зерттелді. Әр тақырып сөйлеу, тыңдалым, оқылым және жазылым сияқты төрт тілдік дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар мен грамматикалық, лексикалық тапсырмаларын және жоба жұмыстарын қамтыды.

Аталған тақырыптардың негізінде жобалау, коммуникативті оқыту және case study әдістері гомогенді және гетерогенді топтарда бірдей қолданылды. Проблемалық оқыту және жобалық жұмыстар негізінде оқушылар әртүрлі мәселелерді біріге шешіп, өнімдері мен ойларымен бөлісіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста жұмыла жұмыс жасады. Тапсырмаларды орындау барысындағы талдаулар мен бақылаулар зерттеудің нәтижесін қорытындылауға ықпал етті.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Зерттеу барысында гомогенді және гетерогенді топтарда ағылшын тілін оқыту үдерісі зерттеліп, ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері анықталып, соңғы тестілеу мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың

нәтижелері сараланып, талданды. Жалпы зерттеу төрт апта уақытқа созылды. Оқушылардың алғашқы тестілеудің нәтижелері негізінде ағылшын тілін меңгеру деңгейі А2 ден В1 деңгейлері арасында екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесінде гомогенді және гетерогенді топтарда ағылшын тілін оқыту үдерісіне қатысты келесідей артықшылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Гетерогенді топтың артықшылықтары:

- Гетерогенді, яғни аралас қабілеттері бар оқушылардан тұратын топтағы оқушылар көп жағдайда мұғалімнен үйрене алмаған ақпаратты дарынды оқушылардан үйреніп, олардың орындаған тапсырмаларына сай ұқсас етіп, бейімдеп орындауға мүмкіндік алады.

- Оқушылар мұғалім мен толық сыныптың алдында сөйлеуден гөрі шағын гетерогенді топта ашылып, сыныптастарымен әрекеттесе отырып үйрене бастайды.

- Жоғары сынып оқушыларын гетерогенді топтарға топтастыру арқылы қабілеттері төмен оқушылар жоғары қабілетке ие оқушылармен, яғни сыныптастарымен әрекеттесу арқылы көмек алуға мүмкіндік алады. Басқа оқушылармен орнатылған қарым-қатынас негізінде оқушылар білім алу үдерісінде өткізіп немесе үйренбей, меңгермей қалған тақырыптармен ақпаратты түсініп, оқу үлгерімін жақсартуға септігін тигізеді.

- Гетерогенді топтарда оқитын дарынды оқушылардың өз-өзіне деген талаптарын жоғарлатып, өз тобында көшбасшылық, басқарушылық қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

- Кейбір оқушылар өз қабілеттері мен күштеріне сенімдік сезімдері туа пайда болып, оларды жақсы түсіне біледі. Бұндай оқушылар топтағы басқа қабілеттерін жақсы түсіне қоймаған оқушыларға бағыт беріп көмектеседі. Әсіресе бұндай оқушылар өздерінің құрбы достарына түсінбеген, меңгермеген ақпаратты қалай дұрыс жеткізе білуді меңгерген. Дәл осындай топтарда оқушылар өздерінің (soft skills) қабілеттері мен қатар тұлғаралақ, көшбасшылық дағдыларын дамыта алады.

Бұндай гетерогенді топтастыру әдісі оқушылардың түрлі ерекшеліктерін ескере отырып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып, түрлі тұлғалармен әрекеттесіп, олардың қызығушылықтарымен қабілеттерін қабылдап, оларға оқуда көмектеседі. Гетерогенді топтардың үлгерімі жағына төмен, оқу жағынан қиналатын оқушыларға көмегі мол. Алайда, дарынды балалардың үлгерімін төмендетпей, керісінше ілгерлетіп, жоғарлату үшін дарынды балаларды гомогенді топтарда оқытқан пайдалы деген пікір бар. Әдеттегідей гетерогенді топтарда оқушылар сабақты жақсы оқитын, үлгерімі жоғары, дарынды, әрі көшбасшы оқушыға бағынады. Осындай оқушы топты басқару үшін мойнына көптеген міндеттерді артады. Алайда, гомогенді топтарда

көшбасшылықтың басқа да құрылымдары қалыптасуы мүмкін, сондықтан ешқашан көшбасшы рөлін атқармаған оқушы топтағы маңызды рөлдерді орындауына тура келеді.

Гетерогенді топтың кемшіліктері. Кейбір дарынды оқушылар гетерогенді топтарда оқып, ондағы артықшылықтарды өз пайдасына жаратып жатқанда, кейбір оқушылар гетерогенді топтастыруға қарсы пікірлерін білдіреді. Дарынды оқушылар өздерінің кейбір қызығушылық танытпайтын сыныптастары, яғни топ мүшелерінің қабілеттері мен деңгелерін біле тұра, тапсырманың көп бөлігін өздері атқаруға мәжбүр болатындығын біледі. Көбінесе деңгейлері орташадан жоғары оқушылар жаттығуларды орындау барысында қиналмайтындығы белгілі, алайда олар топтың басқа мүшелерінің жаттығуды сол деңгейде тез, әрі дұрыс етіп орындай алмайтындығын көріп топ мүшелерінен көңілдері қалуы мүмкін. Осындай кезде әрдайым талаптандыруды қажет ететін оқушы, басқа топ мүшелерінің тапсырманы бөсең орындауының салдарынан пәнді тереңрек білу мүмкіндігінен айырылу нәтижесінде пәнге деген қызығушылығы төмендейді деген қауып бар. Гетерогенді топтардағы орташа деңгейлі оқушылар барлық тапсырманы өз мойнына артып, жаттығуларды тамаша деңгейде орындайтын дарынды оқушыларға бар көшбасшылықты беріп, өздерінің көштің артында қалуы мүмкіндігі бар екендігін мойындайды. Бұл әсіресе жоғары қабілетті оқушылар тапсырманы мүмкіндігінше тез орындауды мақсат ететін оқушылардың тапсырманы баяу орындайтын топ мүшелерінің деңгейлері мен мүмкіндіктеріне менсінбеушілікпен қарауына себепші болады.

Гомогенді топтардың артықшылықтары:

- Гомогенді топтастыруда кез келген топ мүшелерінің тапсырманы өз жылдамдығымен орындай алу мүмкіндігінің көп болуы. Оқу деңгейлері мен қабілеттері ұқсас немесе бірдей топ мүшелері арасында дарынды оқушылар барлық жұмысты өздері ғана орындауы екіталай, өйткені дарынды оқушылардың арасында өздері де артта қалмауды мақсат етеді.

- Оқушылардың бір топ деңгейінде басқа оқушыларды қуып жетуді мақсат етпей, өз жылдамдығының аясында жаттығулар мен тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Оқушылар бір тапсырманы біріге шешуде табандылық көрсетеді.

- Әдеттегі гетерогенді топтың моделінде көп жағдайда барлық тапсырмаларды орындайтын дарынды оқушылар ғана өз қабілеттерін айқын көрсете алады, ал гомогенді топтарда көптеген қабілеттері ұқсас оқушылар дарындылығын бірдей деңгейде көрсетуге мүмкіндікке ие болады. Қабілеттері бірдей немесе ұқсас оқушылардың арасында дарынды оқушылар

бәсекеге қабілетті болып, топ мүшесі ретінде өзінің үлесін қосуға уәжі өсе бастайды.

• Гомогенді топтар үшін мұғалім қабілетті оқушылардың деңгейіне қарай тапсырмаларды күрделендіре алады.

Гомогенді топтардың кемшіліктері. Егер гомогенді топта тек орташа деңгейлі оқушылар ғана жиналса, ондай топтарды алға жетелейтін, дамытатын көшбасшы оқушы керек болатыны анық. Немесе керісінше егер гомогенді топта тек алғыр, жоғары қабілетті оқушылар ғана жиналса әр біреуі ең күрделі тапсырмаларды орындауға лайық екендігін танытып, билік пен көшбасшылық үшін таласуы мүмкін. Соның нәтижесінде кейбір жаттығулар мен тапсырмалар жақсы орындалып, ал кейбіреуі немқұрайлықпен еленбей, дұрыс орындалмай қалуы мүмкін.

Төмендігі бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін сараласақ, білім деңгейі бірдей оқушылар үшін гомогенді топта оқу оң әсер етеді, өйткені топтағы білім беру көрсеткіші гетерогенді топтарға қарағанда жоғары екендігін аңғарамыз. Ал гетерогенді топтардың БЖБ орташа көрсеткіші төмен екендігін аңғарамыз. Талдау барысында гетерогенді топта оқитын жоғары қабілетті оқушылардың уәжі төмен екендігін байқадық, яғни олар ең жоғары ұпайларды жинауға тырыспайды, сыныптың орташа деңгейіне сай баға алуға тырысқан.

Кесте 1 – Оныншы сынып оқушылардың гомогенді және гетерогенді топтарға бөлінуі

Оқушылардың топтастырылуы	Оқушылар жалпы саны 54
Гетерогенді топ 1	14
Гетерогенді топ 2	14
Гетерогенді топ 3	13
Гомогенді топ 1	13

Кесте 2 – Оқушылардың оқу үлгерімінің салыстырмалы көрсеткіші

Топтың түрі	БЖБ негізінде жасалған оқу үлгеріміне талдау, % көрсеткіш
Гетерогенді топ 1	82,1
Гетерогенді топ 2	75,6
Гетерогенді топ 3	72,3
Гомогенді топ 1	91,2

Зерттеушілер оқушыларды гетерогенді және гомогенді топтарға бөлудің оқуға, оқу қабілетіне әсері туралы әртүрлі пікірлер айтады. Кейбір зерттеушілер оқушылардың гомогенді топқа қарағанда гетерогенді

топта оқыған білім алушыларға көп пайда әкеледі деген ой білдірген. Мысалы, Славин (1993) оқушылардың қабілеттеріне негізделіп гетерогенді топтарға бөліп оқыту оқушылардың білім алуына оң ықпал етеді деген [5]. Славин зерттеу жұмыстарында гомогенді және гетерогенді топтарда оқитын оқушылардың нәсіл мен мәдениеті, оқу қабілеті мен оқу стилін ескере отырып, екі түрлі топта білім алатын оқушылардың үлгерімі мен қанағаттанушылығына әсерін зерттеді [5]. Мәселен, Мельсер (1999) гомогенді және гетерогенді топтардағы дарынды оқушылардың өзін-өзі бағалауын өлшеп, екі топтың көрсеткіштерін салыстырды [6]. Екі топтағы оқушылардың өзін-өзі бағалау бағалау көрсеткіштері салыстыру кезінде айтарлықтай ерекшеленді. Зерттеу нәтижесі гетерогенді топта оқитын дарынды оқушылардың өзін-өзі бағалауы артты, ал гомогенді топтарда оқитын дарынды студенттер бірлесіп жұмыс істегенде өзін-өзі бағалауының төмендеуі байқалды. Татти мен Клейн (2008) сынды ғалымдардың пікірінше төмен қабілеттері ие оқушылар гетерогенді топта оқығанда басқа топ мүшелерінен қолдау және көмек алу арқылы көп пайда көреді деп пікір қалдырған. Пікірталас кезінде студенттер сұрақтарды жақсы түсініп, тапсырмаларды дұрыс орындамай алды [7]. Алайда, басқа зерттеушілер оқушыларды гомогенді топтарға топтастыруды қолдайды. Мысалы, Ваг (2003) гомогенді топтарда оқитын оқушылар гетерогенді топтарда оқитын оқушыларға қарағанда жақсы жұмыс істейтінін дәлелдеді [2]. Гомогенді топтастыру жоғары және орташа қабілеті бар оқушыларға оң әсер етуі мүмкін, алайда қабілеттері төмен оқушыларға пайдасы аз деген көзқарас білдірген. Көптеген ғалымдар тіл үйренуде жекелей емес, топтық оқыту арқылы жүзеге асырылатын коммуникативті құзыреттілік негізгі компонент болып табылады деген тұжырым айтып отыр. Розет пен Джонсон (2008) [8] өз зерттеулерінде оқушыларды топтастырып, біріге оқыту жекелей оқытуға қарағанда жоғары нәтиже береді деп айтылған. Осыған ұқсас Джиллис пен Бойлдың (2010) зерттеулерінде топтық оқытудың жекелей оқытуға қарағанда анағұрлым биік жетістіктерге жетуге ықпал етеді деген тұжырым айтылған [9]. Выготскийдің пайымдауынша, гетерогенді топтарда қабілетті оқушылар үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсету арқылы, дамуына әсер етеді [10].

Қорытынды

Сайып келгенде, зерттеу жұмыста гомогенді және гетерогенді топтастырудың ағылшын тілін меңгеру мен оқу деңгейіне әсер етуін анықтау үшін жүргізілген салыстырмалы талдаудың негізінде гомогенді және гетерогенді топтардың артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Гомогенді топтастыруда кез келген оқушы тапсырманы өз жылдамдығымен орындап, өз жылдамдығының аясында жаттығуларын орындады. Мұғалім

гомогенді топта жалпы тапсырмалар деңгейін күрделендіріп, оқушылардың осы тапсырмаларды орындауда бірдей деңгейде қабілетін көрсете алғанын аңғарды. Сол талдаудың нәтижесінде дарынды оқушылардың гетерогенді топтарда оқу үлгерімі мен уәжінің төмендеуіне әкелгенін көрсетті. Топтарға бөлу оқушылардың оқу үлгерімі мен мұғалімнің сабақ мақсатымен тікелей байланысты. Егер мұғалім сабақта үлгерімі төмен оқушылардың алға қарай басып, топтық ұжымда оқуға деген уәжін көтеріп, жалпы жекелей және топтық жұмыс жасаудың дағдыларын жақсарту үшін оқушыларды гетерогенді топтарға бөлген жөн. Егер мұғалім тапсырмаларды күрделендіріп, оларды қолжетімді етіп түрлендіруді мақсат етсе, гомогенді топтарға бөліп оқытуға болады. Негізінен мұғалім оқушылардың қандай сценарийде өздерін қалай көрсететінін бақылап, аңғару үшін осылайша гетерогенді және гомогенді топтарға бөліп бақылаған жөн. Гетерогенді топтарда барлық оқушыларының танымдық әрекеттерін қанағаттандырып, дамыту үшін оқушының деңгейіне қарай құрастырылып сараланған тапсырмалардың рөлі маңызды.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Zamani, Mona.** (2016). Cooperative learning: Homogeneous and heterogeneous grouping of Iranian EFL learners in a writing context. *Cogent Education*. 3. 1149959. 10.1080/2331186X.2016.1149959.
- 2 **Baer, J.** (2003). Grouping and achievement in cooperative learning. *College teaching*, 51 (4),
- 3 **Tomlinson, C.** (1995). Differentiating instruction for advanced learners in the mixed-ability middle school classroom. Reston, VA.: ERIC Clearinghouse on Handicapped and Gifted Children. (ERIC ED389141).
- 4 **Cindy Rochelle Schwartz.** (2016). Ability and Performance Comparisons of Gifted Students in Homogeneous and Heterogeneous Settings, *Walden University Scholar Works*, pp 1-106;
- 5 **Slavin R. E.** (1988). «Synthesis of Research on Grouping in Elementary and Secondary Schools.» *Educ. Leadersh.*, 46(1): 67 - 77.
- 6 **Melser N. A.** (1999). Gifted students and cooperative learning: A study of grouping strategies. *Roeper Rev.*, 21(4): 315.
- 7 **Wang, Z.** (2013). Effects of heterogeneous and homogeneous grouping on student learning.
- 8 **Roseth, C. J., Johnson, D. W., & Johnson, R. T.** (2008). Promoting early adolescents' achievement and peer relationships: The effects of cooperative, competitive, and individualistic goal structures. *Psychological Bulletin*, 134, 223. <http://dx.doi.org/10.1037/0033-2909.134.2.223> Roskams, T. (1999).

9 **Gillies, R. M., & Boyle, M.** (2010). Teachers' reflections on cooperative learning: Issues of implementation. *Teaching and Teacher Education*, 26, 933–940. <http://dx.doi.org/10.1016/j.tate.2009.10.034>

10 **Vygotsky, L. S.** (1978). *Mind in society: The development of higher mental processes*. Cambridge, MA: Harvard University Press

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*Г. С. Ахметова, А. Е. Бижкенова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

ВОЗМОЖНОСТИ И ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В ГОМОГЕННЫХ И ГЕТЕРОГЕННЫХ ГРУППАХ

В статье исследованы особенности обучения английского языка в гомогенных и гетерогенных группах, уровни усвоения и влияние на учебный процесс. Актуальность исследования определена в связи с проблемой группирования учащихся различного уровня, основанной на различных дискуссиях об обучении в гомогенных и гетерогенных группах. Целью статьи является выявление возможностей и особенностей обучения английскому языку в гомогенных и гетерогенных группах. В исследовании приняли участие пятьдесят четыре учащихся десятых классов, обучающиеся в государственной школе общего среднего образования. Для выявления гомогенных и гетерогенных групп был проведен языковой тест. Таким образом, были определены одна гомогенная группа, в которой обучались ученики одного уровня, и три гетерогенные группы, в которых обучаются ученики с разными уровнями. При делении на группы необходимо учитывать два признака: уровень успеваемости и межличностное взаимодействие учащихся. Четыре десятых класса, участвовавшие в исследовании, дали согласие на участие в экспериментальном обучении. Для сбора данных были использованы результаты суммативного оценивания по разделу и результаты тестирования. В результате исследования было доказано, что наблюдается снижение успеваемости и мотивации одаренных

учащихся в гетерогенных группах. Деление на группы напрямую связано с успеваемостью учащихся и целью урока.

Ключевые слова: гомогенная группа, гетерогенная группа, наблюдение, педагогический эксперимент, обучение английскому языку, количественный метод, деление на группы.

*G. S. Akhmetova, A. E. Bizhkenova

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Manuscript received on 09.09.21.

OPPORTUNITIES AND PECULARITIES OF TEACHING ENGLISH IN HOMOGENEOUS AND HETEROGENEOUS GROUPS

The article examines the peculiarities of teaching English in homogeneous and heterogeneous groups, the levels of acquisition, and the impact on learning. The relevance of the study is determined in connection with the problem of grouping students of different levels, based on various discussions about learning and their influence in homogeneous groups and heterogeneous groups. The purpose of the research is to identify the peculiarities of teaching English in homogeneous and heterogeneous groups. The study involved fifty-four tenth-grade students enrolled in a public school of general secondary education. A language test was conducted to identify the homogeneous and the heterogeneous groups. Thus, this study involved one homogeneous class, including students of the same level, and three heterogeneous groups, including students of different levels. Two characteristics should be taken into account when grouping students: student's academic performance and students' interpersonal relationships. All fifty-four students in four tenth grades agreed to voluntarily participate in the experimental training. To analyze the results of the study and data students' summative assessment test results were used. The result of the study has shown a decrease in the academic performance and motivation of gifted students in heterogeneous groups. The division into groups is directly related to students' academic performance and the lesson objectives.

Keywords: homogeneous group, heterogeneous group, observation, pedagogical experiment, English language teaching, quantitative method, grouping.

FTAMP 396.314.3

<https://doi.org/10.48081/BFFV12313>

***А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ташекова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖОО–ДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Қазақ тілін оқыту мақсаттары әр түрлі нысанаға бағытталып, білім беру мазмұны нақты қойылуы қажет. ЖОО–да тілдік емес мамандықта оқитын студенттерге қазақ тілі туралы ғылымның негіздерін беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігі түсіндіріледі. Қазақ тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу арқылы тілдің басты қатынас құралы екендігіне көздерін жеткіземіз, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, функционалдық сауаттылығын арттыруға, студенттердің тіл мәдениетін қалыптастыруға, осылайша өздігінен сөйлей, жаза білуге мүмкіндік жасалынады.

Осы тұрғыда қазақ тілі сабағында студенттердің тәрбиелік мақсаттары да ескеріліп, студенттердің шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту жағдайы жасалынуы қажет. Тілдік құбылысқа көзқарасын қалыптастыру арқылы тілдің адам қоғамымен бірге жасасып, өмір сүретінін, қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатындығын түсіндіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш мақалада қазақ тілі сабақтарында студенттердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға арналған әдістеме мазмұны, мәтінмен жұмыс жасау әрекеттері, түрлі шығармашылық жаттығу жұмыстарының жүргізу мәні қарастырылады.

Көшбасшылықтың басты көрсеткіші – саналылық пен белсенділік ұстанымы арқылы тілдің заңдылықтары мен ережелерін студенттердің жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі үшін қазақ тілін оқытуда қолданылатын сабақтардың түрлеріне, атап айтсақ, 1) жаңа оқу материалын оқып-үйрену сабағы, 2) білім-

іскерлік пен дағдыны жетілдіру сабағы, 3) білімді жүйелеу, жинақтау сабағы, 4) аралас сабақ, 5) білім, іскерлік пен дағдыны бағалау, бақылау сабақтарының ерекшеліктеріне талдау жасалынады

Кілтті сөздер: қазақ тілі, әдістеме, мамандық, көшбасшы, көшбасшылық қабілет, дамыту, лексикалық минимум, жаттығу.

Кіріспе

Әлемдік шартарап кеңістігінде жеті мыңнан астам тіл белгілі. Халықтың үштен екі бөлігі сегіз тілде ғана сөйлейді екен. Ғылым, технология және бизнесте көптілділіктің негізін құрайтын ағылшын тілі басымдыққа ие екені баршамызға мәлім.

130-дан астам ұлт өкілдері тұратын және 47-ден астам тіл қолданылатын Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа белсене кірігіп жатқандықтан, көптілді білім беру басым бағытта болатыны сөзсіз.

Қазақстан Конституциямен бекітілген мемлекеттік және ресми тілдері бар көп тілді ел болып табылады [1]. Қазақстандағы көптілділік тарихи-мәдени, саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және өңірлік себептерге байланысты кешенді түрде меңгеріліп, қоғамдағы қолданыс аясының маңызына ерекше көңіл бөлініп отыр.

2007 жылдан бері «Тілдердің үштұғырлығы» жобасы жүзеге асырылып келеді: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – әлемдік экономикаға кірігу тілі [2]. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2020 жылы қазақ тілінде сөйлейтін қазақстандықтардың үлесі 95 %, орыс тілінде сөйлейтіндердің үлесі 90 % және ағылшын тілінде сөйлейтіндердің үлесі 20 % болуы тиіс еді. Дегенмен, өзге тілді аудиторияда мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші әлі де болса, төмен. Осы ретте қазақ тілі сабақтарының жүргізу сапасы мен меңгерту талаптарына кешенді түрде, жан-жақты жұмыс жасау қажеттілігі туындап отырғаны сөзсіз.

Зерттеудің нысаны: Қазақ тілін меңгерту кезінде көшбасшылық қабілетті дамыту

Зерттеудің пәні: қазақ тілін оқыту әдістемесі, психология

Мақсаты: қазақ тілін оқыту үрдісінде ұлттық құндылық мазмұнын насихаттау арқылы көшбасшылық мінезді қалыптастыру мәнін таныту болып табылады. Көшбасшылық қызметі арқылы айтылым, сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазылым құзіреттіліктерінің функционалдық қызметінің қажеттілігі туындайды.

Міндеттері:

– тілдік материалдар көшбасшылыққа, шығармашылыққа ұмтылысты жандандыратын инновациялық технологиялар, әдіс-тәсілдер арқылы ұсынылып, оқыту контенті студенттің өмірде кездесетін тілдік жағдаяттармен салыстыра, салғастыра, байланыстыра алатындай мазмұнда нәтижеге қол жеткізу;

- тіл үйренушінің өз бетінше білім алу қабілетін дамыту;
- танымдық, зерттеу біліктілігін қалыптастыру;
- ақпараттық мәдениетін дамыту;
- ой-өрісін кеңейту және жалпы мәдениетін көтеру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Тілдік оқытудың ерекшеліктері анықталады.

1 Тілді пән ретінде оқыту

2 Қазақ тілінің оқыту тілі ретіндегі үлесін арттыру

3 Қазақ тілін терең оқыту

4 Тілді жетік білетін мұғалімдердің пәндерден сабақ беруін қамтамасыз ету.

5 Қазақ тілін сапалы оқыту арқылы студенттердің көшбасшылық және шығармашылық құзіретін арттыру.

Тілдік ортаға енгізу моделі екі тілдің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындарындағы филологиялық мамандықта оқымайтын студенттерге арнап әзірленді.

Студенттердің бірінші тілі (Т1) – бұл жағдайда елдің ресми мемлекеттік тілі, яғни қазақ тілі. Екінші тілдің (Т2) елдегі мәртебесі, абыройы мен экономикалық маңызы жоғары, өмірге қажеттілік туғызып отырған ұлтаралық тіл, немесе халықаралық тіл – ағылшын тілі. Студенттерге қос тілді қандай жағдайда пайдалану түсінікті болу үшін бірінші және екінші тілдерді әртүрлі оқытушылар оқытады. Екінші тілден сабақ беретін оқытушы осы тілді ана тілі деңгейінде немесе еркін (С1-С2) меңгеруі тиіс. Ағылшын тілін оқыту барысында оқытушы тек ағылшын тілін ғана қолданады және аударманы қолданбайды. Осындай оқытудың нәтижесінде, оқытушылар екі тілді де еркін меңгереді. Мұндай модель әлемнің көптеген елдерінде, атап айтсақ, Канада, АҚШ, Жапония, Италия, Испания және т.б. пайдаланылады.

Ана тілі өзге тілдердің дағдыларын үйретудің негізі болуы тиіс [3]. Ана тілін жақсы меңгерген студенттер өзге тілдерден мықты жазылым және оқылым дағдыларын көрсетеді.

Тілді үйреткен кезде, басты назар мәнге емес, нысанға аударылуы тиіс. Тілді жай ғана тіл үшін емес, нақты білім алу үшін үйрену қажеттілігін туғызу керек. Тілдік дағдылар, өз кезегінде, тілдік пәндерде ғана емес, тілдік емес

салалар арқылы да дамытылады. Ортақ пәнаралық тақырыптарды тілдік және пәндік сабақтарда қатар оқыту пән мазмұны мен тілдерді тиімді оқып-үйренуге ықпал етеді. Осы ретте жоғары оқу орындарында түрлі мамандықта білім алып жүрген студенттерге тілдік орта кеңістігінде көшбасшылық қабілетін дамыту зор жетістіктерге жетудің жолы екеніне көзіміз жетті.

Студенттер қазақ тілі сабағында тілді меңгере отырып, түрлі тақырыптағы білім мазмұнын кешенді түрде қабылдауға өз белсенділігін жақсы көрсете алатынын байқадық. Әр студенттің жеке көшбасшылық қасиетімен ұжымдық әрекетінің табысын көруге болады. Студенттердің бойында көшбасшылық қабілеттерді дамытуға бағыттайтын жұмыстар оқу үрдісінде ылғи басты нысанада болуы қажет. Ол үшін нағыз лидердің осындай ерекшеліктері болуы керек:

- эмоцияларды басқара білу,
- әділеттілік,
- ұқыптылық,
- сендіру қабілеті,
- уақытты дұрыс жоспарлау мүмкіндігі,
- олардың жұмысына шынайы қызығушылық,
- дұрыс мақсат қою мүмкіндігі,
- шоғырлану мүмкіндігі,
- жауапкершілік сезімі,
- харизма,
- өзін және басқа адамдарды ынталандыру мүмкіндігі,
- өзіне және басқаларға сенім,
- позитивті ойлау,
- табандылық,
- ашықтық.

Қазақ тілі сабақтарында барлық жоспарланған тапсырмаларды уақытында орындау қабілеттерін дамыту арқылы көшбасшылықтың ең басты әрекеттерін басқара алуына мүмкіндік жасалынады. Көшбасшы – бұл бәрінен бірінші орында тұратын адам, ал егер сіз ертеңгі күн үшін маңызды нәрселерді кешіктіріп қойсаңыз, сіз кез-келген жерде жетістікке жете алмайсыз. Көшбасшы тек мақсат қоюды білетін және оны жүзеге асыруға адамдардың күш-жігерін бағыттайтын адам ғана емес, ең бастысы, көшбасшы – бұл ең алдымен күш-қуатын мақсатқа жетуге бағыттайтын және адамдарды осы мәселеде басқаратын адам екенін топтағы әр студент білуі қажет.

Барлық көшбасшыларды ерекшелейтін маңызды қасиет – жауапкершілік сезімінің терең болуы. Мұны студенттердің сабақ барысында өзін – өзі

дамыту арқылы жүзеге асыру арқылы, жақсы лидер мақсаттарға, нәтижелерге және әрине, өз командасына деген жауапкершілікті түсінеді.

Адамдарды басқара алатын көшбасшылар – бұл өз идеяларымен «көш бастай алатын» және басқаларды осы ынта-жігермен жандыра алатын адамдар. Сондықтан студент өз бойында құмарлықты дамыту, шабыт пен ынтаңызды арттыратын ішкі көздерді іздеу өте маңызды екенін түсінеді.

Жақсы көшбасшылар әрқашан нені және қашан қалайтындығын нақты білетін ынталы адамдар. Бірақ, бұған қосымша, олар басқа адамдарды ынталандыруға қабілетті. Мұны қалай жасау керектігін білу үшін басқа адамдардың қалауы мен қажеттіліктерін түсіне білу керек. Сабақ үрдісінде әр тақырып мазмұнына қарай көшбасшылық моделі де өзгеріп отырады және оны басқару ережелері де әр түрлі болады.

Көшбасшы үшін адамдарға сене білу және оған сүйене отырып өкілдік ету өте маңызды. Өзіңізге деген сенім басқа адамдарға – сіздің командаңызға деген сенім тудырады. Өзіңізге және адамдарға сенуді үйреніңіз, сонда олар керемет нәтиже көрсетеді. Бұл аталмыш қасиеттерді мәтінмен жұмыс жасау кезінде жақсы жүзеге асырылады. Мәселен, мәтін идеясын ашу, белгілі бір сұрақтар кешініне жауап іздеу, тақырып қою, өз идеясын айту т.б. сияқты тапсырмалар берілгенде топ студенттерінде ынтымақтастық пен көшбасшылықтың жақсы табиғатын байқаймыз.

Көшбасшы үшін таптырмас қасиет – табандылық. Жақсы нәтиже беру үшін қолайлы жағдайлар болуы қажет емес – бұл шешуші фактор емес. Бірақ, көптеген кедергілерге қарамастан, тоқтамаған адам керемет нәтижелер көрсететіні сөзсіз. Көшбасшы әрдайым адамдар үшін ашық және өзінің тәжірибесін мүмкіндігінше жеткізуге тырысады. Сондықтан адамдармен сөйлесуге және ашық болуға тәрбиелеу мақсаты да осы қазақ тілі сабақтары кезінде жүзеге асырылады.

Студент – көшбасшы қазақ тілін меңгеру арқылы алған білімінде айқындықты көрсетіп, жаңаға бейімделуге, өзгерісті өтуге көмектесіп, әріптестерін шабыттандырады және оларды құлшындырады. Ол өз мақсатын құруы тиіс және оны топтағы студенттерімен қарым-қатынасы және кәсіби желілік қоғамдастық аясындағы өзара әрекетін өзгерту үшін қолдануы қажет. Студент – көшбасшы өзінің айналасындағы адамдардың қажеттіліктерін ескеріп ұйымдастыра алуы тиіс. Ол топтасын ынталандыра және шабыттандыра отырып, олармен қарым-қатынасты сенімге негіздеп құрады. Көшбасшылардың айрықша қасиеттерінің бірі – олар үнемі мәселені шеше салып, жаңа мәселелерді айқындауға көшеді. Осылайша студент – көшбасшының қабілеті өздерінің тұлғалық қалыптасуына

және топ студенттерінің тұлғалық-кәсіби қалыптасуына жағымды ықпал етуін көрсетеді. Студент – көшбасшы қазақ тілінде еркін, шешен сөйлеп, ынтымақтастық пен өзара шығармашылықтың жағымды психологиялық ахуалын сақтап, оларды конструктивті іс-әрекетке, міндеттерді өнімді шешуге және мақсатқа жетуге бағыттауға қабілетті.

Қазақ тілі сабақтарында көшбасшылыққа қатысты тақырыпты өту кезінде көшбасшылық туралы түрлі анықтамаларды ұстанады. Егер тренер көшбасшылық теориясын жақсы білсе, онда ол оқып жатқан студенттер пайымдарын көшбасшылықты толық түсінетіндей етіп бағыттай алады. Сонымен бірге көшбасшылыққа тән басқа маңызды белгілер назардан тыс қалмайды, яғни көшбасшылықтың басқа да көріністері бақыланбай қалмайды.

Қазақ тілі сабағында көшбасшылыққа ынталандыру үшін ынталандырудың төрт факторын іске асыруға болады.

Бірінші фактор – бұл қиын да қызықты жұмыс. Көп студенттер жүктемені сезінгенді қалайды, одан олар қанағаттанады. Яғни белсенділік танытуға, жаңа бір нәрсені жасауға, бірқалыпты жағдаяттан шығу үшін үнемі оқу және іздену үшін соған міндеттейтін тапсырма қажет. Егер күнделікті орындап жүрген тапсырмалардан болса, олар топтың мақсаты мен міндеттерін бөліспейді.

Екінші фактор жұмыстағы жоғары ынталану – бұл терең сенім білдіру ахуалы. Мұндай ахуалды жасау үшін олардан қандай нәтиже күтетініңізді хабардар ету, яғни оларға сенім білдіру. Сенім алға жетелейтінін бәріміз түсінеміз.

Үшінші фактор – нәтижеге деген жеке жауапкершілік. Студенттерге жауапкершілік арту – олардың өз күшіне сенімділігін арттыру. Оларға маңызды, ынталандыратын жұмыс беріп, қолдау көрсету нәтижелі болады. Адам өзіне жауапкершілік алған сайын, соғырлым шешім қабылдау мен көшбасшылық дағдылары шыңдалады және оның құндылығы топ үшін жоғарылай түседі.

Төртінші фактор – өзін дамыту, яғни студент өзіндегі қабілетті сезініп, іздене береді.

Қазақ тілі сабақтарында көшбасшылық қабілетті қалыптастыру жағдаятына бағытталған жұмыстардан үзінді ұсынып көрейік:

Сабақ тақырыбы – Мінез және келбет. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Жалпы мақсат: Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті, олардың үйлесімділігі туралы мәлімет. Көшбасшылықты дамыту моделі.

Грамматикалық сауаттылық: Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер (көшбасшылық қасиетті қалыптастыру, жақсы көру, көңіл бөлу, іске асыру).

Нысана: Студенттердің сабақ тақырыбының мазмұнына қарай көшбасшылық қабілетін анықтауға және дамытуға бағыт-бағдар беру.

Оқу нәтижесі:

1 Студенттің жеке тұлғалық көшбасшылық қабілетін анықтай алады.

2 Көшбасшы студенттің мінез-құлқындағы ерекшеліктерді айқындай біледі.

3 Көшбасшы жеке тұлғаны дамытудың тиімді жолдарын үйренеді.

Негізгі идеялар: Көшбасшы жеке тұлғаның басынан кешетін көптеген эмоциялық және әлеуметтік қиындықтарды жоюға болады, ол үшін олардың деңгейі мен оқу қарқынына бейімделген әрі келісілген оқу ортасы болу қажет.

Сабақта қолданылатын құрал-жабдықтар: Интерактивті тақта, маркер, стикер, А-3, А-4 парақтары, қалам, компьютер.

Оқыту әдістері:

Миға шабуыл, ашық сұрақтар қою, топтық жұмыс, АКТ, РАФТ, «Бес саусақ», «Бағдаршам» әдістері арқылы бағалау, оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Дерек көздері: «Ана тілі туралы», «Білім туралы», «Адамның мінез-құлқы туралы» және тақырып атауына қатысты цитаталар.

Тапсырмалар:

Топтық талдау, постермен жұмыс, ой тұрткі, сергіту сәті, бағалау, рефлексия.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер

Ой қозғау

Ой қозғау мақсатында «Команданы қалай басқару керек?» бейнеролик көрсетіледі.

«Қауымдастық жаттығуы» студенттер өз ойларымен бөліседі.

- 1) Көшбасшы дегеніміз кім?
- 2) «Көшбасшы» сөзін естігенде қандай ойлар туындайды?
- 3) «Көшбасшы» мен «басшы» сөздерінің айырмашылығы бар ма?
- 4) Сіздің тобыңызда көшбасшы кім?
- 5) Көшбасшылықтың қандай түрлерін білесіздер?
- 6) Топта, ұжымда, қоғамда көшбасшы қажет пе? Не үшін?
- 7) Кез келген адам өзінің көшбасшылық қабілетін дамыта ала ма?
- 8) Көшбасшы қауымның өмірін өзгерте ала ма?

Сұрақтарға жауап береді – 3 минут.

Үш топта құнды-құнды ойларын ортаға салды. Енді осы айтқандарымыз бойынша ми қыртысында сәулеленген ойларды «Көшбасшы» сөзінің анықтамасын шығарып, оны постерге түсіреді және оны қорғайды.

Тапсырма

«Менің көшбасшылық қасиеттерім»

1) Өз бойымдағы қандай көшбасшылық қасиеттерді білемін?
2) Көшбасшы болу үшін мен қандай әдеттерім мен қасиеттерімді жоюым керек?

Жеке жұмыс. Әр студент жеке жауап береді – 5 минут.

Орындалған тапсырма негізінде бағалау болады.

РАФТ әдісі – «Көшбасшылар сарайы».

1. Қатал көшбасшы
2. Сабырлы көшбасшы
3. Еңбекқор көшбасшы
4. Қайырымды көшбасшы

Аталған образдарды топта аса шығармашылықпен сомдау.

Кері байланыс: Не түсінгені жайлы, көшбасшы болу үшін қай қасиеттерді ұстанғаны дұрыс екендіктерін сұрау.

Топтарға бір-бірінің жұмысын бағалату.

Әр топ сипаттамасын жазып, постер қорғайды.

Топтар бір-бірінің жұмысын «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды – 10 минут.

Бейнеролик.

«Вот что значит быть лидером в команде» атты бейнероликті көргеннен кейін топтарға сұрақ қоямыз.

- 1) Сіздің көзқарасыңыз?
- 2) Сіздің іс-әрекетіңіз?

Бұл жұмысты да топпен орындатып, ұжымдық жұмыс сапасын анықтатып, ішіндегі белсенділігі жоғары көшбасшыны тапқызамыз. Бұл сәтті ашық демократиялы түрде немесе студенттердің қалауымен жасырын дауыспен де көшбасшы есімін анықтаймыз.

Маркетинг жөніндегі сарапшы Род Ничолс айтады: «Егер сіз әрбір клиентпен бір-ақ түрлі жолмен жұмыс істесеңіз, онда контактілеріңіздің барлық санының 25–30 % ғана шартқа келісім береді, себебі бір типті адамдары ғана қамтисыз, ал төрт типті адамдармен қалай жұмыс істеу керектігін үйренсеңіз, нәтижесі 100 % болады». Егер тиімді көшбасшы болам десеңіздер, сізге позитивті ұстаным қажет. Осы ретте тақырып мазмұнына сәйкес ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Бес саусақ» әдісін қолдануға болады.

Бас бармақ – Не ұнады?

Балан үйрек – Жаңа не білдім?

Ортан терек – Не жөнінде ойландыңыз?

Шылдыр шүмек – Өз қоржыныма не аламын?

Кішкентай бөбек – Не білгім келеді?

Шүлдір – шүлдір шүмек – Мен көшбасшымын!

3 минут.

Рефлексиялық есеп.

Басқару және көшбасшылық туралы көзқарастарын қалыптастыра отырып, практикалық тапсырмалар арқылы түсініктерін кеңейту; қатысушыларды сыни тұрғысынан ойлау арқылы қарым-қатынасын реттеу, топтық жұмыстарда көшбасшылық қызметін жан-жақты талдауды сабақтың мақсаты етіп алынады. Күтілетін нәтиже: топтаса жұмыс атқара отырып, басқару және көшбасшылық туралы түсінік қалыптасады, көшбасшы түрлерінің ерекшеліктерін айқындай отырып, қажетті жағдайда тиімді пайдалануға үйренеді. Көшбасшылық түрлерін ажыратып, ой бөлісе алады, салыстыру арқылы толғанысқа келеді. Осылайша студенттердің көшбасшылық қабілеттерін анықтап, дамыту әрекеті жүзеге асырылады.

Сабақта жағымды көзқарас орнату үшін «Жылы сөз, жылы тілек» тренингін бере отырып сергіту сәтімен басталады. Келе жатқан Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесімен құттықтап, студенттер бір-біріне мерекеге арналған жылы тілектерін айтып, бір-бірілеріне қошемет көрсетеді. Наурызға арналған әндердің тақырыбы бойынша әндердің әуенін орындай жүріп бірін-бірі тауып, топтасады. Бұл әдіс студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Сондай-ақ, топ басшысының бағалауына кезек беріледі. Әр топтан топ басшысы шығып, смайликтермен 3,4,5 баллдық жүйемен өзара бағаланады. Студенттерден бағалағанда неге сүйендіңіздер? – деп сұралады. Олар тақырыптың ашылуына қарап бағалау керектігін білулері керек. Постерлерін бағалау үшін критерийлер құру ұсынылады. Олар топтарымен бірлесе отырып критерийлер құрайды. Критерийлермен бағалап болған соң, екінші топ бірінші топтың бағасымен келісу немесе келіспеулері туралы келіссөздер жүргізіледі. Критерийлермен бағалағандағы бағаларын бағалау парақтарына жазып отырады.

1 «Мен көшбасшымын» анкета сипаттама эссе жазуға дайындық жасалынады.

2 Өз бойымдағы қандай көшбасшылық қасиеттерді білемін?

Көшбасшы болу үшін мен қандай әдеттерім мен қасиеттерімді жоюым керек? Тірек сұрақтары арқылы көшбасшылық қасиеттерге сипаттама берілу мақсаты қойылады.

РАФТ әдісімен студенттер шығармашылық жолмен жұмыс жасап, мәтінмен жұмыс жасау әрекетін жүзеге асырады. Ол үшін студенттердің әр тобына «Ұлы адамдар өмірінен» атты тақырыптағы Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиевтің шығармаларындағы жеке тұлға қасиеттері мен көшбасшылық мінезді танытатын үзінділер ұсынылады. Әр топ әр жазушыны таңдап алып, «Көшбасшылар сарайына» саяхат жасайды. Мәтін мазмұны бойынша келесі сауалдар студенттердің алдында конвертте жатады. Конверт ішінде әр жазушының шығармалар мазмұнына сәйкес сұрақтар беріледі. Мысалы, Ж. Аймауытовтың

1 Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен...

2 ...Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткіз сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр.

3 Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең – қалмасаң.

3 **Ромашин, В. Н.** Педагогическая система развития профессионально важных качеств офицера у курсантов старших курсов военного вуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук [Текст]. – Омск, 2010. – 22 с.

4 **Павлов, А. С.** Динамика учебно-важных качеств в профессиональном становлении курсантов военных вузов: дисс. ... канд. псих. наук [Текст]. – Ярославль, 2014. – 170 с.

5 **Мищенко, И. Е.** Формирование профессионально важных качеств курсантов военных вузов средствами культурно-досуговой деятельности [Текст] // Педагогический журнал. – 2019. – № 9. – С. 321–330.

6 **Джанасаев, Б. Б.** Подготовка офицерских кадров в Военно-учебных заведениях и трансформация системы военного образования [Текст] // Бағдар (Ориентир). Щучинск. – 2007. – №1. – С. 5–10.

7 **Тауланов, С. С.** Профессионально ценностное ориентирование будущих офицеров в процессе обучения военной педагогике в условиях информатизации обучения: дис. ... докт. пед. наук [Текст]. – Алматы, 2005. – 389 с.

8 **Кубеев, Е. К., Шкутина, Л. А., Карстина, С. Г.** Развитие менеджмента образования в Республике Казахстан на современном этапе [Текст] // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. – 2017. – № 4. – С. 171–184.

9 **Жафьяров, А. Ж.** Компетентностный подход: непротиворечивая теория и технология [Текст] // Science for Education Today. – 2019. – № 2. – С. 81–95.

10 **Жафьяров, А. Ж.** Методология и технология повышения компетентности учителей, студентов и учащихся по теме «Линейная функция и ее приложения»: монография [Текст]. – Новосибирск : Издательство НГПУ, 2013. – 279 с.

11 **Зимняя, И. А.** Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования [Текст] // Интернет-журнал «Эйдос». – 2006. – 5 мая. <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>.

12 **Михалькова, О. А., Марченко К. С.** Формирование умений и навыков управленческой деятельности в процессе профессиональной подготовки студентов педагогических специальностей [Текст] // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 5. – С. 70–74.

13 **Mirza, N., Mazhenova, R., Tleuzhanova, G., Ramashov, N., Akbayeva G.** Implementation of the competence-based approach into the system of training future teachers in higher educational institutions of Kazakhstan [Text] // Life Science Journal. – 2014. – Vol. 11, № 9. – P. 599–605.

14 **Sarsekeyeva, Zh. Ye., Karmanova, J. A., Mazhenova, R. B., Sharzadin A. M.** Modern Aspects of Teacher Training in Higher Education of the Republic of Kazakhstan [Text] // European Researcher. Series A. – 2013. – Vol. 52, № 6-1. – P. 1669–1672.

References

1 **Zapchnikova, I. V.** Metodiki celenapravlenno go formirovaniya professional'no vazhnyh psihofiziologicheskikh kachestv kursantov aviacionnogo vvuz [Methods of purposeful formation of professionally important psychophysiological qualities of cadets of aviation vvuz]. [Text]. Voennaya mysl' – Military thought, 2014. – № 8. – P.70–75.

2 **Ponomarenko, V. A., Vorony, A. A.** Formirovanie i razvitie professional'no vazhnyh kachestv u kursantov v processe obucheniya v VVAUL: metodicheskoe posobie [Formation and development of professionally important qualities in cadets in the process of training in VVAUL : method manual]. [Text] – М. : Voenizdat, 1992. – 184 p.

3 **Romashin, V. N.** Pedagogicheskaya sistema razvitiya professional'no vaznykh kachestv oficera u kursantov starshih kursov voennogo vuza: avtoref. dis. ... kand. ped. nauk [Pedagogical system of development of professionally important qualities of an officer among cadets of senior courses of a military university: abstract of the dissertation], [Text] - Omsk, 2010. – 22 p.

4 **Pavlov, A. S.** Dinamika uchebno-vaznykh kachestv v professional'nom stan – ovlenii kursantov voennykh vuzov: diss. ... kand. psih. nauk. [Dynamics of educational and important qualities in the professional formation of cadets of military universities: dissertation]. [Text] - Yaroslavl', 2014. – 170 p.

5 **Mishchenko, I. E.** Formirovanie professional'no vaznykh kachestv kursantov voennykh vuzov sredstvami kul'turno-dosugovoj deyatel'nosti [Formation of professionally important qualities of cadets of military universities by means of cultural and leisure activities]. [Text]. Pedagogicheskij zhurnal – Pedagogical Journal, 2019. № 9. – P. 321–330.

6 **Dzhanasaev, B. B.** Podgotovka officerskih kadrov v Voenno-uchebnykh zavedeniyah i transformaciya sistemy voennogo obrazovaniya [Training of officers in military educational institutions and transformation of the system of military education] [Text]. Bagdar (Orientir). Shchuchinsk. – 2007. – №1. – P. 5–10.

7 **Taulanov, S. S.** Professional'no cennostnoe orientirovanie budushchih oficerov v processe obucheniya voennoj pedagogike v usloviyah informatizacii obucheniya: dis. ... dokt. ped. nauk [Professional value orientation of future officers in the process of teaching military pedagogy in the conditions of informatization of training: dissertation] [Text]. Almaty, 2005. – 389 p.

8 **Kubeev, E. K., Shkutina, L. A., Karstina, S. G.** Development of education management in the Republic of Kazakhstan at the present stage [Text]. Bulletin of the Novosibirsk State Pedagogical University. – 2017. – № 4. – P. 171–184.

9 **Zhafyarov, A. Zh.** Kompetentnostnyj podhod: neprotivorechivaya teoriya i tekhnologiya [Competence approach: consistent theory and technology]. [Text]. Science for Education Today. – 2019. – № 2. – P. 81–95.

10 **Zhafyarov, A. Zh.** Metodologiya i tekhnologiya povysheniya kompetentnosti uchitelej, studentov i uchashchihsya po teme «Linejnaya funkciya i ee prilozheniya»: monografiya [Methodology and technology of improving the competence of teachers, students and students on the topic «Linear function and its applications»: monograph]. [Text] -Novosibirsk: Izdatel'stvo NGPU, 2013. – 279 c.

11 **Zimnyaya, I. A.** Klyuchevye kompetencii – novaya paradigma rezul'tata sovremennogo obrazovaniya [Key competencies – a new paradigm of the result of modern education]. [Text]. Internet-zhurnal Eidos - Online magazine Eidos. – 2006. – 5 may. <http://www.eidos.ru/journal/2006/0505.htm>.

12 **Mihal'kova, O. A., Marchenko, K. S.** Formirovanie umenij i navykov upravlencheskoj deyatel'nosti v processe professional'noj podgotovki studentov pedagogicheskikh special'nostej [Formation of skills and abilities of managerial activity in the process of professional training of students of pedagogical specialties]. [Text]. Mezhdunarodnyj zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya – International Journal of Experimental Education, 2014. – № 5. – P. 70–74.

13 **Mirza, N., Mazhenova, R., Tleuzhanova, G., Ramashov, N., Akbayeva, G.** Implementation of the competence-based approach into the system of training future teachers in higher educational institutions of Kazakhstan. [Text]. Life Science Journal. – 2014. – Vol. 11, № 9. – P. 599–605.

14 **Sarsekeyeva, Zh. Ye., Karmanova, J. A., Mazhenova, R. B., Sharzadin, A. M.** Modern Aspects of Teacher Training in Higher Education of the Republic of Kazakhstan. [Text]. European Researcher. Series A. – 2013. – Vol. 52. – № 6-1. – P. 1669–1672.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

*С. Ф. Семенихина, В. В. Семенихин

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

КУРСАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСКЕРИ УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ОҚЫТУШЫНЫҢ РӨЛІ

Мақалада курсанттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы әскери университеттегі мұғалімнің ролі қарастырылады. Мұғалімнің функциялары талданады, оның жетекшісі ұйымдастырушылық функция болып табылады (атап айтқанда - ұйымдастырушылық қабілеттер). Сондай-ақ, мақалада курсанттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ең сәтті болатын жағдайлар сипатталған. Қазіргі жағдайда әскери ЖОО оқытушысының тәрбиелік қызметі ЖОО-дағы курсанттарға педагогикалық қолдау және көмек көрсету, түсіністікпен және жанашырлықпен қатысу жағына ауысатындығына байланысты қабілетті іске асыруға ерекше орын беріледі. Бұл мақалада болашақ офицердің жеке басын қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын дамудың белгілі бір ерекшеліктерін ескеруі керек курсанттар тобын

басқару шеңберіндегі әскери университет мұғалімінің қызметі баса айтылған.

Кілтті сөздер: әскери ЖОО педагогы, педагогикалық функциялар, ұйымдастырушылық қабілеттер, курсант, әскери-кәсіби маңызды білім, кәсіби құзыреттер, әсеке тұлғаны қалыптастыру, психологиялық жайлы жағдайлар.

*S. F. Semenikhina, V. V. Semenikhin
K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.
Material received on 09.09.21.

THE ROLE OF A TEACHER IN A MILITARY UNIVERSITY IN THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES AMONG CADETS

The article considers the role of a teacher in a military university in the formation of professional competencies among cadets. The functions of the teacher are analyzed, the leading of which is the organizational function (namely, organizational abilities). The article also describes the conditions in which the formation of professional competencies of cadets will be most successful. The realization of the ability is given a special place due to the fact that in modern conditions, the educational activity of a teacher of a military university departs in the direction of understanding and empathetic participation, providing pedagogical support and assistance to cadets studying at the university. This article emphasizes the activity of a military university teacher in the management of a cadet team, where he must take into account certain features of development that play a special role in the formation of the future officer's personality.

Keywords: teacher of a military university, pedagogical functions, organizational skills, cadet, military-professional important knowledge, professional competencies, personality formation, psychologically comfortable conditions.

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/MEMY5880>

Г. А. Хусаинова¹, Ө. Займоғлы², *Д. Т. Тапенов³

^{1,3}Қазақ ұлттық өнер университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан, қ.;
²«Ақдениз» университеті,
Түркия, Анталья қ.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДОМБЫРАШЫ- СТУДЕНТТЕРДІ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕССИНДЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

Бүгінгі таңда қазақстандық музыкалық білім беру жүйесіндегі домбырашы-орындаушыларды дайындау процессі үнемі даму үстінде. Осыған орай, білім беру стратегиясы да өзгеруде. Қазіргі ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау стратегиясы құзыреттілік тәсілдің басымдылығына және студентке орталықтандырылған оқытуға (студентоцентрированное обучение) негізделіп, кәсіби қызмет ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Қазіргі кезде ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау күрделі, әрі көпқырлы процесс. МЖБС-да көрсетілгендей, заманауи домбырашы орындаушылық-технологиялық шеберлігі жетілген музыкант-орындаушы ғана емес, домбыра орындаушылық өнерін үйрететін педагог, шығармашылық процессті ұйымдастыратын менеджер, домбыра өнеріндегі мәселелерді қарастыратын зерттеуші. Сондықтан оқу процессінде домбырашы-студенттің орындаушылық шеберлігін жетілдіруін, педагогикалық бағытты меңгеріп, ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыруын және ғылыми-зерттеу жұмыстарына араласуын қамтамасыз ету керек. Зерттеу барысында 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметте ең қажетті және жеткілікті деген құзыреттіліктері алғаш рет анықталып, оларға сипаттама берілді және оқу процессінде апробацияланды. Болон процессінің талаптарына сәйкес, домбырашы-студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда студентке орталықтандырылған оқыту тәсілдерін іске асыру, яғни, студенттің өздігімен білім алу, өз оқу траекториясын таңдау дағдыларын дамытып, студенттің оқу

процесі үшін жауапкершілігін арттыру бүгінгі күнгі аса өзекті мәселелердің бірі. Осыны ескере, ЖОО-да домбырашы-студенттерді кәсіби қызметке дайындау процесінде білім беру мазмұны кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы, яғни, оқу пәндері кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру стратегиясын ұстануы маңызды болып табылады.

Кілтті сөздер: ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау, құзыреттілік тәсіл, білім беру стратегиясы, студентке орталықтандырылған оқыту, домбыра орындаушылық өнері, домбырашы-студенттің орындаушылық шеберлігі, педагогикалық құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік, орындаушылық құзыреттілік.

Кіріспе

Бүгінде күйшілік өнер мұрасын сақтау мен ары қарай дамыту міндеті кәсіби музыкалық білімі бар домбырашы, қобызшы, сыбызғышыларға жүктеліп отыр. Кәсіби домбырашыларды ЖОО-да 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖБС) және жоғары оқу орындарының өздері әзірлейтін оқу бағдарламалары (оқу жұмыс жоспары, жеке оқу бағдарламалары және пәндер бойынша оқу жұмыс жоспарлары) негізінде дайындайды [1].

МЖБС мазмұнына сәйкес, 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр өнер, мәдениет және білім беру салаларында орындаушылық, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушы-басқарушылық қызмет түрлерімен айналысуға құқылы [1, 2 б.]. Бұл ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындаудың күрделі, әрі көпқырлы процесс екендігін көрсетеді. Яғни, қазіргі домбырашы домбыра орындаушылық өнерін меңгеріп қана қоймай, оны үйрете білуі, дәстүрлі музыка аясында зерттеулер жүргізіп, шығармашылық ұжымдардың қызметін ұйымдастыра білуі үшін, оның кешенді білім алуын қамтамасыз ету қажет. Кәсіби қызметіне қарай, домбырашыға келесі біліктілік талаптары қойылады:

6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр кәсіби қызмет түрлерін сапалы атқаруы үшін, оны дайындау барысында құзыреттілік тәсілді қолданудың өзектілігі ерекше мәнге ие. Осыған орай, кәсіби қызмет түрлерін атқаруға қажетті кәсіби құзыреттіліктерді анықтап, оларға сипаттама беріп, оқу процесінде құзыреттіліктерді игеру жолдарын көрсету зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша нормативтік құжаттарға, оқу-әдістемелік құралдарға талдау жүргізілді, музыкатану, музыкалық білім педагогикасы, домбыра өнері педагогикасы бағытындағы ғылыми зерттеулермен жұмыс жүргізілді, домбыра орындаушылық өнері саласындағы алдыңғы қатарлы профессорлық-педагогикалық құраммен өткізілген сұхбат материалдары қолданылды. МЖБС-да көрсетілген болашақ домбырашының кәсіби қызмет түрлері, оған қойылатын біліктілік талаптары талданды. 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби құзыреттіліктері анықталып, оларға сипаттама берілді және оқу процесінде құзыреттіліктерді игерудің педагогикалық шарттары апробацияланды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу жұмысымызда 6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврды атқаратын қызметіне қарай домбырашы-орындаушы, домбырашы-педагог, домбырашы-зерттеуші және домбырашы-ұйымдастырушы деп атаймыз. Осыған сәйкес, домбырашы-студент болашақта музыкалық-орындаушылық қызметті сапалы атқаруы үшін, оқу барысында келесі құзыреттіліктерге игеруі керек:

- Орындаушылық-технологиялық құзыреттілік;
- Жеке концерттік-орындаушылық құзыреттілік;
- Ұжыммен орындау құзыреттілігі;
- Шешендік өнер;
- Музыкалық өлкетану құзыреттілігі.

Орындаушылық-технологиялық құзыреттілік болашақ кәсіпқой домбырашының домбыра орындаушылық шеберлігінің жоғары деңгейіне ие болуына көздейді. Орындаушылық шеберлік ұғымы музыкалық-орындаушылық қызмет пен музыкалық-көркемдік шығармашылық негіздерін білуді, домбыра аспабында дыбыс шығару технологиясы мен орындаушылық тәсілдердің техникасын меңгеруді, музыкалық стильдер мен жанрлардың, домбыра күйшілік мектептерінің ерекшеліктерін түсінуді қамтиды [2, 122 б.].

6В02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр *жеке концерттік орындаушылық құзыреттілігіне* ие болуы керек. ЖОО-да домбырашы студенттерді дайындау процесінің маңызды міндеттерінің бірі – орындаушының жеке концерттік репертуарын қалыптастыру болып табылады. Домбырашы студенттерді дайындауда педагогикалық репертуар мәселесіне ерекше назар аударылып, домбырашының репертуары кең, жан-жақты, барлық орындаушылық

стильдерді қамтуын қадағалау керек. Бұл туралы профессор Қ. Ә. Мұхитов та айтқан болатын [3, 54 б.].

Болашақ домбырашының жеке концерттік орындаушылық құзыреттілігін қалыптастыруда, оның эмоциялық, интеллектуалдық, физикалық және психологиялық дайындығын қамтамасыз ету керек, яғни, домбырашы-студенттің орындаушылық шеберлігін жетілдірумен бірге, жан-жақты білімділігін арттырып, дүниетанымын кеңейту, бойына сенімділік орнатудың маңыздылығы жоғары [4, 408 б.].

Сонымен қатар, домбырашы-орындаушы оркестр және ансамбль құрамында орындаушылық қызмет атқара алуы керек. Музыкалық ұжымда орындаушылық қызмет атқару үшін домбырашы-орындаушы домбыра аспабында орындау техникасының биік деңгейіне ие, ноталық сауаттылығы жоғары болуымен қатар, дирижер мен ұжым мүшелерімен байланыс орната білуі керек.

Музыкатанушы ғалым Г. Н. Омарованың зерттеулерінде қазақтың күй өнері музыкалық мәтін мен ауызша айтылатын аңызынан тұратын синкретикалық жанр екендігін көрсетеді [5, 162 б.]. ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау процессінде бұны ескеріп, домбырашы-студенттің күй аңызын білуімен қатар, оны көркем тілмен әңгімелеуге үйретіп, оның бойындағы *шешендік өнерді* қалыптастырудың маңыздылығы жоғары. Күй аңызын айту орындаушы мен тыңдаушы арасында байланыс орнауына ықпал етіп, орындаушыдан әңгімені түрлендіріп, ары қарай дамытып айтуды талап етеді.

Қазақтың күй өнерін зерттеуге зор үлес қосқан ғалым А. Сейдімбек, домбыра күйшілік өнерін Алтай-Тарбағатай, Арқа, Жетісу, Қаратау, Сыр бойы, Батыс Қазақстан және Маңғыстау деген жеті мектепке бөліп қарастырады. Бұлайша бөлуде географиялық принцип санаға бірден ұялағанмен, негізгі принцип шын мәнінде музыкалық дәстүрге негізделеді [6, 46 б.].

Домбырашы-орындаушы күйшілік мектептердің стильдік, орындаушылық, құрылымдық, интонациялық ерекшеліктерін меңгеруі үшін әр мектептің таралу аймағын, сол өңірдің этникалық құрамын, көрші халықтар мәдениетінің әсерін, тарихи оқиғаларды, вокалдық музыкасы мен салт-дәстүрі сияқты музыкалық-өлкетану материалдарымен таныс болуы керек. Осылайша ЖОО-да домбырашы студенттерді орындаушылық қызметке дайындау барысында, оның *музыкалық-өлкетану құзыреттілігін* қалыптастыру да маңызды орынға шығып отыр [7, 204 б.].

БВ02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр музыкалық оқу орындарында педагогикалық қызметті нәтижелі атқаруы үшін келесі құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

- Музыкалық-педагогикалық құзыреттілік;
- Кәсіби-коммуникативті құзыреттілік;
- Медиа-коммуникативтік құзыреттілік;
- Музыкалық-психологиялық құзыреттілік;
- Әдіснамалық-әдістемелік құзыреттілік.

ЖОО-ның домбырашы-студентінің болашақта педагогикалық қызметті нәтижелі атқаруы үшін оқу барысында оның музыкалық-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру маңызды. Домбырашының *музыкалық-педагогикалық құзыреттілігі* деп оның арнайы домбыра педагогикасының заңдылықтары, принциптері мен әдістерін кәсіби практика қолдана алуы, оқу бағдарламасымен таныс болуы, педагогикалық репертуарды меңгеруі, оқу процессін ұйымдастыра білуі деп түсінеміз [8; 9].

Музыкалық ЖОО-ның домбырашы түлектерінің басым бөлігі музыкалық-педагогикалық қызметке араласатындығы мәлім. Бұл музыкалық оқу орындарында білікті домбырашы-педагогтарға сұраныстың жоғары екендігі байқатады [10, 6 б.]. Сондықтан ЖОО-да домбырашы студенттерді дайындау бағдарламасына музыкалық-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Педагогикалық процесстің оқытушылар мен білім алушылар арасындағы байланысқа негізделуі домбырашы-педагогтың *кәсіби-коммуникативті құзыреттілігінің* болуын талап етеді. Кәсіби-коммуникативті құзыреттілік домбырашы-педагогтың білім алушылармен және педагогикалық ұжыммен кәсіби жайлы қарым-қатынас орната білуін көздейді.

Қазіргі жоғары технологиялар ғасырында оқыту процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану заңдылық. Осыған орай, домбырашы-педагогтың келесі құзыреттілігі – *медиа-коммуникативті құзыреттілігінің* өзектілігі жылдан-жылға артады. Бұл құзыреттілік домбырашы-педагогтың оқыту процесін жеңілдетіп, тиімділігін арттыру мақсатында медиа құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды, инновациялық технологияларды пайдалануын көздейді. Домбырашы-педагогтың медиа-коммуникативті құзыреттілігі қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында ерекше маңызға ие болып отыр.

Домбырашы-педагог білім алушылармен байланыс орнатып, нәтижелі педагогикалық процессті ұйымдастыруы үшін музыкалық психология негіздерін білуі керек. Бұнымен ЖОО-да оқу барысында болашақ домбырашы-педагогтың *музыкалық-психологиялық құзыреттілігін* қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады. Домбырашы-педагогтың музыкалық-психологиялық құзыреттілігі деп музыкалық психология негіздерін білуі, білім алушының психологиялық жағдайын тануы,

музыканың студент психикасына әсер ету процессі туралы түсінігінің болуын айтамыз [11, 169 б.].

Педагогикалық қызметпен айналысу үшін домбырашы-педагогтың *әдіснамалық-әдістемелік құзыреттілігінің* болуы маңызды. Домбырашы-педагог білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу процессін толыққанды ұйымдастыра алуы үшін домбыра орындаушылық өнерін үйретудің әдістемесі мен әдіснамасын меңгеруі керек.

6B02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметпен айналысуы үшін оқу процессінде оның келесі құзыреттіліктерін қалыптастыру қажет:

- Ұйымдастырушылық құзыреттілік;
- Коммуникативті құзыреттілігі;
- Музыкалық-ағартушылық құзыреттілік;
- Домбыра үйрету процессін ұйымдастыру құзыреттілігі.

Домбырашы-студенттің болашақта ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті атқара алуы үшін оқу барысында оның ұйымдастырушылық құзыреттілігін қалыптастыру керек. Домбырашының бұл құзыреттілігі бүгінгі нарықтық экономикада ерекше маңызға ие. Домбырашының *ұйымдастырушылық құзыреттілігі* оның мәдениеттегі менеджмент негіздерін, экономикалық дамудың негізгі ұғымдарын, музыкалық шығармашылық процесстерді, мәдениет туралы заңды білуімен; өнер және мәдениет мекемелерінің, шығармашылық ұйымдардың, концерттік ұжымдардың қызметін жүзеге асырудың технологиялық базасын қалыптастыру, шығармашылық жобаларды ұйымдастыру, концерттік бағдарламаларды құрып, жүзеге асыру міндеттерін атқара алуымен сипатталады [1, 5 б.].

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет домбырашы-ұйымдастырушыдан әлеуметтік ортада байланыс орната білуді, яғни *коммуникативті құзыреттілікті* талап етеді. Бұл құзыреттілік домбырашы-ұйымдастырушының күрделі коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерге ие болуымен, қарым-қатынастағы мәдени нормалар мен шектеулерді, қарым-қатынас саласындағы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді білуімен, әдептілікті сақтау, тәрбиелік, ұлттық менталитетке тән және мамандық аясындағы коммуникативті құралдарды игеруімен сипатталады [12, 6 б.].

Домбырашының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі оның орындаушылық және педагогикалық қызметімен де ұштасады. Орындаушылық салада *музыкалық-ағартушылық құзыреттілік* домбыра күй өнерін насихаттау жұмыстарымен ұйымдастырумен сипатталады. Музыкалық

ағартушылық музыкалық қызметтің барлық түрін: композиторлық және орындаушылық шығармашылық, музыкатану, музыкалық педагогика және концерттік істі біріктіргендіктен ұйымдастыруды қажет етеді [13, 832 б.].

Домбырашының ұйымдастырушылық қызметі педагогикада домбыра үйрету процессін ұйымдастыру құзыреттілігінен көрініс табады. Домбырашы-ұйымдастырушының бұл құзыреттілігі оның оқу процессін ұйымдастыра білуімен, әкімшілік қызметтің негіздерін меңгеріп, білім беру мекемелерінде басқару қызметін жүзеге асыра алуымен сипатталады [1, 4 б.].

Оқыту процессінде домбырашы-студенттерді ғылыми дәлелденген біліммен қаруландыру аса маңызды болып табылады. ЖОО-дағы домбырашы-студент болашақта ғылыми-зерттеу қызметін сапалы атқаруы үшін оқу барысында келесі құзыреттіліктерді игеруі керек:

- Ізденушілік құзыреттілік;
- Оқу процессін зерттеу құзыреттілігі;
- Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік;
- Шет тілдерін меңгеру.

Домбырашы-зерттеушінің ғылыммен айналысуы үшін оның *ізденушілік құзыреттілігі* болуы керек. Домбырашы-зерттеушінің бұл құзыреттілігі оның жаңа білімдерді игеруге құштарлығы мен ғылыми әдебиеттерге қызығушылығының болуымен, ғылымдағы мәселелерді анықтап, олардың шешімін ұсына білуімен, ғылыми болжамдар жасап, оларды дәлелдей алуымен сипатталады.

Көп жағдайда домбырашы-зерттеуші ғылыми-зерттеушілік қызмет пен педагогикалық қызметті қатар атқаратындығын практикадан байқаймыз. Домбыра орындаушылық өнерін үйрету саласында домбырашы-педагог практикалық міндеттерді орындаса, домбырашы-зерттеуші домбыра үйрету процессінің заңдылықтарын зерттеп, оның мақсаты, мазмұны мен әдістерін әзірлеумен айналысады. Домбырашы-зерттеушінің *оқу процесін зерттеу құзыреттілігі* оның домбыра үйрету процессінің заңдылықтарын, әдіснамалық негіздерін біліп, оны жетілдірудің жолдарын анықтау қабілетімен сипатталады.

ЖОО-ның домбырашы-студенттің болашақта ғылыми-зерттеу қызметін атқаруында *ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігінің* маңыздылығы ғылыми зерттеу материалдарын жинақтау барысында сыни көзқарасты ұстанумен, яғни, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануда сенімді ақпарат көзіне жүгініп, мәліметтерді іріктеп, салыстырып, тексеріп, оны ғылыми зерттеуде пайдалана білумен сипатталады.

Заманауи домбырашы-зерттеуші ғылыми-зерттеу қызметі барысында түрлі ақпарат құралдарын, ақпарат көздерін қолдана білуі маңызды. Қазіргі

жаһандану заманында ғылыми жаңалықтардан хабардар болып, әлемдік ғылыми ашылымдарды біліп, оларды практикада қолдану, өзінің ғылыми-зерттеу нәтижесімен ғылыми ортада бөлісу аса өзекті. Бұл домбырашы-зерттеушіден кәсіби бағыттағы бірнеше шет тілін білуді талап етеді. Сондықтан ЖОО-да домбырашы-студенттердің оқу бағдарламасында «Шет тілі» пәніне ерекше назар аударылады.

Қорытынды

Бүгінгі таңда ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау стратегиясы модернизациялауға ұшырауда. Яғни, қазіргі оқу процесі үнемі дамытуды, жетілдіруді, жаңа әдіс-амалдарды, тәсілдерді қолдануды көздейді. 6B02142 «Халық аспаптары» (домбыра) білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың болашақта кәсіби қызметін нәтижелі атқаруы үшін оқу процессінде құзыреттілік тәсіл мен студентке орталықтандырылған оқыту тәсілдерін қолданудың өзектілігі артауда.

Құзыреттілік тәсілге жүгіну Болон процессінің негізгі талаптарының бірі болғандықтан, зерттеуімізде «6B02142 – Халық аспаптары (домбыра)» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызмет түрлері, оған қойылатын талаптар анықталып, домбыра орындаушылық өнері саласындағы үздіксіз білім беру үлгісі, оқыту, дамыту және тәрбиелеу заңдылықтары, принциптері мен әдістері, пәнаралық байланыс пен білім мазмұны алғаш рет құзыреттілік стратегия негізінде қарастырылды. ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау процессінде құзыреттілік тәсіл бұрыннан бар болғанымен, жеке тақырып ретінде алғаш зерттеліп, мазмұндық жағынан талданып, сипаттама берілді. ЖОО-ның аяқтаған домбырашының кәсіби құзыреттіліктерін іріктеліп, кәсіби қызметте ең қажетті және жеткілікті құзыреттіліктерді анықталды.

Мақала материалдары ЖОО-да домбырашы-студенттерді дайындау процессінің теориялық және практикалық негіздерін зерттеуіміздің нәтижесі болып табылады. Қорытындылай келе, құзыреттілік тәсіл музыкалық білім беру процессінің негізі ретінде, болашақ домбырашының ЖОО-да оқу барысында кәсіби білімдер мен дағдаларды қалыптастыруын қамтамасыз етеді деген тұжырымға келеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 050404 «Дәстүрлі музыкалық өнер» (домбыра) : ҚР МЖМБС 3.08.286-2006. [2005-12-23 бастап қолданысқа енгізілді]. – Астана : ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2006. – 41 б. (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты)

2 **Валеева, Ф. Х.** Вопросы развития исполнительского мастерства музыканта-инструменталиста на этапе высшего профессионального образования / Педагогическое мастерство: материалы III Международной научно-практической конференции (июнь 2013 года). – Москва : Буки-Веди, 2013. – С. 122–124.

3 Ұстаздардың ұстазы / Құрастырған К.Сахарбаева. – Алматы, 2003. – 192 б.

4 **Кирнарская, Д. К.** Психология специальных способностей. Музыкальные способности. / Д. К. Кирнарская. – Москва : Таланты XXI века, 2004. – 436 с.

5 **Омарова, Г. Н.** Кобызовая традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки: монография / Г. Н. Омарова. – Алматы, 2009. – 520 с.

6 Тарақты, А. С. Күй шежіре / А. С. Тарақты. – Алматы : КРАМДС–Яссауи, 1992. – 488 б.

7 **Хусаинова, Г. А.** Актуализация краеведческой компетентности в процессе обучения музыканта-педагога в вузе / Г. А. Хусаинова, Д. Т. Тапенов, Д. Е. Кожебаев, А. Е. Жумашева // Проблемы музыкальной науки / Music scholarship. – 2021. – № 1. – С. 203–212.

8 **Абдуллин, Э. Б.** Теория музыкального образования / Э. Б. Абдуллин, Е. В. Николаева. – Москва : Академия, 2004. – 336 с.

9 **Крюкова, В. В.** Музыкальная педагогика / В. В. Крюкова. – Ростов н/Д : «Феликс», 2002. – 288 с.

10 **Сахарбаева, К. С.** Домбыра үйрету әдістері / К. С. Сахарбаева. – Алматы : Издат-Маркет, 2006. – 164 б.

11 **Әбенбаев, С. Ш.** Педагогика: Оқу құралы / С. Ш. Әбенбаев, Ж. Ә. Әбиев. – Астана : Фолиант, 2009. – 336 б.

12 Титов, А. Б. Арт-менеджмент: учебное пособие / А. Б. Титов, М. Ю. Платонов, Ю. Ю. Платонова, Д. Г. Кучеров. – Санкт-Петербург : Санкт-Петербургский государственный институт психологии и социальной работы, 2016. – 226 с.

13 **Савельева, Н. Л.** Тематическое решение концертного проекта в филармонической организации / Н. Л. Савельева // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2013. № 2. – С. 831–834.

References

1 Qazaqstan Respublikasynyn memlekettik zhalpyga mindetti bilim beru standarty 3.08.286-2006 [State mandatory standard of Education of the Republic of Kazakhstan]. – Astana : the official publication, 2006. – 41 p.

2 **Valeeva, F. Kh.** Voprosy razvitiia ispolnitelskogo masterstva muzykanta-instrumentalists na etape vysshego professionalnogo obrazovaniia [Questions of the development of performing skills of an instrumentalist at the stage of higher professional education] / pedagogical skill '13: materialy III Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii (iiun 2013 goda). – International Scientific and Practical Conference. – Moskva : Buki-Vedi, 2013. – P. 122–124.

3 **Sakharbaeva, K. S.** Ustazhdardyn ustazy [Teacher of teachers]. – Almaty, 2003. – 192 p.

4 **Kirnarskaia, D. K.** Psikhologiya spetsialnykh sposobnostei. Muzykalnye sposobnosti [Psychology of special abilities. Musical abilities]. – Moskva : Talanty-KhKhI veka, 2004. – 436 p.

5 **Omarova, G. N.** Kobyzovaia traditsiia. Voprosy izuchenii kazakhskoi traditsionnoi muzyki [Kobyz tradition. Questions of studying Kazakh traditional music]. – Almaty, 2009. – 520 p.

6 **Tarakty, A. S.** Kui shezhire [Chronicle of kui]. – Almaty : KRAMDS-Iassau, 1992. – 488 p.

7 **Khusainova, G. A., Tapenov, D. T., Kozhebaev, D. E. & Zhumasheva, A. E.** Aktualizatsiia kraevedcheskoi kompetentnosti v protsesse obucheniia muzykanta-pedagoga v vuze [Actualization of local history competence in the process of training a musician-teacher at a university]. Problemy muzykalnoi nauki. – Music scholarship. – 2021. – № 1. – P. 203–212.

8 **Abdullin, E. B., Nikolaeva, E. V.** Teoriia muzykalnogo obrazovaniia [Theory of music education]. – Moskva : Akademiia, 2004. – 336 p.

9 **Kriukova, V. V.** Muzykalnaia pedagogika [Music Pedagogy]. – Rostov n/D: «Feliks», 2002. – 288 p.

10 **Sakharbaeva, K. S.** Dombrya uiretu adisteri [Methods of teaching dombra]. – Almaty : Izdat-Market, 2006. – 164 p.

11 **Abenbaev, S. Sh. & Abiev, Zh. A.** Pedagogika [Pedagogy]. – Astana : Foliant, 2009. – 336 p.

12 **Titov, A. B., Platonov, M. Iu., Platonova, Iu. Iu. & Kucherov, D. G.** Art-menedzhment [Art management]. – Peterburg : Sankt-Peterburgskii gosudarstvennyi institut psikhologii i sotsialnoi raboty, 2016. – 226 p.

13 **Saveleva, N. L.** Tematicheskoe reshenie kontsertnogo proekta v filarmonicheskoi organizatsii [Thematic solution of the concert project in the philharmonic organization]. Izvestiia Samarskogo nauchnogo tsentra Rossiiskoi akademii nauk – Proceedings of the Samara Scientific Center of the Russian Academy of Sciences, – 2013. – № 2. – P. 831–834.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

*Г. А. Хусаинова¹, О. Займоглы², *Д. Т. Тапенев³*

^{1,3}Казахский национальный университет искусств,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Университет «Акдениз», Турция, г. Анталья.

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

СТРАТЕГИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ-ДОМБРИСТОВ В ВУЗЕ

На сегодняшний день процесс подготовки домбристов-исполнителей в системе казахстанского музыкального образования постоянно развивается. В связи с этим меняется и образовательная стратегия. Стратегия современной подготовки студентов-домбристов в вузе требует учета особенностей профессиональной деятельности, основанной на приоритете компетентного подхода и студентоцентрированного обучения студента. В настоящее время подготовка студента-домбриста в вузе – сложный и многогранный процесс. Как указано в ГОСО, современный домбрист является не только музыкантом-исполнителем, обладающим высоким уровнем исполнительско-технологического мастерства, но и педагогом, обучающим искусству домбрового исполнительства, менеджером по организации творческого процесса, исследователем проблем домбрового искусства. Поэтому в учебном процессе необходимо обеспечить совершенствование исполнительского мастерства студента-домбриста, овладение педагогической направленности, формирование организаторских навыков и участие в научно-исследовательской работе. В ходе исследования впервые были выявлены, охарактеризованы и апробированы в учебном процессе наиболее необходимые и достаточные в профессиональной деятельности компетенции бакалавра по образовательной программе 6В02142 – «Народные инструменты» (домбра). В соответствии с требованиями Болонского процесса, одной из актуальных задач на сегодняшний день является формировании профессиональных компетенций домбриста-студента с помощью реализации подходов студентоцентрированного обучения, то есть развитие у студента навыков самостоятельного обучения, выбора своей учебной траектории, повышение ответственности за учебный процесс. Учитывая это, на сегодняшний день в

процессе подготовки студентов-домбристов к профессиональной деятельности содержание образования должно быть направлено на формирование профессиональных компетенций, то есть учебные дисциплины должны придерживаться стратегии формирования профессиональных компетенций.

Ключевые слова: подготовка студентов-домбристов в вузе, компетентностный подход, образовательная стратегия, студентоцентрированное обучение, искусство домбрового исполнительства, исполнительское мастерство студента-домбриста, педагогическая компетенция, исследовательская компетенция, исполнительская компетенция.

G. A. Khusainova¹, O. Zaimoglu², *D. T. Tapenov³

^{1,3}Kazakh National University of Arts,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

²Akdeniz University, Turkey, Antalya.

Material received on 09.09.21.

STRATEGY FOR THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES IN THE PROCESS OF TRAINING DOMBRIST STUDENTS AT THE UNIVERSITY

To date, the process of training dombrists-performers in the system of Kazakhstan music education is constantly developing. In this regard, the educational strategy is also changing. The strategy of modern training of dombrist students at the university requires taking into account the peculiarities of professional activity, based on the priority of the competence-based approach and student-centered learning of the student. Currently, the preparation of a dombrist student at a university is a complex and multifaceted process. As stated in the SSO, a modern dombrist is not only a performing musician with a high level of performing and technological skills, but also a teacher who teaches the art of dombra performance, a manager for the organization of the creative process, and a researcher of the problems of dombra art. Therefore, in the educational process, it is necessary to ensure the improvement of the performing skills of the dombrist student, the mastery of the pedagogical orientation, the formation of organizational skills and participation in research work. In the course of the study, for the first time, the most necessary and sufficient competencies of a bachelor in the educational program 6B02142 – «Folk

instruments» (dombra) were identified, characterized and tested in the educational process. In accordance with the requirements of the Bologna Process, one of the most urgent tasks today is the formation of professional competencies of the dombrist-student through the implementation of student-centered learning approaches, that is, the development of the student's skills of independent learning, choosing their own learning path, and increasing responsibility for the educational process. Taking this into account, today, in the process of preparing dombrist students for professional activity, the content of education should be aimed at the formation of professional competencies, that is, academic disciplines should adhere to the strategy of forming professional competencies.

Keywords: training of dombrist students at the university, competence-based approach, educational strategy, student-centered learning, the art of dombra performance, performing skills of a dombra student, pedagogical competence, research competence, performing competence.

<https://doi.org/10.48081/KGVS9252>

***З. Е. Шағатаева¹, А. А. Жолдасбеков², Е. К. Сарбасов³**

^{1,2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

«КӘСІБИ ОҚЫТУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

Мақалада «технологиялық құзіреттілік» және «жалпы технологиялық құзіреттілік» ұғымдарының негізгі ғылыми тәсілдері талданады, олар жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі жағдайында көбінесе оқытудың жаңа әдістері мен құралдары негізінде оқытушы ұйымдастыратын және басқаратын студенттердің тәуелсіз оқу жұмысына байланысты болады. Осыған орай студенттердің өзіндік жұмысы технологиялық, сонымен қатар жалпы технологиялық құзіреттілікті қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастырылады. Технологиялық қызметтің анықтамасы көбінесе технология ұғымымен шатастырылады. Осыған байланысты біз технологиялық құзіреттілікті анықтауда әртүрлі бағыттар бойынша технологиялық қызметті қамтитын жалпы технологиялық құзіреттіліктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде бөліп алу қажет деп санаймыз. Технологиялық құзіреттілік белгілі бір технологияны қолдану арқылы ұқсас кәсіби мәселелерді шешуге арналған дағдыларды, білімдерді, қабілеттікті меңгеру түсінігін анықтайды. Мамандық бойынша оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын талдау қазіргі уақытта кәсіптік оқыту педагогінің технологиялық құзыреті «Материалдарды өңдеу технологиясы» элективті пәндер шеңберінде жүзеге асырылатынын көрсетті, бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогінің технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың қажетті деңгейі үшін әліде жеткіліксіз болып табылады. Осы мақалада, біз, аталған тақырыпты ашатындай екенін көрсеттік.

Кілтті сөздер: өзіндік жұмыс, болашақ педагог, жалпы технологиялық құзыреттілік.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының заманауи жоғары білім беру жүйесі қазіргі заманғы мамандардың педагогикалық қызметінің жаңартылуымен сипатталады. Оқытудың бұл жағдайында ЖОО оқу процесінің қалыптасуында өзгерістер болады, онда қазіргі заманғы әдістер мен оқыту құралдары негізінде мұғаліммен ұйымдастыратын және басқаратын студенттердің өзіндік оқу жұмысы барлық негізгі сипатқа ие болады. Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберіндегі «Көркем еңбек»: «Технология» және «Бейнелеу өнері» пәндерін қамтиды және кеңістіктік, көрнекі көріністерді, қиял мен байқауды қамтамасыз ететін шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлеріндегі көркемдік-технологиялық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты, оқыту әдістемесін жетілдірумен қатар жоғары оқу орындарының маңызды міндеттері қазіргі заманғы маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ерекше маңызды роль атқаратын білім алушылардың өзіндік жұмысын ұтымды ұйымдастыру, жоспарлау, бақылау және одан әрі жандандыру болып табылады.

Зерттеудің нысаны: болашақ педагогтардың технологиялық құзыреттіліктері

Зерттеудің пәні: жалпы технологиялық құзыреттілікті қалыптастыру факторы

Мақсаты: Студенттердің жалпы технологиялық құзыреттілікті дамытуға бағытталған оқу және ғылыми-зерттеу қызметі ретінде қарастыру.

Міндеттері:

- жалпы технологиялық құзыреттілікті қалыптастыруын анықтау;
- студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың негізгі қағидасы.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Қазіргі заманғы технологияларды өндіріс салаларына белсенді енгізудің арқасында әр түрлі профильдің кәсіби құзыреттілігінің мазмұны технологиялық құзыреттілікті пайдаланады.

Технологиялық құзыреттілікті қалыптастыру бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдағаннан кейін, тұжырымдаманы анықтауда көптеген ғалымдар көбінесе «технология» ұғымының негізгі түсіндірмесіне сүйенеді және технологиялық құзыреттілікті педагогикалық, өндірістік деп санайды.

Айта кету керек, болашақ субъектілердің жалпы технологиялық құзіреттіліктің әр түрлі іс-әрекеттерін игеруде мұғалімнің рөлі маңызды. Сондықтан осы мәселе педагог «Көркем еңбекті» болуы тиіс жоғары деңгейде дамыту жалпы технологиялық құзіретіне міндетті технологиясын жетік білу, жаңғырту әдіснамасын қамтиды.

Осыған сүйене отырып, жалпы технологиялық құзіреттілік ұғымы біз қабылдаған «құзіреттілік» анықтамасынан (білім, білік және дағдылар) туындайды.

Айта кету керек, біз студенттердің өзіндік жұмысын білім беру процесінің құрамдас бөлігі, болашақ кәсіби мамандардың кәсіби қызметін арттыру құралы ретінде қарастырамыз. Білім беру процесінде студенттердің өзіндік жұмысы қажеттілікке айналады. Пәндерді оқытудағы студенттердің өзіндік жұмысы технологиялық құзіреттілікті қалыптастырудың шарты ретінде әрекет етеді. Хотунцев Ю. Л. құзіретті маман өзгерістерді болжайды, болашаққа ұмтылады, тәуелсіз білімге бағытталған деп санайды [1]. Ғылыми әдебиеттерде «құзіретті», «құзіреттілік» ұғымдары кең таралған. Латын тілінен аударғанда «құзіретті» дегеніміз-адам жақсы білетін, білімі мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңберін білдіреді, сондықтан белгілі бір салада Құзіретті адам осы саланы негізді түрде бағалауға және онда тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін тиісті білім мен қабілетке ие. Құзіреттілікке жеке тұлғаның өзара байланысты сипаттамаларының жиынтығы кіреді (білім, дағдылар, кәсіби маңызды қасиеттер, іс-әрекет әдістері), ал құзіреттілік – адамның оған және іс-әрекет тақырыбына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзіреттілікке ие болуы, ие болуы-бұл олардың иелену сапасы, бұл құзіреттілік іс-әрекетте қалай көрінеді.

Нәтижесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогында: кәсіби, әдіснамалық, ақпараттық, мониторингтік, коммуникативтік, креативті, мақсат қою, конструктивті, жобалау, рефлексивті және жалпы технологиялық құзіреттер қалыптастырылуы тиіс.

Жалпы технологиялық құзіреттілік болашақ «Көркем еңбек» мұғалімінің техникалық ойлау, белсенділік, тәуелсіздік сияқты кәсіби маңызды қасиеттерді көрсете отырып, кәсіби қызмет процесінде «Көркем еңбек» саласындағы жалпыланған білім мен дағдылардың жиынтығын қолдану қабілеті мен дайындығын көрсетеді. Бүгінгі күнге дейін көркем еңбектің болашақ мұғалімінің «технологиялық құзіреттілігі» ұғымына екі мағына беріледі. Кейбіреулер оны педагогикалық құралдарды игеру деп, ал басқалары – көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі ретінде түсінеді. Сонымен қатар, ғалымдардың көпшілігі технологиялық құзіреттіліктің белгілеріне жатады: оқытудың әртүрлі технологияларын

терең білу; кәсіби мәселелерді сәтті шешу үшін осы мәселе бойынша білімді үнемі жаңартып отыру. Технологиялық құзіреттілік тұжырымдамасында келесі қасиеттер ерекшеленеді: интегративті және шығармашылық сипат; нәтиженің жоғары тиімділігі; білім берудің практикаға бағытталған бағыты; тұлғаның құндылық-мағыналық сипаттамалары критерийлерінің арақатынасы; өзін-өзі жетілдіру мотивациясын қалыптастыру; академиялық ұтқырлық [2]: Н. Н. Маньконың пікірінше, мұғалімнің технологиялық құзіреттілігі-бұл педагогикалық шындық объектілерін қайта құру бойынша инструментальданған іс-әрекеттің креативті-технологиялық білімдері, қабілеттері мен стереотиптерінің жүйесі [3]. Вербицкий А. А. пәндік-технологиялық құзіреттілікпен оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын, тиімді педагогикалық технологияларды, педагогикалық инноватикаға қабілеттілікті, оның ішінде тиімді педагогикалық технологиялар саласында зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін практикада іске асыру қабілетін қарастырады [4]. В. Э. Штейнберг жобалық-технологиялық құзіреттілікті мұғалімнің дидактикалық құралдарды игеру және оларды оқу процесінде тиімді қолдану бойынша шығармашылық қызметті жүзеге асыру қабілеті ретінде анықтайды [5]. Хуторской А. В. технологиялық құзіреттілік деп жеке қасиеттер мен қасиеттерді интеграциялауды, адамның технологиялық құзіреттілікке (технологиялық мәдениет және технологиялық ойлау) ие болуын, оның қызмет тақырыбына жеке көзқарасын және маманның кәсіби мәселелерді өз бетінше шешуге дайындығын сипаттайды [6]. Горбунов В. Н. технология мұғалімінің технологиялық құзіреттілігі оның кәсіби құзіреттілігін құраушылардың бірі болып табылады, нәтижелі білімдермен (технологиялармен, әдістермен, құралдармен ұйымдастыру жағдайларымен), қызмет түрлерімен (педагогикалық, технологиялық, кәсіпкерлік) және оларды қолдану, осы білімді шығармашылықпен қолдана білумен, оқу қызметін жобалаумен, өз қызметінің тиімділігі мен нәтижелерін талдаумен, білім беру процесін ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу және өз технологиясын құру іскерлігімен сипатталады [7]. Технологиялық құзіреттілік келесі компоненттерден тұрады:

– кәсіби («Көркем еңбек» білім беру саласындағы құзіреттілік, сондай-ақ болашақ көркем еңбек мұғалімінің әртүрлі технологиялық міндеттерді шешу қабілеті);

– когнитивті (болашақ технология мұғалімінің «Көркем еңбек» білім беру саласы шеңберінде өздігінен білім алумен айналысу, Шығармашылық конструкторлық қызметті жүзеге асыру қабілеті);

– аналитикалық (болашақ көркем еңбек мұғалімінің технологиялық іс-әрекетке және әртүрлі технологиялық міндеттерді орындауға егжей-тегжейлі талдау жүргізу қабілеті);

– аксиологиялық (болашақ көркем еңбек мұғалімінің еңбекқорлықты тәрбиелеу қабілеті);

– әдістемелік (болашақ көркем еңбек мұғалімінің қабілеті оқу процесін жеке ерекшеліктерді ескере отырып жоспарлаған жөн);

– рефлексивті (болашақ көркем еңбек мұғалімінің өзінің педагогикалық қызметін талдай білу);

– бағалау (болашақ көркем еңбек мұғалімінің орындалған жұмысының сапасын анықтау қабілеті);

– әлеуметтік (орындалған жұмыстардың әлеуметтік маңыздылығын көрсете білу).

Б. Г. Юдин, доктор философских наук, профессор, член.-корр. РАН считает, что «...актуальность проблемы добросовестного проведения исследований является одним из следствий того, что результаты научных исследований занимают все более заметное место в самых разных сферах жизни человека и общества. Традиционно наука рассматривалась как самокорректирующаяся система: считалось, что нарушения, допущенные тем или иным исследователем, достаточно быстро будут выявлены его коллегами. А это значит, что они не принесут большого вреда науке – неприятности постигнут главным образом самого нарушителя.

Тревогу вызывает лавинообразный рост обнаруженных случаев плагиата, фальсификаций и фабрикаций научных результатов. При этом достаточно скоро выяснилось, что традиционные механизмы борьбы с исследовательской недобросовестностью далеко не всегда оказываются эффективными, что подчас и коллеги исследователя, допускающего нарушения, и учреждение, в котором он работает, склонны «не замечать» такие нарушения. В силу этого обстоятельства даже выявление случаев недобросовестного проведения исследований представляется непростой задачей, для решения которой необходимы серьезные целенаправленные усилия. В этой связи во многих странах формируются государственные и общественные структуры, призванные реагировать на такого рода случаи» [3].

Необходимо отметить, что в настоящее время и в Казахстане усилился интерес к этическому образованию. Например, внимание заслуживает «Этический кодекс исследователей образования», подготовленный Казахстанским обществом исследователей в области образования в сотрудничестве с Высшей школой образования Назарбаев Университета. Цель Кодекса – создание предпосылок к формированию казахстанской системы обеспечения исследовательской честности путем формулирования основных характеристик наиболее важного его компонента – этики исследований на примере сферы образования [4].

Совершенно очевидно, что вопрос о месте этики в системе высшего образования ставится сегодня довольно остро. Цель данного исследования – рассмотреть вопросы этического регулирования научных исследований в системе высшего образования.

Материалы и методы

Анализ психолого-педагогической литературы был осуществлен аксиоматическим методом как одним из способов дедуктивного построения теорий, при котором: формируется система основных терминов науки; из этих терминов образуется множество аксиом (постулатов) – положений, не требующих доказательств и являющихся исходными, из которых выводятся все другие утверждения данной теории по определенным правилам [5].

Результаты и обсуждение

По данным Комитета по статистике в настоящее время в Казахстане научные исследования и разработки осуществляют 386 организаций, в которых работают 21843 человек, в том числе непосредственно исследователей 17124 человека. Это сухие статистические данные. Как показывают наши опросы, даже в научном сообществе мы мало знаем о том, как живут научные организации, какие реализуют проекты, с какими трудностями и проблемами ежедневно сталкиваются казахстанские ученые.

В этой связи, авторы настоящего исследования проанализировали деятельность зарубежных исследовательских ассоциаций.

Было выявлено, что обобщение принципов и механизмов этического регулирования исследований в области образования представляется на сайтах двух международных ассоциаций:

1 «Международной ассоциации исследований в образовании» (WERA)» – это ассоциация крупных национальных, региональных и международных специализированных исследовательских ассоциаций, занимающихся продвижением исследований в области образования как научной и научной области. WERA предпринимает инициативы, которые носят глобальный характер и, таким образом, выходят за рамки того, что любая ассоциация может выполнить в своей стране, регионе или области специализации. Ассоциации-члены работают вместе над решением таких вопросов, как наращивание потенциала и интереса к исследованиям в области образования, продвижение политики и практики исследований в области образования, а также содействие использованию и применению исследований в области образования во всем мире [6].

2 «Европейской ассоциации исследований в области образования» (EERA). Целью «Европейской ассоциации исследований в области образования» (EERA) является продвижение высококачественных

образовательных исследований на благо образования и общества. Высококачественные исследования не только признают свой собственный контекст, но также признают более широкие транснациональные контексты с их социальными, культурными и политическими сходствами и различиями. Данные ассоциации создали электронные открытые репозитории кодов научной этики в области образования, препринтов публикаций по данной проблематике [7].

Таким образом, в большинстве развитых стран созданы специальные комитеты по этике исследований в области образования.

По результатам исследования было выявлено, что в практике работы отдельных казахстанских университетов также созданы комитеты по этике. Например, локальный Биоэтический комитет (далее – ЛЭК) НАО «Медицинского университета Астана» является совещательным органом, осуществляющим защиту прав, безопасности и благополучия испытуемых и исследователей, а также этическую и нравственно-правовую оценку материалов научных исследований, объектами которых являются человек или животное. Комитет руководствуется в своей деятельности этическими принципами Хельсинкской декларации Всемирной Медицинской Ассоциации, отраженными в Государственном стандарте по надлежащей клинической практике и нормативных правовых актах (Закон РК «О науке», ГОСО РК 5.01.024-2008 «Научно-исследовательская работа») Республики Казахстан. Основной целью Комитета является мониторинг и организация консультирования по вопросам этических норм при проведении научных исследований [8].

Этический комитет факультета медицины и здравоохранения Казахского национального университета имени Аль-Фараби был создан в 2016 году и был зарегистрирован в Офисе США по исследованиям с участием человека (IRB00010790 al-Farabi Kazakh National University IRB #1). За 2016-2018 гг. Этическим комитетом было рассмотрено свыше 40 исследовательских проектов, как международных организаций, так и сотрудников, докторантов и магистрантов КазНУ имени аль-Фараби. Летом 2018 года Этический Комитет был включен в структуру факультета и медицины и здравоохранения. Цель Этического комитета: Защита здоровья и благополучия лиц, участвующих в исследованиях, создание гарантий их безопасности и соблюдение основных прав [9].

Отечественными исследователями Б. Е. Сарымсаковой и С. Б. Саусаковой был проведен мониторинг и дана оценка качеству этической экспертизы научных исследований путем изучения текущего состояния системы этической экспертизы в Республике Казахстан по

основным элементам: состав и структура, администрирование, управление, обучение членов. По результатам мониторинга деятельности локальных комиссий по биоэтике можно судить о соответствии организации работы комиссий основным требованиям. Степень соответствия варьирует как между институтами, так и по ряду требований. Наиболее высокой является степень соответствия по составу и структуре, наиболее слабой – по вопросам административной поддержки и обучению членов локальных комиссий по биоэтике. Исследователи резюмируют, что существует необходимость дальнейшего совершенствования системы этической экспертизы в высших учебных заведениях, научно-исследовательских институтах и научных центрах Министерства здравоохранения Республики Казахстан [10].

По мнению Б. Е. Сарымсаковой, «основные проблемы в деятельности этических комиссий в стране делятся на две категории: вызовы системного характера, а также проблемы, возникающие на институциональном и индивидуальном уровнях. В Казахстане, как и во многих других странах, инфраструктура в области биоэтики весьма ограничена: недостаточно экспертов, образовательных программ, биоэтических комитетов, общественных дискуссий и правовых механизмов» (рисунок 1) [11].




Рисунок 1 – Схема основных проблем в деятельности этических комиссий

Таким образом, рассмотрение этических вопросов, связанных с научными исследованиями, становится все более сложным процессом, особенно в отношении исследований с участием человека. Для достижения общественного доверия и признания обществом ценности научных исследований необходимо создать интегрированную комплексную систему обеспечения защиты, которая включает институциональную основу, процессы экспертизы научно-исследовательских проектов, исследователей, а также спонсоров/доноров, которая бы соответствовала самым высоким научным и этическим нормам и принципам. Все члены научного сообщества должны взять на себя ответственность за этическое выполнение исследований, за обеспечение уважения участников исследования и их защиту от потенциального ущерба [12].

Заслуживает внимание и мнение исследователей А. С. Каракушиковой, А. Р. Мустафиной, Т. А. Кудайбергеновой, С. Ш. Шаяхметова и Г. С. Садвакасовой [13] о том, что «...академическая репутация университета станет главным критерием для глобального престижа не только вуза, но и целой страны. Сильный потенциал этического регулирования научных исследований нужен вузам для реализации перспектив Великой Хартии университетов, к которой присоединились вузы Казахстана.

Великая Хартия университетов положила начало формированию единого европейского образовательного пространства и предопределила развитие таких позитивных перспектив высшего образования как автономия университетов, демократические принципы управления, академические свободы студентов, свобода в научных исследованиях, неразделимость преподавания и исследования. Система этического регулирования научных исследований университета может рассматриваться как эффективный механизм для реализации этих перспектив».

Выводы

Наше исследование было посвящено вопросам этического регулирования научных исследований в системе высшего образования. Научные исследования в системе высшего образования должны быть интегрированы в образовательный процесс, а их проведение требует соблюдения международных требований по их этическому регулированию. В сегодняшних условиях стремительного распространения информации вузам следует помнить о том, что информация о неэтичности исследований проводимых даже в признанном на мировом уровне университете распространяется по всему миру мгновенно, что делает вуз неконкурентоспособным и лишает его международного признания. Сильный потенциал этического регулирования

научных исследований нужен вузам для дальнейшей реализации обязательств по Болонскому процессу.

Таким образом, результаты исследования подчеркивают, что актуальность проблемы соблюдения этики научных исследований в области образования считается острой проблемой в различных странах, в том числе и в Казахстане, где существуют многочисленные профессиональные исследовательские и экспертные ассоциации.

Список использованных источников

1 **Каракушикова, А. С., Мустафина, А. Р., Кудайбергенова, Т. А., Шаяхметов, С. Ш., Садвакасова, Г. С.** Развитие экспертного потенциала этического регулирования научных исследований – важное условие перехода вуза в статус исследовательского университета в Казахстане [Текст] // «Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская». – 2012. – № 5. – С. 61

2 **Варава, В. В.** Этика и образование. Проблемы и перспективы воспитания в высшей школе [Текст] // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Проблемы высшего образования. – 2008. – № 1. – С. 45–51. – [Электронный ресурс]. URL: <https://rucont.ru/efd/518620>

3 **Юдин, Б. Г.** О добросовестности в научных исследованиях. Институт Философии Российской Академии Наук. Круглый стол по проблемам добросовестности в науке. 31 марта 2015 г. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://iphras.ru/page20560929.htm>

4 **Этический кодекс исследователей образования Казахстана.** [Текст]. Первое издание. – Нур-Султан : Казахстанское общество исследователей в области образования. – 2020. – 68 с.

5 **Просветова, Т. С.** Методология и методы психолого-педагогических исследований: учебное пособие [Текст]. – Воронеж : ВГПУ, 2006. – 210 с. – [Электронный ресурс]. URL: <https://docplayer.com/38943010-Lekciya-3-tema-ispolzovanie-metodov-nauchnogo-poznaniya-osnovnye-ponyatiya-metodologiya-priznaki-nauchnogo-metoda-nablyudenie-eksperiment-indukciya.html>

6 Впервые исследовательский проект КФУ поддержан Всемирной ассоциацией исследователей в области образования WERA. – [Электронный ресурс]. URL: <https://kpfu.ru/psychology/vpervye-issledovatel'skij-proekt-kfu-podderzhan.html>

7 **Заир-Бек, Е. С.** Проблема Этического кодекса профессии в международной практике образования [Текст] // Письма в Эмиссия. Оффлайн (The Emissia.Offline Letters): электронный научный журнал. – 2014. – № 2

(февраль). ART. 2160. – [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.emissia.org/offline/2014/2160>.

8 Комитет биоэтический: Комитет биоэтический (этический комитет, комиссия) – социальный. – [Электронный ресурс]. URL: <https://medic-studio.ru/komitet-bioeticheskij-komitet-bioeticheskij-eticheskij-komitet-komissiya-soczialnyj.html>

9 История комитета. – [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kaznu.kz/ru/19774/page/>

10 **Сарымсакова, Б. Е., Саусакова, С. Б.** Результаты мониторинга деятельности локальных этических комиссий в высших учебных заведениях и научных организациях министерства здравоохранения Республики Казахстан за 2018 год [Текст] // Journal of Health Development. – 2019. – № 1 (30). – [Электронный ресурс]. URL: [http://jhdkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20\(2019\).pdf](http://jhdkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20(2019).pdf)

11 Система этической экспертизы биомедицинских исследований в Казахстане: реалии и перспективы [Текст] // Journal of Health Development. – 2019. – №1(30). – С. 6. – [Электронный ресурс]. URL: [http://jhdkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20\(2019\).pdf](http://jhdkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20(2019).pdf)

12 **Саусакова, С. Б.** Алгоритм аккредитации этических комиссий в Республике Казахстан: пошаговое внедрение [Текст] // Вестник науки и образования. – 2016. – №9(21). – [Электронный ресурс]. URL: https://dekanat.unecon.ru/DOCS/stud_files/321967/%C2%CD%CE_9_%2821%29.pdf

13 **Каракушикова, А. С., Мустафина, А. Р., Кудайбергенова, Т. А., Шаяхметов, С. Ш., Садвакасова, Г. С.** Развитие экспертного потенциала этического регулирования научных исследований – важное условие перехода вуза в статус исследовательского университета в Казахстане [Текст] // «Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская». – 2012. – № 5. – С. 57–63.

References

1 **Karakushikova, A. S., Mustafina, A. R., Kudajbergenova, T. A., Shajahmetov, S. Sh., Sadvakasova, G. S.** Razvitie jekspertnogo potentsiala jeticheskogo regulirovaniya nauchnyh issledovanij – vazhnoe uslovie perehoda vuza v status issledovatel'skogo universiteta v Kazahstane [Development of the expert potential of ethical regulation of scientific research is an important condition for the transition of a university to the status of a research university in Kazakhstan] [Текст]. «Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская». – 2012. – № 5. – С. 61.

2 **Varava, V. V.** Jetika i obrazovanie. Problemy i perspektivy vospitaniya v vysshej shkole [Ethics and education. Problems and prospects of education in higher education] [Текст]. Vestnik VGU. Serija: Problemy vysshego obrazovaniya. – 2008. – № 1. – P. 47–51. – [Electronic resource]. URL: <https://rucont.ru/efd/518620>

3 **Judin, B. G.** O dobrosovestnosti v nauchnyh issledovanijah [Conscientiousness in scientific research. Institute of Philosophy of the Russian Academy of Sciences]. Institut Filosofii Rossijskoj Akademii Nauk. Kruglyj stol po problemam dobrosovestnosti v nauke. 31 marta 2015 g. – [Electronic resource]. URL: <https://iphras.ru/page20560929.htm>

4 Jeticheskij kodeks issledovatelej obrazovaniya Kazahstana [Ethical Code of Education Researchers of Kazakhstan]. [Текст] Pervoe izdanie. – Nur-Sultan: Kazahstanskoe obshhestvo issledovatelej v oblasti obrazovaniya. - 2020. – 68 p.

5 **Prosvetova, T. S.** Metodologija i metody psihologo-pedagogicheskikh issledovanij: uchebnoe posobie [Methodology and methods of psychological and pedagogical research: textbook] [Текст]. – Voronezh : VGPU, 2006. – 210 p. – [Electronic resource]. URL: <https://docplayer.com/38943010-Lekciya-3-tema-ispolzovanie-metodov-nauchnogo-poznaniya-osnovnye-ponyatiya-metodologiya-priznaki-nauchnogo-metoda-nablyudenie-eksperiment-indukciya.html>

6 Vpervye issledovatel'skij proekt KFU podderzhan Vsemirnoj associaciej issledovanij v oblasti obrazovaniya WERA [For the first time, a KFU research project was supported by the World Association for Educational Research WERA]. – [Electronic resource]. URL: <https://kpfu.ru/psychology/vpervye-issledovatel'skij-proekt-kfu-podderzhan.html>

7 **Zair-Bek, E. S.** Problema Jeticheskogo kodeksa professii v mezhdunarodnoj praktike obrazovaniya [The problem of the Code of Ethics of the profession in international education practice] [Текст]. Pis'ma v Jemissija. Offlajn (The Emissia. Offline Letters): jelektronnyj nauchnyj zhurnal. – 2014. – № 2 (fevral'). ART. 2160. – [Electronic resource]. – URL: <http://www.emissia.org/offline/2014/2160>.

8 Комитет биоэтический: Комитет биоэтический (этический комитет, комиссия) – социальный [Bioethical committee: Bioethical committee (ethics committee, commission) - social]. – [Electronic resource]. URL: <https://medic-studio.ru/komitet-bioeticheskij-komitet-bioeticheskij-eticheskij-komitet-komissiya-soczialnyj.html>

9 Istorija komiteta. [History of the committee]. – [Electronic resource]. URL: <https://www.kaznu.kz/ru/19774/page/>

10 **Sarymsakova, B. E., Sausakova, S. B.** Rezul'taty monitoringa dejatel'nosti lokal'nyh jeticheskikh komissij v vysshih uchebnyh zavedenijah i nauchnyh organizacijah ministerstva zdavoohranenija Respubliki Kazahstan

za 2018 god [Results of monitoring the activities of local ethical commissions in higher educational institutions and scientific organizations of the Ministry of health of the Republic of Kazakhstan for 2018] [Tekst]. Journal of Health Development. – 2019. – №1 (30). – [Electronic resource]. – URL: [http://jhdzkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20\(2019\).pdf](http://jhdzkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20(2019).pdf)

11 Sistema jeticheskoy jekspertizy biomedicinskih issledovanij v Kazahstane: realii i perspektivy [The system of ethical review of biomedical research in Kazakhstan: realities and prospects] [Tekst]. Journal of Health Development. – 2019. – №1(30). – P. 6. – [Electronic resource]. – URL: [http://jhdzkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20\(2019\).pdf](http://jhdzkz.org/gallery/volume%201.%20number%2030%20(2019).pdf)

12 **Sausakova, S. B.** Algoritm akkreditacij jeticheskikh komissij v Respublike Kazahstan: poshagovoe vnedrenie [Algorithm for accreditation of ethical commissions in the Republic of Kazakhstan: step-by-step implementation] [Tekst]. Vestnik nauki i obrazovaniya. – 2016. – № 9 (21). – [Electronic resource]. URL: https://dekanat.unecon.ru/DOCS/stud_files/321967/%C2%CD%CE_9_%2821%29.pdf

13 **Karakushikova, A. S., Mustafina, A. R., Kudajbergenova, T. A., Shajahmetov, S. Sh., Sadvakasova, G. S.** Razvitie jekspertnogo potenciala jeticheskogo regulirovaniya nauchnyh issledovanij – vazhnoe uslovie perehoda vuza v status issledovatel'skogo universiteta v Kazahstane [Development of the expert potential of ethical regulation of scientific research is an important condition for the transition of a university to the status of a research university in Kazakhstan] [Tekst]. «Izvestija NAN RK. Serija biologicheskaja i medicinskaja». – 2012. – № 5. – P.57-63

Материал поступил в редакцию 09.09.21.

*С. А. Нурғалиева¹, М. Н. Қойшибаев², Н. Б. Мирманов³, К. С. Камзаева⁴, А. У. Керейбаева⁵

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.;
^{2,3,4,5}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.
Материал 09.09.21 баспаға түсті.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЭТИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ

Мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеулерді этикалық реттеу мәселелері қарастырылған. Ғылыми қоғамдастықтың өзінде жүзеге асырылатын ғылыми қызметтің этикалық өзін-өзі реттеуімен қатар, реттеу міндеттерін ғылым мен қоғам арасындағы қатынастардағы шиеленістердің көзі болып табылатын билік органдары жиі қабылдайды деген ой негізделген. Оның аса маңызды компонентінің негізгі сипаттамаларын – білім беру саласы мысалындағы зерттеулер этикасын қалыптастыру жолымен зерттеушілік адалдықты қамтамасыз етудің қазақстандық жүйесін қалыптастыруға алғышарттар жасау туралы ой бекітіледі. Зерттеу барысында аксиоматикалық әдіс қолданылды – теорияларды дедуктивті құру тәсілдерінің бірі. Бұл тәсіл бойынша ғылымның негізгі терминдерінің жүйесі қалыптасады; осы терминдерден көптеген аксиомалар (постулаттар) пайда болады – дәлелдемелерді қажет етпейтін және бастапқы болып саналатын ережелер, олардан белгілі бір ережелерге сәйкес осы теорияның барлық басқа тұжырымдары алынады. Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің этикасын сақтау әр түрлі елдерде, оның ішінде көптеген кәсіби зерттеу және сараптамалық қауымдастықтар бар Қазақстанда әрдайым өткір мәселе болып саналатынын атап көрсетеді.

Кілт сөздер: этика, этикалық реттеу, ғылыми зерттеулер, этика комитеті, жоғары мектеп.

*S. Nurgaliyeva¹, M. N. Koishibaev², N. B. Mirmanov³, K. S. Kamzaeva⁴, A. U. Kereibayeva⁵

¹S. Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk;
^{2,3,4,5}Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.
Material received on 09.09.21.

ON THE ETHICAL REGULATION OF RESEARCH IN THE SYSTEM OF HIGHER EDUCATION

This article discusses the ethical regulation of scientific research in the system of higher education. The idea that along with the ethical self-regulation of scientific activity, which is carried out within the scientific community itself, the tasks of regulation are often taken over by the authorities, which is a source of tension in the relationship between science and society, was proved. It is argued that creating prerequisites for the formation of the Kazakhstani system of research integrity by formulating the main characteristics of its most important component – research ethics on the example of the sphere of education. The axiomatic method – one of the ways of deductive construction of theories was used, in which: a system of the basic terms of science is formed; these terms form a set of axioms (postulates) – statements that do not require proof and are the initial ones, from which all other statements of this theory are deduced according to certain rules. The results of the research emphasize that compliance with research ethics in the field of education, has always been considered a serious problem in various countries, including Kazakhstan, where there are numerous professional research and expert associations.

Keywords: ethics, ethical regulation, scientific research, ethics committee, higher education.

ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА И СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

МРНТИ 14.15.01

<https://doi.org/10.48081/EZBK5485>

Ж. Д. Абдуллаева, Ж. Е. Абдыхалыкова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Жоғары білім беруді интернационалдандыру идеясын іске асырудың негізгі нысаны студенттердің халықаралық академиялық ұтқырлығын дамыту болып саналады. Интернационализация жоғары білім беру жүйесінің ынталандырушы факторы, университеттерді студенттер үшін бәсекелесуге, инновациялық халықаралық бағдарламаларын, ағылшын тіліндегі курстарды, курикулумдарды (curriculum) әзірлеуге, білім беруді инновациялық бағытта дамуына мәжбүрлейді.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың факторы және құралы ретінде қарастырылады, жоғары білім беру сапасының кепілі, құзыретті кадрлардың қалыптасуына ықпал етеді. Академиялық ұтқырлық студенттің субъективтілігімен, дербестігімен байланысты, шетелдік білім алу нәтижесінде білім алушылардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға бағытталған.

Сол себепті, мақалада студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі (Германия, Қытай, АҚШ, Жапония, Австралия және т.б.), соңғы білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сай қабылданған қадамдары жан жақты талданды, өзіндік ерекшеліктері мен дамуының жолдары анықталды. Студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың дамуының механизмдері мен формаларын, құқықтық-нормативтік негіздерін, кезеңдерін, салыстырмалы талдау арқылы алынған

нәтижелер, өз кезегінде академиялық ұтқырлық бағыты бойынша отандық білім берудің «әлсіз» және «күшті» тұстарын көруге, осы бағыттағы білім сапасын арттырудың теориялық және практикалық негізі болуға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: жоғары білім беру жүйесі, мамандарды кәсіби даярлау, академиялық ұтқырлық, шетелдік тәжірибе, халықаралық академиялық ұтқырлық, мәдениетаралық алмасу.

Кіріспе

Әлемнің көптеген елдерінде студенттер санының қарқынды ұлғаюы жаһандану жағдайында жоғары білім мен ғылымның дамуының басты факторы болуда. Сандық көрсеткіштерге жүгінсек, ЮНЕСКО статистика институтының болжамдарына сәйкес, егер де 1970 жылдары әлемде үш деңгейлі білім беру жүйесінде шамамен 29 миллион студент болса, 2000 ж. – 100 млн, 2005 ж. – 139 млн, 2010 ж. – 181 млн, 2012 ж. – 196 млн, 2025 жылы үш деңгейлі білім беру жүйесі студенттерінің саны 263 млн-ға дейін ұлғаяды. Студенттер санының жыл сайын артуы, ғылым мен білімнің жедел дамуына, соның ішінде академиялық ұтқырлыққа едеуір ықпалын тигізеді.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы –білім беру субъектісі мәдениетаралық және кәсіби дамуының стратегиясын анықтау үшін саналы түрде қолданатын мотивациялық және құндылықтық қатынастардың, танымдық операциялардың, кәсіби құзыреттіліктің, ұйымдастырушылық, белсенділік пен рефлексивтік дағдылардың жиынтығын бейнелейтін тұлғаның интегративті сапасы [1].

Мысалы, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде білім беру қызметтері экспорт ретінде дамып, университеттер халықаралық брендке айналып, экономиканың дамуының негізгі секторы дәрежесіне жеткен. Енді жаһандық ойынға Азия елдері белсенді қосылуда: ҚХР, Сингапур, Гонконг, Малайзия. АҚШ-тың тәжірибесі, дамушы және еуропалық елдерден ғалымдар мен профессорларды белсенді түрде жұмысқа тартуда. Сол себептен, «Американдық университет – орыс профессорлары Қытай студенттеріне сабақ беретін орын» деген тұжырымдаманың болуы кездейсоқ емес [2].

Шетелдік студенттердің санының үнемі ұлғаюымен ерекшелетін әлемдік білім беру орталықтарын шетелдік тәжірибелерін қарастыру, біздің зерттеу жұмысымызда ерекше қызығушылық тудырады, себебі, оны зерделеу арқылы студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың даму тетіктері мен формаларын, дамытудың құқықтық негіздерін салыстырмалы талдау арқылы академиялық ұтқырлық бойынша отандық білім беру сапасын арттыра аламыз.

Материалдар мен әдістер

Мақалада студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың шетелдік және отандық тәжірибесін анықтау мақсатында ретроспективті, жүйелік, ұғымдық-терминологиялық талдау, тарихи-аналитикалық әдіс, синтез, индукция, дедукция, нақтылау, салыстыру, модельдеу, қорыту теориялық әдістері, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, саралау эмпирикалық әдістері, шетелдік университеттердің, академиялық ұтқырлық ұйымдарының мәліметтері бойынша web-сайттарын тікелей қазақ тіліне аудару, талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың озық шетелдік тәжірибесі ретінде Германия, Қытай, АҚШ, Жапония, Австралия және т.б. мемлекеттері таңдалынып алынды.

Германияның тәжірибесін қарастыратын болсақ, онда студенттердің академиялық ұтқырлығы XIV ғасырда алғашқы университеттердің құрылуымен байланысты және 20 ғасырға дейін кең таралған құбылыс болмады. XIV ғ. – XX ортасына дейінгі – студенттердің академиялық ұтқырлығының пайда болу кезеңі. Екінші кезеңде (20 ғасырдың ортасы – 1980 жж.), DAAD бағдарламасы арқылы ішкі академиялық ұтқырлық өсуі байқалды. Үшінші кезең, 1980 жылдан қазіргі кезге дейін, Германияда екі жақты (ішкі және сыртқы) Болон декларациясына қол қою Германия мен оған қатысушы елдердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы айтарлықтай дамуына әсер етті. Германияның білім заңында академиялық ұтқырлықты дамытудың нормативтік-құқықтық базасы үш деңгейде ұсынылады: халықаралық, аймақтық және институционалдық. Академиялық ұтқырлық ұғымын анықтаудың түрлі тәсілдерін зерттей келе, шетелдік білім беру жүйесінде халықаралық академиялық ұтқырлық (international academic mobility), трансұлттық немесе транс шекаралық ұтқырлық (transnational/cross-border mobility) немесе Эразмус бағдарламаларының негізінде жіктеледі деген қорытындыға келдік. Неміс педагогикасында академиялық ұтқырлықтың әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз ету бойынша зерттеулер орын алуда. Германия қазіргі таңда ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы теңдестірілген елдің үлгісі. Британ Кеңесінің болжамдары негізінде халықаралық студенттік ұтқырлық бойынша АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Германия мен Канада 2025 жылға қарай бойынша көшбасшылықты жалғастырады.

Ресейде ішкі халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша жетекші позицияға ТМД елдері, сыртқы халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша – Қытай, Вьетнам және Моңғолия елдері кіреді.

Бүгінде ішкі халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша көшбасшылар – АҚШ, сыртқы халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша – Қытай. Сонымен қатар қабылдаушы елдердің көшбасшылары ағылшын тілінде сөйлейтін елдер (АҚШ және Ұлыбритания) болуда. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына магистратура деңгейіндегі студенттер көбірек қатысуда [3].

Соңғы онжылдықта академиялық ұтқырлықтың ішкі және сыртқы көрсеткіштерінің өсу қарқынымен Қытай тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша, 2010 жылдан 2018 жылға дейін Қытайда оқитын шетелдік студенттердің саны шамамен 70 мыңнан 120 мың адамға дейін өсті, ал шетелдік университеттерде оқитын қытай студенттерінің саны -285 мыңнан 850 мың адамға дейін өсті, ал 1978 жылы бұл көрсеткіш тек 860 адамды құрады.

Академиялық ұтқырлықтың өсуіне байланысты, Қытай университеттері халықаралық рейтингтерге қарқынды енуде. Сонымен, в «QS World University Rankings» әлем университеттері рейтингісіне сәйкес 2018 жылғы Қытайдың 39 жоғары оқу орындары топ-600 жетекші қатарына кірді, себебі «QS World University» көрсеткішінің бір саласына студенттердің, профессор оқытушы құрамының академиялық ұтқырлығына байланысты есептеледі.

Академиялық ұтқырлықты дамытудың өзектілігі «Қытайда оқыту үдерісін 2020 жылға дейінгі жоспары», Ұлы Жібек жолы елдерінің «Бір белбеу – бір жол» халықаралық ынтымақтастық жобасында, Қытайдың ресми үкіметтік құжаттарында жарияланған.

Қытайдағы студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының дамуына тарихи (конфуций философиясы, алғашқы халықаралық оқу орындарын құру, реформалау); саяси (мемлекетті дамыту саясаты, мемлекеттің әлемдік экономикаға интеграциясы, жоғары білім беруді дамытудың басымдығы); экономикалық (елдің экономикалық әлеуетін дамыту, сапаны арттыру); педагогикалық (білім беру қызметін экономикалық өнім ретінде қарастыру, халықаралық ынтымақтастық, білім беруді интернационалдандыру) алғышарттар жатады.

Соңғы 10 жылдағы Қытай мемлекеті «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыра отырып, әлемнің басқа елдерінде білім берудің, саяси және мәдени құндылықтардың өзіндік моделін дамытуға ұмтылады. «Қытай көпірі» (Chinese Bridge Project) жобасын іске асыру арқылы қытай тілін шет тілі ретінде үйрену, қытай тілі оқытушыларын даярлау, шетелдік университеттерде Конфуций институттарын құру және олардың жұмыс істеуі сияқты бастамаларды қамтыды [4].

Мысалы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де Конфуций орталығы жұмыс атқарады. Орталықты қаржылық жағынан Қытай мемлекеті қамтамасыз етеді. Жұмыстың мақсаты – Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы саласындағы мәдени және ғылыми іс-шараларды, қытай тілі мен мәдениеті курстарын, HSK және HSKK қытай тілдерінде тестілеуді, Қытайда тағылымдамаларды ұйымдастыру арқылы Қазақстан мен Қытай арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайту.

АҚШ мемлекеті әлемдік жоғары білім беру жүйесінде академиялық ұтқырлық бойынша алдыңғы қатарда. Себебі, білім беру саясатына сай шетелдік студенттердің АҚШ-тың университеттерінде білім алуы, олардың санының өсуіне ақпараттық, қаржылық қолдау көрсетуде. Мысалы, «Education USA» (<https://educationusa.state.gov/>) атты шетелдік студенттерге арналған арнайы веб-сайт жабдықталып, онда басқа елдің білімгерлері үшін ұсынылып отырған АҚШ департаментінің арнайы академиялық ұтқырлық бағдарламалары (Opportunity Funds Program, Education USA Academy, MOOC Camp, Education USA Training, Institutes, Competitive College Clubs, NeXXt Scholars Initiative), оларға қол жеткізудің әрбір қадамдары толығымен көрсетілген, сайтта онлайн кеңесшілер кез келген әлемнің студенттің сұрағына жауап беруге дайын <https://educationusa.state.gov/us-higher-education-professionals/special-programs>.

АҚШ-тың ЖОО-да студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту келесі тұғырларға сәйкес жүргізіледі: «өмір бойы білім алу» (lifelong learning); студентке бағдарланған тұғыр (student-centered); тәжірибеге бағдарланған тұғыр (work-based learning); «ашық білім беру» (open education) тұғыры; кредиттік (credit-hour-based); модульдік (module-based)[5].

АҚШ сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша әлемде бірінші қатардағы елдердің бірі. Мысалы, АҚШ-тың Колумбия университетінің тәжірибесін талдау студенттерді осы университетке оқуға жіберетін негізгі елдер мен географиялық аумақтарды атауға мүмкіндік берді: Қытай (халықаралық студенттердің жалпы санының 18,3 %). Оңтүстік Корея (9,7 %), Канада (8,2 %), Үндістан (7,4 %), Франция (3,8 %), Африка (2,7 %), Еуропа (25,6 %), Азия (51,1 %), Латын Америкасы және Кариб бассейні елдері (8,1), Орта Шығыс (3,4%), Солтүстік Америка (7,7 %), Океания (1,5 %).

Оған қоса, АҚШ-та академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алған студенттердің санына жылдық статистика жүргізіледі.

Education USA (<https://educationusa.state.gov/>) веб сайтында соңғы 7 жылғы академиялық ұтқырлыққа қатысқан студенттердің статистикалық көрсеткіштері беріледі. Мысалы, 2020 Пакистан мемлекетінен келіп білім алған студенттердің саны 7939 болса, керісінше, АҚШ-тан Пакистанға барған

студенттердің саны 7. 2020 жылы Қазақстаннан Американың академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысқан студенттердің саны 2091 болса, АҚШ-тан Қазақстанға келіп білім алған студенттердің саны – 49. Мұндай мәліметтер әрбір ел бойынша көрсетілген, бұл ақпарат жалпы білім беру субъектілерінің таңдау жасауына ықпал ететін құнды ақпарат деп ойлаймыз.

Education USA (<https://educationusa.state.gov/>) веб сайты тек шетелдік студенттерге ғана арналмаған, онда АҚШ-тың студенттеріне басқа елдердің білім беру жүйесінің сонылығы мен ерекшеліктері, білім беру терминологиясы, тіпті ата-аналарға да қажетті ақпарат жүйеленген. Сонымен қатар, әрбір шетелдік мемлекеттің білім беру жүйесі туралы жалпы мағлұмат, жоғары білім беру жүйесінің құрылымы, бағалау жүйесі, және сол мемлекеттегі Education USA координаторларының электрондық поштасы, байланысу контактілері көрсетілген. Демек, берілген бір сайт арқылы ұйымдастырылған статистикалық мәліметтер, студентке қажетті ең маңызды ақпарат, академиялық ұтқырлықты дамытуға өзіндік үлесін қосатынын аңғарамыз.

NAFSA-ның (АҚШ–тың халықаралық білім беру ассоциациясы) соңғы талдауы көрсеткендей (<https://www.nafsa.org/>), американдық колледждер мен университеттерде оқитын шетелдік студенттердің білім алуы елдің экономикасының дамуына 38,7 миллиард доллар қаражат түсіріп, 2019-2020 оқу жылында АҚШ өндірісінде 415 996 адамды жұмыспен қамтамасыз еткен <https://www.nafsa.org/about/about-nafsa/mission-vision-values>.

АҚШ-тың университеттері оқыту, зерттеу жұмыстары бойынша әлемдік брендке айналғанын, шетелдік студенттерді тарту, білім туризміне айналып, елдің экономикасының, мәдени, әлеуметтік дамыту құралына айналған деп қорытындылай аламыз.

Академиялық ұтқырлықтың көптеген кедергілері болғанына қарамастан, мемлекеттер шетелдік студенттерді «жинау» үшін тартымды жағдайларды ұсынуға, әзірлеуге тырысады. Мысалы, Жапония жергілікті студенттердің тапшылығына сай, 2014 жылы шетелдік студенттерді тарту үшін үкімет қаржыландыратын Top Global University жобасын әзірледі. Бұл жобаның мақсаты 37 университетті шетелдік оқытушылар, зерттеушілер мен студенттер үшін зияткерлік орталықтарға айналдыру, онда білім алушылар дәреже мен білім алумен қатар жапон тілі курстарынан, компаниялардағы тағылымдамалардан өтеді, оқуды аяқтағаннан кейін жұмыс іздеуге және жұмыс визасына көмек алады [6].

Сингапурда, бизнес, басқарушылық өнер, медиа, туризм, ақпараттық технологиялар, биомедициналық ғылымдар мен инженерия бағытындағы халықаралық оқу бағдарламаларын ұсынатын 16 жетекші жоғары оқу

орындары шетелдік студенттерді тартады. Оларға INSEAD (Institut europeen d'Administration des affaires (2000)), the University of Chicago Booth School of business (2000), S. P. Jain center of Management (2006), The New York University'S Tisch School of the Arts (2007) [7] жатады.

Қазақстанның ЖОО – да академиялық ұтқырлық тәжірибесі

Болон үдерісіне енуден бастау алады. Соған сәйкес, әлемнің 48 елі, оның ішінде ҚР жоғары білімнің бірыңғай Еуропалық кеңістігін (ЖББЕК) құруды қабылдаған. Қазақстан, өз кезегінде, академиялық ұтқырлықтың ұлттық стратегиясында келесі мақсатты индикаторды көрсетеді: «2020 жылға қарай қазақстандық студенттердің жалпы контингентінен білім алушылардың 20% - ы сыртқы ұтқырлыққа қатысатын болады, бұл ЖББЕК-нің теңгерімді ұтқырлығына әкеледі» [8].

Академиялық ұтқырлықты дамыту және оны жүзеге асыруға нормативтік, ұйымдастырушылық алғышарттар ҚР білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (№ 1118 жарлығы, 07.12.2010) аясында дамыды.

Қазіргі өзгерістерге сәйкес, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (№ 988 қаулы, 27.12.2019) белгіленген. Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығын арттыру мақсатында өңірлік білім беру хабын құру және үздік жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмысын жалғастыру, сондай-ақ, қосдипломды бағдарламаларды, студенттердің сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын дамыту, қазақстандық университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының кампустарын ашу жоспарлануда.

2017–2018 жылдан бастап ҚР шетелдік университеттермен бірлесіп әзірленген қосдипломды білім беру бағдарламалары даярланып, олда өз кезегінде академиялық ұтқырлықтың дамуына әсер етуде. ҚР БЖҒ министрлігінің «Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық» орталығының статистикалық мәліметтеріне сай 2017–2018 жылы 619 қосдипломды білім беру бағдарламасы, 2018-2019 жылдары 572 біріккен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылған. Шетелдік серіктес ЖОО-дары ретінде Еуропа (125), Азия (47), Солтүстік Америка (8), ТМД (145) елдерімен халықаралық байланыс орнатылған [9].

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық» орталығының 2019 жылы жүргізген аналитикалық мәліметтері бойынша Қазақстанда сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына ҚР БЖҒМ мен бюджеттен тыс қаражат есебінен қатысқан білім алушылардың

жалпы саны 8 жылда 16 834 адамды құрады. Мысалы, 2019 жылы-2694 білім алушы студенттік ұтқырлыққа қатысты, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 247 адамға көп. ЖОО-ның сыртқы халықаралық ұтқырлықты қаржыландыру көздері білім алушылардың немесе ЖОО-ның қаражатын, серіктес ЖОО-мен баламалы алмасуды, қабылдаушы ЖОО-ның қаржысынан, түрлі халықаралық гранттық бағдарламаларды құрады.

Жыл сайын академиялық ұтқырлыққа қатысқан студенттердің санының 2011 жылдан бастап қарқынды ұлғайғанын, әсіресе 2016–2017–2018 жылдары университеттердің орнықты қозғалыс көрсеткенін, 2019 жылы 2694 студентке жеткенін, ал бұл өз кезегінде 2018 жылмен салыстырғанда 247-ге артық екенін аңғарамыз. Студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлығын қаржыландыру көзі студенттердің немесе университеттің қаражаты, серіктес ЖОО-мен баламалы айырбас, қабылдаушы университеттің қаражаты, әртүрлі халықаралық гранттық бағдарламалар арқылы жүзеге асуда.

2019 жылы студенттердің сыртқы академиялық ұтқырлығы бағдарламасын жүзеге асыру үшін бюджеттік қаражат есебінен ҚР Білім және ғылым министрлігі 44 жоғары оқу орнын анықтады (ұлттық – 5, халықаралық – 1, мемлекеттік – 25, акционерлік қоғам – 7, жеке меншік – 6). Бөлу жоспарына сәйкес орындардың жалпы саны 600 (тек бакалавриат) құрады, оның ішінде Еуропа – 500, АҚШ – 50, Оңтүстік-Шығыс Азия – 50. Бағдарламаны ҚР Білім және ғылым министрлігі есебінен іске асыруға арналған қаржыландыру көлемі – 646 011 000 теңге (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 17 қаңтардағы №18 бұйрығы).

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы ішкі шығыс ұтқырлығының көрсеткіші елеусіз (2019 ж. – 681, 2018 ж. – 637 студент). Оның ішінде бакалаврлар – 604, магистранттар – 68, докторанттар – 7, резидентура студенттері – 2.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларын елдегі 60-тан астам жоғары оқу орындары белсенді түрде жүзеге асырады (68 университет жіберуші ретінде 58 университет және алушы ретінде 58 университет). Мемлекеттік университеттер студенттердің жартысынан көбін ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жіберді – 1269 адам (57%).

Ішкі академиялық ұтқырлықты қаржыландырудың негізгі көзі студенттер мен университеттің қаражаты, ЖОО аралық алмасу және ЖОО гранттары арқылы жүзеге асады. Мысалы, 2019 жылы жүргізген аналитикалық мәліметтер бойынша ішкі академиялық ұтқырлыққа қатысқан студенттердің саны 2215, 2019 жылы 2338 студентке жеткенін аңғарамыз. Көбіне ішкі ұтқырлықты қаржыландыру көздеріне ЖОО аралық келісім (2018 ж. – 797 адам, 2019 ж. – 687 адам), студенттер қаражаты (2018 ж. –

862 адам, 2019 ж. – 1363 адам) университет қорлары (2018 ж. – 542 адам, 2019 ж. – 207 адам) арқылы жүзеге асады. Академиялық ұтқырлықтың статистикалық мәліметтерін талдаудан байқағанымыздай педагогикалық бағыттағы оқитын студенттердің сыртқы, яғни халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуы төмен, дегенмен ішкі яғни қазақстандық ЖОО-дар арасындағы көрсеткіштері басым. Ол өз кезегінде оны дамытудың жолдарын қарастыруды талап етеді.

Дегенмен, шетелдік студенттердің ішкі, яғни қазақстандық ЖОО-да академиялық ұтқырлыққа қатысуы сыртқы академиялық ұтқырлықпен салыстырған едәуір төмен. Мысалы, 2013 жылы – 444 студент, 2014 – 91, 2015 – 565, 2016 – 806, 2017 – 782, 2018 – 637, 2019 – 681 шетелдік білім алушы академиялық ұтқырлық ретінде Қазақстандық ЖОО-дарды таңдаған. Көбіне студенттер ТМД (1642), Еуропа (530), Азия (1618), АҚШ (216) мемлекеттерінен келіп оқыған. Әрине, Еуропа, АҚШ, Қытай мемлекеттерімен салыстырғанда, ҚР шетелдік студенттердің саны едәуір төмен. Яғни осы бағытта еліміздің университеттерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ағылшын тіліндегі курстардың енгізілуі, білім сапасын арттыруды қажет етеді.

ҚР Білім мен Ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстанды Орталық Азиядағы білім беру хабы ретінде қалыптастыру шеңберінде... ЖОО ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлейтін, сондай-ақ шетелдік әріптестермен екі дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыратын болады» деп белгіленген. Болон процесі орталығының мониторинг қорытындылары екі жыл серпінінде қос дипломды бағдарламалар көрсеткішінің (+140) өскенін көрсетті [10].

Қазіргі кездегі COVID-19 пандемиясына байланысты, көптеген мемлекеттер өздерінің халықаралық ұтқырлық пен байланыс стратегиясын қайта қарауда. Ұтқырлықтың қашықтықтан оқыту формасы қарқынды дамуда, дегенмен мәдени – тілдік ортаға бейімделу, басқа елдің ерекшеліктерін ішінен тануға мүмкіндік бермейді. Мысалы, *Австралияда* 2025 жылға дейін халықаралық білім беру ұлттық стратегиясы қабылданған. Бұл оқу, тағылымдамадан өту және зерттеу жүргізуге арналған стипендиялар мен гранттар бағдарламаларды көздейді. Ұлттық стратегияны қаржылық мемлекеттік қолдау – 4 жылға 12 млн. австралиялық доллар. Австралияда оқуға ниет білдірген шетелдік студенттерге студенттік виза иммиграция және шекараны қорғау департаменті процесі жеңілдетілген.

Ұлыбритания 2019 жылдың наурызында «Халықаралық білім беру: жаһандық әлеует, жаһандық өсу» стратегиясы қабылданды. Осыған сәйкес, 2030 жылға дейінгі екі стратегиялық мақсат белгіленген. Бұл білім беру

экспортының кірісін жылына 35 млрд. фунт стерлингке (2016 жылы – 11,9 млрд. фунт стерлинг) дейін ұлғайту. 2019 жылы университеттеріндегі шетелдік студенттердің көрсеткіші 55,7% құрады. Ұлыбританияның сыртқы академиялық ұтқырлықтың басым аймақтары: Еуропа, АҚШ, Австралия, Канада.

Канадада 2019-2024 жылдарға арналған білім беру саласындағы халықаралық стратегиясы қабылданды. Стратегияны қаржыландыру бес жылда 147,9 млн. АҚШ долл. құрайды. Канадаға студенттік визаны рәсімдеудің жаңа форматы қарастырылуда. Бұл автоматты түрде студенттік қалашықтан тыс жерде жұмыс істеуге рұқсат алу мүмкіндігін береді. Бұл ретте шетелдік студенттерді қабылдайтын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар күшейтілетін болады.

Жоғарыдағы көрсетілген мемлекеттердің тәжірибесіне ұқсас ҚР 2025 жылға дейінгі жоғары білімді интернационалдандыру стратегиясы қабылданды. ҚР 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары «білім беру хабын құру және білім беру қызметтерінің экспортын дамыту» бастамасын белгіледі. «Білім беруді жаһандық ортаға интеграциялау» міндеті қойылды. Екі негізгі индикатор қабылданды. Бұл жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі: 2021 – 6%; 2025 – 10%; 2050 – 20% және «Қазақстанның жоғары оқу орындарының саны кем дегенде 2 жалпы танымал халықаралық рейтингте болуы тиіс (top – 200 QS WUR, Top-500 THE, top – 500 ARWU): 2021 – 2; 2025 – 3; 2050 – 5».

Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқитын ҚР студенттерінің саны 2025 жылға қарай білім алушылардың жалпы контингентінің 1%-ын құрауы тиіс. Яғни осы стратегияға сәйкес, Қазақстанда студенттердің ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы жоғары білім беру жүйесінің интернационалдандыру саясатының басты индикаторы екені анықталды [11].

Қорытынды

Қорытындылай келе, әрбір мемлекеттің білім беру жүйесінің академиялық ұтқырлыққа өзіндік бағдарламалары, нормативтік құқықтық құжаттары, интернационализация саясаты, оны ұйымдастыру тұғырлары мен жетістіктері бар екенін аңғарамыз. Студенттердің академиялық ұтқырлығын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибе ретінде осы саладан озық көрсеткіштері бар Германия, АҚШ, Қытай, ҚР және т.б., мемлекеттердің дамуы мен саясаты қарастырылды, қол жеткізген жетістіктері талданды.

